

З. Күзекова, Б. Ақбұзауова

Қазақ тілі

ОРТАДАН ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙ. БІРІНШІ КЕЗЕҢ (B2.1)

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Астана, 2018

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Қаз-3
Қ 92

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды

Сарапшылар:

Э.Оразалиева – Назарбаев Университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы;

М.Жолшаева – Сүлейман Демирель атындағы университеттің профессоры, филология ғылымдарының докторы;

С.Әлісжан – Назарбаев Университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы.

3. Күзекова, Б. Ақбұзауова

Қазақ тілі: Ортадан жоғары деңгей. Бірінші кезең (B2.1): Оқу құралы. – Астана: 2018. – 146 бет.

ISBN 978-601-7820-30-5

Қ 92 Бұл оқу құралы қазақ тілін кешенді оқытудың жалғастырушы B2 деңгейіне арналған. Құралда қамтылған материал Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкес «Қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама» бойынша дайындалды.

Функционалдық грамматика негізінде жазылған оқу құралы тіл үйретудің осы деңгейіне сай жазу, оқу, тыңдау, сөйлеу дағдыларын жетілдіреді. Кітапта бейімделген және аутентті мәтіндердің арақатынасы сақталған. Тапсырмалар мен жаттығулардың мақсатты құрылуы тіл үйренушінің коммуникативтік, стратегиялық және дискурстық күзіретін қалыптастырады.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне және жоғары деңгейдегі барлық тіл үйренушілерге арналған.

ӘОЖ 811.512.122

КБЖ 81.2 Қаз-3

© Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, 2018

© 3. Күзекова, Б. Ақбұзауова, 2018

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ

5

ТАНЫСУ. ОТБАСЫ. ОҚУ. ЖҰМЫС

ЕКІНШІ БӨЛІМ

38

АДАМ. ПОРТРЕТ. МІНЕЗ.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

61

ЕЛДЕР. АДАМДАР. САПАРЛАР. САЯХАТТАР.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

82

ҚАЛАЛАР ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕСЕМІЗ.

БЕСІНШІ БӨЛІМ

105

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТ

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл оқу құралы қазақ тілін кешенді оқытудың ортадан жоғары B2 деңгейіне арналған.

Құрал «Танысу, отбасы, оқу, жұмыс»; «Адам, портрет, мінез»; «Елдер, адамдар, сапарлар, саяхаттар»; «Қалалар туралы әңгімелесеміз», «Қоғам және әлеумет» атты 5 модульге жинақталған сабақтардан тұрады. Әр модуль адамның өмірі мен әлеуметтік қызметіне қатысты тіл үйренушінің қажеттіліктерін өтейтін тақырыптар мен оларды меңгертетін тапсырмалар мен жаттығулардың тығыз сабақтастығына құрылған. Жаттығу жұмыстары деңгейге лайық іріктеліп алынған және қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренушілердің қажеттіліктерін өтейтін мақсатты тапсырмаларды қамтиды. Құралда сөйлеу әрекетіне қатысты үлгі жаттығулар, жазбаша жаттығуларға жалғасып, оқылым тапсырмаларымен бекітіледі. Барлық тапсырмалар мәтінді ғана емес, тақырып аясында сөйлеу, жазу, оқу, тыңдау және қатысым жасауды меңгертуге құрылған. Оқу құралы грамматикалық және коммуникативтік тапсырмалардың арақатынасын сақтай отырып құрастырылғандығымен ерекшеленеді. Бейімделген және аутентті мәтіндер қазақ тілінің шынайы өмірдегі қолданысы, мәдениеті туралы толыққанды білім береді. Оқу құралының тағы бір ұтымды жағы – оқу құралының бұрыннан таныс емес, жаңа, эмпирикалық білім, соны ақпарат беруі, оның білім берушілік, дамытушылық қызметі деп есептейміз. Оқу құралындағы көптеген сабақтар аудиторияларда сынақтан өтті.

Қорыта келгенде оқу құрал – өзі ұсынылып отырған контингенттің сұранысына сай, тіл үйренушінің лингвистикалық, әлеуметтік қатысымдық, стратегиялық, дискурстық құзіреттілігін қалыптастыра алатын көп жылғы тәжірибенің жемісі.

Осы оқу құралын ұсына отырып, оны пайдаланған тіл үйренушілер мен оқытушылардың, әдіскерлердің барлық ұсыныстары мен талап-тілектерін тыңдауға әрі ескеруге дайын екенімізді білдіреміз.

БІРІНШІ БӨЛІМ

Танысу. Отбасы. Оқу. Жұмыс.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАЛПЫ МЕҢГЕРУ МОДУЛІ

ГРАММАТИКА:

Жинақтау сан есімі

Қазақ тілі септіктер жүйесі

Кіріспе нұсқау.

Әр адамда өмірде көптеген кездесулер болады. Қызықты кездесулер өмірге сән береді, өмір қызығырақ, мәндірек болады. Тек қана таныса білу керек, бірінші қадам жасап, бірінші сөзді айту керек. Бұл да оңай емес. Әрбір ұжым, әрбір әлеуметтік топтың сөйлеу тәртібі бар, жағдаят кезіне қарай айтатын өз сөйлеу әдебі бар. Төменде танысу кезінде қолданатын сөйлеу әдебі берілген. Осы конструкциялармен таныса отырып, оларды талдаңыз. Олардың сөйлеудегі қолданысына назар аударыңыз.

Танысу кезінде қолданылатын сөйлеу әдебінің формалары

Қалай танысуға болады

Танысайық.
Таныс болайық.
Сізбен танысайық.
Менің сізбен танысқым келеді.
Танысуға рұқсат етіңізші. Менің атым...
Өзімді таныстырайын. Менің тегім ...
Кешіріңіз, атыңыз кім?
Сіздің есіміңіз кім?
Кешіріңіз, фамилияңыз қалай?
Кешіріңіз, сіздің фамилияңыз кім болады?
Ал сіздің фамилияңыз, тегіңіз?
Кешіріңіз, сіз кімсіз?
Кешіріңіз, мен кіммен сөйлесіп тұрмын?
Кешіріңіз, мен Жандоспен сөйлесіп тұрмын ба?

Қалай таныстыруға болады

Танысыңыздар ...
Таныс болыңыздар, бұл ...
Танысып қой, бұл ...
Танысыңыздар, бұл ...
Танысыңыз, бұл ...
Сізге таныстыруға рұқсат етіңіз.
Менің ... (ағаммен, менің сіңліммен) танысыңыз.
Менің ... (ата-анаммен, менің әріптестеріммен) танысыңыз.
Сізді ... (ата-анаммен, ағаммен, әпкеммен, ата-анаммен, әріптестеріммен) таныстыруға рұқсат етіңіз.
Сізбен ... (досымды, әйелімді, әріптестерімді, ата-анамды) таныстыруға рұқсат етіңіз.

Танысу кезінде қалай жауап беруге болады

- Қуаныштымын.
- Сізбен танысқаным қуаныштымын.
- Біз таныспыз.
- Сізбен танысқаным жақсы болды.
- Біз бұрын кездескенбіз.
- Сізді бір жерден көргенмін.
- Мен сізді білемін.
- Сіз мені таныдыңыз ба?
- Сіз мені танымадыңыз ба?
- Сіз туралы естігенмін.

1. Төменде берілген диалогтарды оқыңыз. Танысу кезіндегі сөздерге назар аударыңыз. Сұхбат мазмұнына қарап қай жерде болғанын анықтаңыз. Қонақтағы әңгіме. Көшедегі әңгіме. Емханадағы әңгіме. Телефондағы әңгіме. Студент жатақханасындағы әңгіме. Университеттегі үзіліс кезіндегі әңгіме.

1) Университетте үзіліс кезіндегі әңгіме.

– Сізбен лекцияда үнемі бірге отырамын, бірақ таныс емеспіз. Танысайық. Менің атым Дәурен. Сіздің ше?

- Мақпал.
- Қуаныштымын. Қай топта оқисыз?
- Төртінші. Ал сіз ше?
- Мен екінші топтанмын.



2) Студент жатақханасындағы әңгіме.

- Кешіріңіз, сіз де осы жатақханада тұрасыз
- Иә, мен мұнда бір жылдан бері тұрамын.
- Онда танысайық. Менің атым Ержан.
- Өте жақсы. Менің атым Нұрдәулет.

3) Қонақтағы әңгіме.

– Сіздер таныстыңыздар ма?
– Жоқ, әлі таныса қоймадық.
– Онда танысыңыздар. Мына кісі – Назым, менің әпкем. Ал мына кісі – Рахия, менің ең жақын досым.

4) Телефондағы әңгіме.

– Алло! Қайырлы кеш! Жандосты бола ма? Мүмкін болса, шақырыңызшы.
– Кешіріңіз, сұрап тұрған кім екен?
– Дәуренмін. Жандоспен бірге жұмыс істеймін.
– Дәурен? Хабарласқаның жақсы болды. Жандос сенің хабарласқаныңды күтіп отыр еді. Күте тұрыңыз, қазір келеді.

5) Емханадағы әңгіме (тіркеу бөлімінде дәрігерге жазылу).

- Менің карточкамды окулистка қойып қойыңыз.
- Фамилияңыз, тегіңіз кім?
- Серікбаев Ерқанат Ержанұлы.
- Туған жылыңыз?
- 1985 (мың тоғыз жүз сексен бес).
- Мекенжайыңыз?
- Алматы көшесі, 9 үй, 25 пәтер.

6) Көшедегі әңгіме (таныстардың көп жылдан кейін кездесуі).

- Жанатсың ба? Ой, соңғы рет қашан көрдім, есімде жоқ. Қанша уақыт өтті десеңші!
- Кешіріңіз, мен сізді есіме түсіре алмай тұрмын.
- Танымадың ба? Қалайша ұмытып қалдың? Мен соншама өзгеріп кеткенмін бе?
- Тұра тұр, тұра тұр. Айнаш емессің бе?

- Әрине, Айнашпын. Енді кім деп едің?
- Кездесу деп осыны айт. Қанша жыл өтті кездеспегенімізге?
- Жиырма жылдай-ау деймін. Одан көп болмаса, аз емес.

2. Сөйлеу әдептерін сақтай отырып, өз курстастарыңызбен танысыңыз, содан кейін оларды оқытушыға таныстырыңыз.

3. Төменде берілген жағдаяттарды рөлде орындаңыз.

- 1) а) досыңызды курстасыңызбен;
б) анаңызды жаңа досыңызбен;
в) қонақтарыңызды сыныптастарыңызбен;
г) досыңызды қарындасыңызбен таныстырыңыз.
- 2) а) жолда әңгімелескен кісімен;
б) конференцияда қасыңызда отырған қызбен;
в) сіздің танысыңыздың ата-анасымен;
г) қасыңыздағы жаспен;
д) көрші оқу тобындағы балалармен;
е) сіздің тақырыбыңызға жақын ғылыми мәселемен айналысатын әріптесіңізбен танысыңыз.

4. Сұхбат құрастырыңыз, мына сөйлемдерді пайдаланыңыз: Қандай күтпеген кездесу! Қаншама жылдар өтті! Кім екен десем!

5. Төменде берілген жағдаяттарды, танысу кезінде қажетті сөйлеу әдебін қолдана отырып, диалог құрастырыңыздар.

- 1) Студенттік кеште өзіңізге көптен ұнайтын қызбен танысуды шештіңіз. Сіздердің араңызда қандай әңгіме болады?
- 2) Сізді жаңа оқу тобына ауыстырды. Сіз болашақ курстасыңыздың біреуімен танысқыңыз келеді, одан сабақ кестесін білгіңіз келеді. Сіздердің араларыңызда қандай әңгіме болады?
- 3) Сіз теңізде демалуға пойызбен бара жатырсыз, купедесіз. Жолда бір станциядан бір кісі сіздің купеңізге отырды. Сіздердің араларыңызда қандай әңгіме болады?
- 4) Сіз кешке достарыңызды шақырдыңыз. Сіз сыныптасыңызбен бірге келдіңіз. Оны достарыңызбен қалай таныстырасыз?
- 5) Сіз құрбы қызыңызды ата-анаңызбен таныстыруға алып келдіңіз. Сізбен ата-анаңыздың арасында қандай әңгіме болады?
- 6) Университетті бітіргеннен кейін сізді мектепке қазақ тілінен сабақ беруге жіберді. Сіз болашақ әріптестеріңізбен қалай танысар едіңіз?

Танысайық!



Танысайық! Менің атым – Дәурен. Менің жасым отыз екіде. Мен Алматы қаласында дүниеге келдім. Осы тамаша қалада тұрып жатырмын. Жетіге толғанда мектепке бардым. Бала кезден физикаға қызықтым, сондықтан мектепті бітірген соң университетке физика факультетіне оқуға түстім. Он жыл бұрын мен университетті бітіріп, зауытқа зертханаға жұмыс істеуге келдім. Жұмыс маған сонша ұнаған жоқ. Сондықтан төрт жылдан кейін жұмыстан шығып, Ғылым академиясына жұмысқа тұрдым. Қазір де сонда жұмыс істеймін. Ғылыммен айналысу – менің өз қалауым, сондықтан жұмысыма разымын, кейін де оны айырбастамаймын.

Өткен жылы үйлендім. Әйелімнің аты – Диляра. Ол менен бес жас кіші. Диляра – дәрігер. Өткен жылы ол медицина университетін бітірді. Қазір балалар емханасында жұмыс істейді. Диляра өз жұмысын жақсы көреді, қызығушылықпен жұмыс істейді.

Бұрын мен ата-анаммен бірге тұрғанмын. Екі ай бұрын жаңа пәтерге көштік. Қазір біз бөлек тұрамыз, ата-анамызды ұмытпаймыз, жиі барып тұрамыз.

Менің әкемнің аты – Ғалымжан Бәзілұлы. Ол алпыс үшке келді. Шешемнің аты – Ләйлә Базарханқызы, елу сегіз жаста. Жас кездерінде менің әке-шешем Алматыға жақын шағын қалада тұрды. Олар сонда танысып, үйленген. Содан кейін олар Алматыға

көшіпті. Әкем үлкен емханада дәрігер болып жұмыс істейді. Ал шешем мектепте математикадан сабақ берді. Қазір олар зейнетте.

Менің ата-анамның үш баласы бар, мен, менің әпкем және інім. Менің әпкемнің аты – Рахия. Ол менен екі жас үлкен. Рахия лингвистикалық университетті бітірген. Қазір университетте ағылшын тілінен сабақ береді. Бірнеше жыл бұрын Рахия тұрмысқа шыққан. Оның екі баласы бар – бір ұлы, бір қызы.

Менің інімнің аты – Жеңіс. Ол менен үш жас кіші. Бес жыл бұрын Жеңіс медицина институтын бітірген. Содан бері республикалық кардиология орталығында хирург болып жұмыс істейді. Достары мен әріптестері інімнің өте жақсы маман екенін, оның болашағы жақсы екенін айтады. Жеңіс әлі үйленген жоқ, бірақ оның дос қызы бар.

Біздің отбасымыз өте тату. Біз жиі кездесеміз, жиі хабарласамыз, демалыс күндері ата-анамыздың үйіне жиналамыз.

6. Төменде берілген сөздердің мағынасын есіңізге сақтаңыз. Олардың тіркесімділік мүмкіндігіне, контексте қолданылу ерекшеліктеріне назар аударыңыз. Берілген сөздер мен сөз тіркесін жағдаяттар мен сөйлемдерде қолданыңыз.

- **Университетке түсу, оқуға түсу**

Өткен жылы менің інім экономика университетіне түсуге барды, бірақ оқуға түспеді. Оның екі балы жетпей қалды.

- **Жұмысқа орналасу**

- **Жұмыстан шығу**

Зауыттағы жұмыс маған ұнамады, сондықтан мен жұмыстан шығып кеттім. Жұмыстан шығып, Ғылым академиясына (жұмысқа) орналастым.

- **Кімге + үйлену**

- **Кімге + тұрмысқа шығу**

Менің інім төрт жылдан бергі таныс қызына үйленді.

Менің әпкем өзінің сыныптасына тұрмысқа шықты.

- **Үйленген. Тұрмыста**

- **Бойдақ, үйленбеген. Тұрмысқа шықпаған.**

Оның інісі әлі үйленбеген. Ол бойдақ, бірақ үш жылдан бері танитын қызына үйленбекші. Менің әпкем тұрмысқа шықпаған. Менің әпкемнің тұрмысқа шыққанына екі жыл болды. Ол әлдеқашан тұрмыста. Ол жақында ғана тұрмысқа шыққан.

- **(Басқа қалаға, пәтерге, жаңа үйге) көшу**

Қазақ ұлттық университетін бітіргеннен кейін мен Астанаға көштім. Екінші курстан кейін математика факультеті студенттерінің бәрі жаңа жатақханаға көшті.

- **(Ата-анасына, достарына, таныстарына, науқас адамға) барып тұру, барып жүру, барып шығу**

Соңғы кездері менің жұмысым көп, сондықтан ата-анама сирек барамын. Кеше он жыл бойы көрмеген досыма барып шықтым.

7. Келесі сөздер мен сөз тіркестерін және конструкцияларды есіңізге сақтаңыз. Олардың контексте қолданысына назар аударыңыз.

- Менің інім менен гөрі алғыр. (інім маған қарағанда алғырлау)
- Менің әпкем менен гөрі ұқыпты. (әпкем маған қарағанда ұқыптырақ)
- Менің інім менен екі жас кіші. Әпкем ағамнан бес жас үлкен.
- Демалыс күндері – әрбір демалыс
- Сенбіде – әрбір сенбі
- Жексенбі күндері – жексенбі сайын
- Дүйсенбіде, кешке, түнде


Әдетте, демалыс күндері қала сыртында тұратын ата-анама барамын. Кешке әпкем аэробикамен айналысады. Дүйсенбіде және сәрсенбіде біз итальян тілін оқимыз.

- Таныстардың, балалардың, достарымыздың екеуі (үшеуі, төртеуі, бесеуі, алтауы, жетеуі)
Менің достарымның үшеуі АҚШ-та оқиды. Балаларының екеуі қалада тұрады.

8. Мәтінді оқыңыз. Оқылымалды тапсырманы орындаңыз.

1) Сөздердің синонимін жазыңыз. Тұрақты тіркестерді табыңыз, мағынасын ашып талдаңыз: жұмыс бабы, іші жылу, көнекөз, амандығы түзу, қаймағы бұзылмаған қазақы ауыл, исі қазақ, дидарласу, базбіреу, сәлем – сөздің анасы, қыр көрсету, менмендік, сәлем түзелмей, әлем түзелмейді.

2) Мақалды аяқтаңыз. «Әр елдің салты басқа, »



Жұмыс бабымен көп жүреміз. Түрлі адамдармен кездесіп те жатамыз. Сондай сәтті күндердің бірінде таксиге отырғам. Жүргізушінің қалта телефоны шыр етті. Отыздардың шамасындағы жігіт тұтқаны құлағына тақай бере: «Ас саламу алейкум» деп жауап қатқанда, ішім жылып сала берді.


Амандасудың өзі адамгершілік пен әдептіліктің бір белгісі екені бесенеден белгілі. Сондықтан да болар, «Сәлем – сөздің анасы» дейді. Ақ сақалды ата мен ақ жаулықты ананы, жалпы үлкенді сыйлап, алдынан қия өтпейтін біздің халық сәлемдесуге ерекше мән берген. Көнекөз қариялардың айтуынша, кездескенде атты адам – жаяуға, жүріп келе жатқан жан – отырғанға, жасы кіші өзінен үлкенге сәлем беруі керек екен. Бұл – кішіпейілдіктің, ал кішіпейілділік кісіліктің көркі болса керек. Өкінішке қарай, соңғы кездері ұрпағымыз дұрыс сәлемдесуден қалып барады. Жастар жағы көбіне бір-бірімен иық қағыстырып, немесе жоғары көтерген қолдарын қағыстырып, кейде жай ғана «қалайсың?» деп жүре амандасады. Әсіресе, қалалықтар, бір аулада тұрып, күнде дидарласып жүргендердің өзі бір-бірімен кездескенде танымайтын адамдай өте шығады. Ал мына жігіттің амандығы түзу екен. Әңгімеге тарттым. – Қаймағы бұзылмаған қазақы ауылда өстік қой. Қалаға келгенімізге көп бола қойған жоқ, – деді өзін Жомарт деп таныстырған жүргізуші. – Сонда қанша жылдан бері қалада тұрасыз? – деймін ғой.

– Жеті жылға жуықтапты... Әрине, аз уақыт емес. Базбіреулер құсап қалаға тез арада үйреніп алып, заманауи жаргондарды жапсырмай, қанына сіңген қазақылығын, қарапайымдылығын сақтап қалған Жомартты тағы да «тергеуге» алдым. – Бұлайша сәлемдесуді біз үлкендерден үнемі еститінбіз. Енді, міне өзіміз де үлкейіп қалдық. Бізден көргенін кейбіреулер де қайталап жүр. Сөзінің жаны бар. Ойға қалдым. «Ас саламу алейкум» деген сөз «Алланың нұры жаусын!» деген мағынаны білдіреді. Ендеше, «Сізге де Алланың нұры жаусын!» деп немесе «Уа алейкум ас салам!» деп жауап қайтару қиын ба? Бала көргенін істейді.

Әлем елдеріндегі сәлемдесу рәсімдеріне тоқталсақ, олар әртүрлі. Мәселен, жаңзеландиялықтар сәлемдескен кезде мұрындарын тигізіп амандасса, жапондықтар бір-біріне иіліп сәлем береді екен. Ал қытайлықтарға – бас ию, үнді халқына екі алақанды түйістіріп, қолды маңдайға тигізу тән. Тибеттіктер болса, бір-бірін көргенде, тілдерін шығарып амандасатын көрінеді. «Әр елдің салты басқа». Әдеп пен адамшылық қасиеттердің дәл осы амандасудан бастау алатынын айттық. Демек, адамдар арасындағы қарым-қатынасты жалғастырар ең басты тілдік құрал – сәлемдесуге дұрыс көңіл бөлген абзал. Кездескен адамдар бір-бірінің амандығын біліп, бір-біріне амандық-саулық тілеп қана қоймай, «Қайырлы таң!», «Қайырлы күн!», «Қайырлы кеш!» деген тілек пен ізет білдіріп, ата-дәстүрді бұзбай, ақжарқын амандасса, қандай жарасымды!

(Астана ақшамы)

Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді



Сәлемдесу дегеніміз – достық пейіл мен құрмет білдіру әрекеті. Әрбір күн немесе әрбір әңгіме қашанда сәлемдесуден басталады. Біздің күнделікті өмірімізде мейлінше кең тараған осы бір ғұрып әдептілік сезімінің мол болуын талап етеді. Сонымен, қалай амандасу керек? Ең алдымен амандасатын адамның көзіне қараңыз. Адамдарға қыр көрсете немесе менмендікпен қарамай, достық пейілмен, жылы шыраймен қарауды әдетке айналдырыңыз. «Сәлеметсіз бе?», «сәлем бердік» немесе тәуліктің мезгіліне сәйкес, «қайырлы таң», «қайырлы күн», «қайырлы кеш» деген сөздер айтып амандасқан дұрыс. Сәлемдескенде сөзді анық, айқын және ешқашан дауыс көтермей, сабырсызданбай айту керек. Әдептілік қағидасы бойынша, қарсы келе жатқан адамға 3-4 қадам қалғанда амандасады.

Кімнің бірінші болып амандасуы керек? Әдетте, кіші адам жасы үлкенмен, еркек әйелмен, бағынышты адам бастығымен және жас бала ересекпен бірінші болып сәлемдеседі. Бойжеткен егде тартқан ер кісімен өзінің амандасқанын күтпестен, бірінші болып сәлемдесе, өте жақсы әсер қалдырады.

Кірген адам отырғандарға бірінші болып амандасады, ал кетіп бара жатқанда, қалушылармен бірінші болып қоштасады. Бұл әйел затына да қатысты. Үйге кірген әйел өзінің жұбайымен ең соңында амандасуы тиіс.

Қонаққа бара қалсаңыз, ең алдымен үй иесі әйелмен, сонан соң қожайынмен, тек содан кейін барып қана отырғандармен амандасыңыз. Қонақтармен жынысына, жасына да қарамай, олар қалай отырса, сол ретпен амандасуға болады.

Кіммен, қай жерде амандасу керек? Әдептілік әліппесі бойынша, өзіңіз таныстырылған адамдармен ғана амандасуыңыз керек. Дегенмен, өзіңіз сөйлесіп үлгермеген болсаңыз да, жұмысқа, сабаққа бара жатқанда, жолда, дүкенде немесе басқа ортада жиі кездестіретін адамдармен амандасқыныңыз абзал. Егер сіз ол адамдарды көшеде келе жатып, үйдің терезесінен немесе автокөліктен көріп қалсаңыз (терезеге немесе көлікке әдейі қарау мәдениетке жатпайды) да сәлемдесуіңіз қажет. Қоғамдық орындарға (кафеге, асханаға) кіріп келе жатқан таныс адаммен үнсіз амандасыңыз. Егер көп адамдар отырған үстелге жақындасаңыз, оларға тәулік мерзіміне сай келетін сөздермен сәлемдесуіңіз керек, үстеліңіздегі ең жақын көршіңізбен қол алысып амандасуға болады. Қол алысу әрқашанда достық пейілді білдіруі тиіс, бірақ екінші адамның қолын ауыртатындай қатты қысып, ұзақ жібермей ұстап және тым болбыр амандасу орынсыз екенін есте ұстаңыз. «Сәлем – сөздің анасы», «Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді» дейді дана қазақ. Ендеше, әлеміңізді түзегіңіз келсе, асыл сөздің анасы – «сәлеміңіз» қашанда түзу болсын!

(<https://massaget.kz/kyizdarga/psihologiya/1943>)

3) Екеуіндегі ортақ пікірді өз сөзіңізбен жазыңыз: журналшы пікірімен келісесіз бе, сіздің пікіріңіз қандай? Қалай сәлемдескенді дұрыс көресіз? Өз пікіріңізді дәлелмен жазыңыз.

4) https://massaget.kz/jigitterge/syin_sagatta/eger/40300/ сілтемесіне кіріп, оқыңыз.

- 1) Ер балалар өзіңізге ұқсаған нұсқаларды айтыңыз, неге ұнағанын жазыңыз.
- 2) Қыз балалар өзіңізге ұнамаған нұсқаларды айтыңыз, жауабыңызды жазыңыз.
- 3) Өз тарапыңыздан пікір қосыңыз.

ЖИНАҚТАУ САН ЕСІМІ

Жинақтық сан есім II және III жақ тәуелдік жалғауынан кейін септік жалғауын қабылдап барып, жиі қолданысқа түседі: *екеуі, үшеуі, екеуінің, үшеуіне, төртеуін, төртеуінде, бесеуінен, алтауымен; біреуің, біреуіңнің, біреуіне, үшеуінде, үшеуін, үшеуінен, үшеуімен.*

8. Өзіңіз туралы және отбасыңыз туралы айтыңыз. Мәтін материалын пайдаланыңыз, сондай-ақ төменде берілген жоспарды пайдаланыңыз.

1. Сіз кім боласыз? (Фамилияңыз, атыңыз кім?)
2. Қайдан (қай аймақтан, қай елден) келдіңіз?
3. Қанша жастасыз?
4. Қай жылы, қайда дүниеге келдіңіз?
5. Мектепке барғанда қанша жаста едіңіз?
6. Мектепті бітіргеннен кейін жұмыс істедіңіз бе?
7. Отбасыңыз үлкен бе?
8. Әке-шешеніңіздің аты кім?
9. Олар қанша жаста?
11. Олар қайда, қашан танысты?
12. Олар қай жылы үйленді?
13. Қайда және кім болып жұмыс істейді?
14. Әпке, ініңіз бар ма?
15. Олардың аты кім?
16. Олар қанша жаста?
17. Олар қайда оқиды (жұмыс істейді)?
18. Олар үйленген бе, тұрмыста ма?
19. Олардың балалары бар ма?
19. Ата-аналарыңызды, іні-қарындастарыңызды жиі көріп тұрасыздар ма?
20. Оларға жиі хабарласып тұрасыздар ма?

9. Әңгімеге қатысыңыз. Әңгімелесушіден мыналарды біліңіз: Оның отбасы қандай? Ол қайда тұрады? Оның әкесінің, шешесінің, інісінің, әпкесінің аты кім? Олар қанша жаста? Оның ата-анасы қайда тұрады? Оның әпкесі немесе інісі қайда оқиды немесе жұмыс істейді? Кіші інісі мен сіңлісі кім болғысы келеді? Бос уақытында олар не істегісі келеді? Олар немен айналысады? Неге қызығады?

10. Төменде берілген диалогты оқыңыздар. Осы диалогты негізге ала отырып, осыған ұқсас тақырыптармен өз нұсқаларыңызды ұсыныңыздар.

1. Екі құрбының әңгімесі.

- Назым, мен Айнаштың тұрмысқа шыққанын естідім. Шын ба?
- Иә. Меніңше, ол осыдан екі жыл бұрын тұрмысқа шыққан.
- Кімге шығып еді?
- Нақты білмеймін. Меніңше, өзінің курстасына шыққан сияқты.

2. Екі курстас студенттің әңгімесі.

- Санжар, сені үйленді дейді ғой. Шын ба?
- Жоқ әлі... бірақ үйленейін деп жүрмін.
- Егер құпия болмаса, кімге үйленейін деп жатырсың?
- Мұнда қандай құпия болуы мүмкін! Өзімнің сыныптасыма. Сен оны мүмкін білмейсің.

3. Баяғыдан дос екі құрбының әңгімесі.

- Нұрғұл, біз бір-бірімізді көптен бері көрген жоқпыз.
- Иә, бес алты жыл болды-ау деймін. Университет бітіргелі кездескен жоқпыз. Уақыт қалай жылдам өтіп жатыр десеңші.
- Өзің қалай өмір сүріп жатырсың? Тұрмысқа шықтың ба?
- Иә, тұрмысқа шыққанмын.
- Кімге тұрмысқа шықтың? Мен білемін бе?
- Жоқ сен білмейсің. Ол менімен бірге Ғылым академиясында жұмыс істейді.
- Мені таныстырасың деп ойлаймын.
- Әрине, таныстырамын.

11. Мәтінді оқып, тақырып қойыңыз.



Мен әдеттегідей үйленген жоқпын, деп бастады әңгімесін Борис. Мен Әскерде қызмет еттім. Бірде демалыс алып, үйге келдім. Пойызда әдемі қызбен таныстым. Ол өзін Нинамын деп таныстырды, кітапханада жұмыс істейтінін айтты. Қыз маған ұнады, хат жазысып тұруды ұсындым. Нинадан үзбей хат алып тұрдым, қызыға оқыдым. Әрбір жаңа хат сайын маған Нинаның жақын бола бастағанын, жақындай бергенін сездім. Менің оны көргім келді, сондықтан оған демалыс алып баратынымды айттым. Бірнеше күн өтті, бірақ мен Нинадан жауап ала

алмадым. Мен уайымдай бастадым да оған тағы екі хат жаздым. Тағы да жауап болмады. Содан соң, мен Нинаның рұқсатынсыз Нинаға барып келуді шештім.

Нина ежелгі орыс қаласы Владимирде тұратын. Онда кеш бардым, қонақ үйге тоқтадым, таңертең Нина жұмыс істейтін қалалық кітапханаға баруды шештім.

Кітапханаға кіріп бара жатып, қартаң әйелді көрдім. Мен одан:

- Маған Нина Ивановна керек еді. Менің онымен сөйлескім келеді. Мүмкін бола ма екен!
- Мен сізді тыңдап тұрмын. Мен Нина Ивановнамын.

Алғашқы минутта мен не айтарымды білмей, оған таңдана қарадым.

- Сіз Нина Ивановнасыз ба? Кешіріңіз. Мен мүмкін қателескен болармын, – деп шығуға бет алдым.

– Бір минут тоқтай тұрыңызшы, – деді қартаң кісі. – Мүмкін сіз Нинаны көргіңіз келген шығар. Білесіз бе, оны да Нина Ивановна деп атайды. Біз бірақ оны жай Нина деп атаймыз. Ол өте жас қой. Қазір шақырайын. Газет, журнал көре тұрсаңыз болады.

Мен креслоға отырып, бір журналды алып, оқи бастадым. Бірнеше минуттан соң, маған бір қыз келіп:

– Жас жігіт, сіз маған келіп тұрсыз ба?

Мен оны танымадым: «Нина? – деп ойландым, – Жоқ бұл Нина емес. Нинаның шашы ақ сары, көзі көк болатын, ал мына қыздың шашы да, көзі де қара».

– Сіз мені сұрадыңыз ба? – дегенді естідім.

– Иә, иә, сұрадым. Мен Бориспін. Сіз менің хаттарымды алдыңыз ба?

– Алдым, бірақ ... Біздің сөйлесуіміз керек деп ойлаймын. Бір минутқа тоқтай тұрыңызшы, мен қазір ...

Бірнеше минуттан соң, біз кітапханадан шығып, қаланы аралауға кеттік. Нина маған адресін алған қыздың аты Зоя екенін, ол менің құрбым, – деп қыз әңгімесін айта бастады. «Сіз онымен танысқанда, адресін сұрағанда, қалжыңдап, менің адресімді берген екен. Зоя осы туралы айтқанда, мен қатты ренжіген едім. Ол кешірім сұрады. Зоя сіздің оған ұнап қалғаныңызды да айтты. Ол сізді жақсы, сүйкімді, салмақты жас жігіт деп ойлайды. Содан соң мен сіздің алғашқы хатыңызды алдым. Хатыңыз маған ұнады. Бірнеше күннен кейін екінші хатыңыз келді. Содан соң, сізден күнде десе де болады, хат келе бастады. Әрі қарай не болғанын өзіңіз білесіз, – деп, әңгімесін аяқтады Нина. Мені кешіріңіз, егер кешіре алсаңыз».

12. Мәтін материалын пайдалана отырып, төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіздер. Оларды сөйлеуде, жағдаяттарда пайдаланыңыз.

- хат жазысу (*кіммен?*)
- уайымдау (*не үшін / кім үшін? Қандай себеппен?*)
- қателесу
- ашулану (*кімге?*)
- тоқтау (*қайда?*)
- ұнау / ұнап қалу (*кімге?*)
- ұсыну (*нені? кімге?*)
- хабарлау (*не туралы? кімге?*)
- қызығушылықпен оқу, тыңдау, айту, көру (*нені?*)
- таңданыспен қарау (*кімге?*)

13. Мәтінге оқиға дамуының динамикасын білдіретін жоспар құрыңыз. Мәтін мазмұнын жеткізуге көмектесетін сөздер мен сөз тіркесін жазыңыз.

14. Мәтін сюжетін әңгімелеңіз. Оның соңын өзіңіз ойлап табыңыз. Әңгіменің кейіпкерлерін көз алдыңызға қалай елестетесіз, айтыңыз. (Олар кімдер? Қанша жаста? Олар қандай деп ойлайсыз? Мінездері қандай? Олар қайда тұрады? Қайда және кім болып жұмыс істейді? Олар таныстығын жалғастырады деп ойлайсыз ба? Олардың бір-біріне үйленуі мүмкін бе? Олардың әрі қарайғы тағдыры қандай болуы мүмкін?)

15. Төменде ғалым-психолог жазған мәтінді оқыңыз. Мәтінде қаралған мәселелер бойынша өз пікіріңізді айтыңыз. Автордың пікіріне келісесіздер ме? Мәтінде, сіздіңше, даулы немесе күдік тудыратын ақпарат бар ма?



Бәрі де отбасыдан басталады

Баланың қалыптасуына әкесі мен шешесі беретін тәрбие, олардың қарым-қатысы үлкен әсер етеді. Психологтардың мәліметі бойынша қалыпты отбасыдағы ата-анамен жақсы қарым-қатынас тәртібі жүз пайыз кепілдеме береді екен. Психологтардың пікірінше, бұл нормадан ауытқымайды. Ата-анамен нашар қарым-қатынас осы кепілдемені 75 пайызға дейін қалыпты отбасыда төмендетеді, қалыпты емес отбасыда 10 пайызға дейін төмендетеді.

Үш-төрт жастағы балалардың отбасының ажырасуына жылаумен, ұйқысының бұзылуымен, үркектігімен, ізденгіштігінің, зейінінің төмендеуімен байқатады. Олар агрессивті жануарлар мен заттар мекен ететін ойдағы әлемін құрай отырып, өздерінің ойыншықтарымен болып кетеді. Бес-алты жастағы балалардан, әсіресе, қыз балалар қатты уайымдайды. Ата-аналарының ажырасуынан мектепке дейінгі балалардың 45 пайызының тәртібінде ауытқушылық байқалады, 13

пайыз балалардың тәртібінің ауытқуы жеті-сегіз жастағы балаларда, 24 пайыз тоғыз-он екі жастағы балаларда анықталады.

Адамдардың ойлануы керек сияқты. Жақсы қарым-қатыс болмаса, дүниеге бала әкелуге бола ма, болмай ма?

Енді мына жағдаятқа қарайық, ата-ананың бірі отбасының қалыпты жағдайын бұзбай-ақ қайтыс болып, отбасын қалдырып кетті делік. Статистикалық мәліметтерге қарасақ, әкесіз балалардың көпшілігі физиктер болып келеді екен. Оларға ойлаудың оңтайлылығы, ізденгіштік, объективтілік, шыдамдылық, шындық, сенбеушілік тән.

Кәдімгі отбасыларда интеллектуалдық тұрғыдан данышпандар көбіне тұңғыш баладан шығады екен. Шығармашылық көбіне бірінші балаға тән.

Шығармашылық жағынан дарынды адамдардың ата-аналары музыкалық аспаптарда жиі ойнаған, көркем әдебиеттерді, ғылыми көпшілікке арналған шығармаларды оқуға көп мән берген. Отбасылық концерттер – бәрі де бала үшін үлкен шығармашылық негіз болып табылады.

Бірқалыпты мінез, дамыған интеллект қалыптасуы үшін отбасылық жақсы ережелер, дәстүрлер, эмоциялық тұрақтылық, пікір еркіндігі, өзара сыйластық болуы қажет.

(Г. Воробьевтен)

Түсініктеме

- нормадан ауытқу (неден ауытқу?) – нормадан жылжып кету
- ажырасу – бөлініп кету; бірге өмір сүруін тоқтату (бір тұтастықтың бөлінуі)
- ұйқының бұзылуы – ұйықтай алмау
- үркектік – қорқақтыққа бейім
- ізденгіштік – жаңа білім алуға бейім
- мұқияттылық – ұқыптылыққа, тазалыққа бейім
- уайымдау – бір нәрсеге күйзелу, бір нәрсеге байланысты алаңдау

16. Сіздің көзқарасыңызша, баланың толыққанды дамуына әсер ететін факторларды атаңыз. Олардың маңыздылығын деңгейі бойынша атап шығыңыз. Сіз бала тәрбиесіндегі ең бастысы ата-ана үлгісі деп санайсыз ба?

17. Сіз білесіз бе, көптеген елдердегі типтік фактінің бірі – көп балалы отбасының болуы. Осы құбылыс сіздің елде қаншалықты өзекті? Көп балалы отбасы мәселесіне сіз қалай қарайсыз? Сіздің көзқарасыңызша, отбасы қандай болуы керек?

18. Сөздер мен сөз тіркесін оқыңыздар. Мағыналарын сөздіктен анықтаңыздар.

Білім берудің ұлттық жүйесі, білімге қол жетімділік, білімнің зайырлы сипаты, сабақтастық және толассыздық, жалпы білім беру мектебіндегі реформа, отбасылық және қоғамдық тәрбиедегі өзара байланыс және өзара әрекет, жеке тұлғаны рухани, моральдік, физикалық жетілдіру, білім берудің әлемдік деңгейіне бағдарлау, жоғары білім берудің көп деңгейлі жүйесі, гуманизм, жалпы адамзат құндылығының басымдығы, кадрларды қайта даярлау, мектепке дейінгі мекеме, экология.

19. Төменде берілген етістіктермен және оң жақта берілген сөздермен сөз тіркестерін құрастырыңыздар.

Заң, конституция, нормативтік-құқықтық құжаттар, бағдарлама, қаулы, шешім, кеңес, ұсыныс	<i>Қабылдау</i>
Ішкі және сыртқы саясат, арман, тілек	<i>Жүзеге асыру</i>
Факті, ұстаным, заңдар, әдістер, нәтиже	<i>Негіздеу</i>
Мүмкіндік (ненің?) кеңейту, білім беру жолдары	<i>Қарастыру</i>

20. Төменде берілген сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлеңіздер.

Ғылыми және ғылыми педагогикалық кадрларды дайындау; кәсіби деңгейін көтеру; оқу түрін таңдауға жағдай жасау; әлемдегі дамыған елдердің тәжірибесі мен жетістігін пайдалану; адамдардың ар ұждан бостандығы мен діни наным сенімдерін қорғау; мемлекеттік оқу мекемелеріндегі тәрбие мен оқытуды қамтамасыз ету; таланттарды қолдау; ұлттық сананың қалыптасуы мен нығаюы; міндетті онжылдық білім беруді енгізу; жоғары мектепті реформалау; академиялық бакалавр, магистр дәрежесін алу.



ТЫҢДАЛЫМАЛДЫ ТАПСЫРМАЛАР

21. а) Синоним сөздерді жазыңыз.

дерт, жатырқамау, ештеңеден қақпау, айтқанын екі етпеу, өз құлағы мен көзіне өзі сенбеу.

б) Тыңдаңыз, тест тапсырмаларын орындаңыз.

Ертеде патшаның екі қызы болыпты. Патша екі қызын да жақсы көріп, қолынан келгенше оларды ештеңеден қақпай, қалағандарын жасап, айтқандарын екі етпеуге тырысады екен. Дегенмен де, екі қыз өсе келе мінездері өзгере бастапты. Бір күні білімді бір адам патшаға қонаққа келіпті. Патшаның қайғылы түрін көріп, себебін сұрапты. Патша: «Е-е-е... сұрама, күлмейтін бір қызым бар, дертін ешкім білмейді» – дейді. «Патшам, рұқсат етсең, сарайыңызға қонақ болайын. Мүмкін қызыңыздың қайғысының себебін табармын», – дейді жолаушы. Патша қуана рұқсат етіпті.

Сол күннен бастап саяхатшы екі қызды патша рұқсатымен жасырын аңди бастапты. Қараса екеуі түнде жатар алдында жастықтарының астынан бір дәптер шығарып, бір нәрселер жазып, таңертең жазғандарын оқып, орындарынан тұрады екен. Саяхатшы бір күні қыздар ұйықтағаннан кейін дәптерлерін алып оқыса, кіші қыз өзіне жасалған жақсылықтарды, ал үлкен қыз тек болмашы әділетсіздіктерді жазыпты.

Ертеңінде саяхатшы кіші қыздан рұқсат алып, оның дәптерін үлкен қыздың жастығының астына қояды. Таң атысымен патшаның үлкен қызы жастық астынан дәптерді алып оқыпты. Сарайдағылар екеуіне де бірдей қарағандықтан ол дәптерде жазылғандарды жатырқамапты. Өзіне жасалған жақсылықтар есіне түсісімен жүзі жадырап, қуанғаннан ән сала бастапты. Патша үлкен қызының қуанғанын көріп, өз құлағы мен көзіне өзі сенбепті. Бірден саяхатшыны шақырып, бұны қалай жүзеге асырғанын сұрапты. Саяхатшы: «Патшам, өмір айна сияқты. Оның жақсы жақтарын ойласақ, бізге әдемі көрінер. Сіздің үлкен қызыңыз өмірінің жаман жақтарын ойлағаны үшін бақытсыз болған», – деп жауап береді. Патша үлкен қызын шақырып, оған енді дәптеріне тек жақсылықтарды ғана жазуға кеңес беріпті.

Сол күннен бастап, патшаның екі қызы да бақытты өмір сүріпті.

Дереккөз: balalaralemi.kz

1. Патшаның екі қызы өсе келе қалай өзгереді?

- A) сұлулана түсті
- B) мінездері өзгерді
- C) ақылдырақ болды
- D) дене бітімі өзгерді

2. Патша үйіне келген білімді адамға өз қайғысы туралы не айтты? «Е-е-е... сұрама, ... бір қызым бар,» – дейді.

- A) сөйлемейтін
- B) ұйықтамайтын
- C) жыламайтын
- D) күлмейтін

3. Білімді адам патшаға қандай ұсыныс жасады?

- A) сарайға тұрайын, қызыңызды аңдиын
- B) сарайда қалайын, қызыңызбен сөйлесейін
- C) сарайда қонақ болайын, қайғысының себебін табайын
- D) сарайда қонақ болайын, қызыңызға құда түсейін

4. Саяхатшы қыздарды аңдығанда не көрді?

- A) қыздар жатарда дәптерлерін басына жастайды
- B) қыздар жатарда дәптерлеріне жазу жазады
- C) қыздар жатарда дәптерлерін оқиды
- D) қыздар жатарда дәптерлерін ауыстырады

5. Кіші қыз дәптеріне не жазады екен?

- A) әділетсіздіктерді
- B) жақсылықтарды
- C) жақсылықтар мен әділетсіздіктерді
- D) ештеме жазбайды

6. Үлкен қыз кіші қыздың дәптерінде жазылғандарды неге жатырқамады?

- A) менің дәптерім деп ойлады
- B) өзінің жазғандарына ұқсады
- C) сарайдағылар оларға бірдей қарайтын
- D) сарайдағылар маған да осылай қараса деп ойлады

7. Білімді адамның айтуынша патшаның үлкен қызын қуандырған не нәрсе?

- A) патшаның қызы болғаны
- B) сіңілісінің болғаны
- C) өмірдегі жақсылықтар
- D) өмірдегі әділетсіздіктер

БІЛІМ БЕРУ

22. а) Сөздерді екі топқа жіктеп жазыңыз. Орта және жоғары білім. Екеуіне де қатысты сөздер кездесе оны әмбебап сөздерге жазыңыз. Әрқайсысымен сөз тіркесін құраңыз. Білім беру ісіне қатысты қандай сөздерді қосар едіңіз?

- міндетті
- элективті
- негізгі оқу жоспары
- мамандандырылған
- автономды
- орта және жоғары білім
- сабақ кестесі
- лицей
- гимназия
- мүмкіндіктер
- өту
- оқу жоспары
- оқу бағдарламасы
- мотивация (уәж)
- ақыл-ой
- емтихандар
- сынақ
- пәндер
- толық
- оқытушы
- сынақтар
- тапсырма

ә) Берілген сөйлемдердің мазмұны бойынша, салыстырып жазыңыз.

*Үлгі: Ұлыбританияда мектептер жекеменшік және мемлекеттік болып бөлінеді.
Қазақстанда да мектептер жекеменшік және мемлекеттік болып бөлінеді.*

- 1) Ұлыбританияда мемлекет жекеменшік мектептерді бақыламайды.
_____.
- 2) Қазақстанда білім беру міндетті және Конституцияда бекітілген.
_____.
- 3) Ұлыбританияда білім беру 3 сатыдан тұрады: бастауыш, орта, және жалғастырушы.
_____.
- 4) Британиядағы балалар мектепте 5 жас пен 16 жас аралығында оқуға міндетті.
_____.
- 5) «Грамматика мектептерінде» академиялық сабақтарға бейімі бар балалар оқиды.
_____.
- 6) Мектептен соң жасөспірімдер білімін жетілдіру үшін одан әрі қарай колледждерде оқи алады.
_____.

Егер және -ca/-ce формасын пайдаланып салыстыру

б) Жоғарыдағы үлгіні пайдаланып, салыстырып жазыңыз.

*Егер Британия мектептерінде _____ ca/ce,
ал Қазақстан мектептерінде _____.*

Балалар 5 жасында мектепке барады
_____.

Бастауыш мектеп екі бөлікке бөлінеді: балалар мен жасөспірімдер
_____.

Балалар бастауыш мектепті 11-12 жасында аяқтайды
_____.

Оқушылар бірінші сыныпқа 5 жаста келеді
_____.

Оқушылар 16 жасында орта мектепті бітіреді
_____.

Оқушылар GCSE емтиханын 16 жастан бастап тапсырады
_____.

в) Топпен шағын сұхбат құрыңыздар.

Назарбаев университетінің мектептерінде сіздерге ұсынылған таңдау курстары ұнай ма? Жеткілікті ме? Қандай курстарды оқығыңыз келеді? Төмендегі құрылымдарды пайдаланып сөйлеңіз:

– Өзімнің жеке пікірімді айтсам

– _____.

– Бұл мәселе туралы менің пікірім келесі

– _____

– Біріншіден, мысалы

– _____

– Екіншіден, Мысалы

– _____

– Соңында

– _____

– Қорытындылай келе,,,, мен айтқым келеді

– _____

– Тұжырымдап айтсақ ...

– _____

г) Талқылаймыз. Егер сізде таңдау мүмкіндігі болса, мектепте, жоғары оқу орнында оқу үшін сіз қай мемлекетті таңдар едіңіз. Өзіңіздің ең маңызды деген дәйектеріңізді (аргументтеріңізді) жазыңыз. Ең бірінші неге басымдық бересіз содан бастаңыз. Төмендегі дәйектемелерді пайдалануға болады.

Әр түрлі мектептердің болуы

Мектептегі сабақ уақытының ұзақтығы

Мектептің беделі

Оқытушылар

Сабақтан тыс уақыттағы дайындықтар

Мультимәдениет

Мектептегі тәртіп

Мектеп формасы

Пәндерді таңдау

Мемлекеттегі тұрмыс деңгейі

немесе басқа себептер

ғ) Орта білім беру міндетті болғаны дұрыс па, әлде қалауы бойынша оқыған дұрыс па? Сіздің пікіріңіз қандай?

д) 20 немесе 30 жыл бұрын Қазақстанда бүгінгідей болды ма? Өзгерді ме? Бүгінгі мектептер жақсы немесе нашар ма? Пікір білдіріңіз, дәлелдеңіз.

23. Егер сіз басқа елден келіп оқып жүрсеңіз (Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Қытай, Моңғолия, Жапония т.б.) өз еліңіздің білім беру жүйесі туралы әңгімелеңіз. Әңгімеңізде келесі сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз.

1) Сіздің елде мектептің қандай түрлері бар?

2) Қандай білім сіздің елде міндетті болып саналады?

3) Балалар, әдетте, қай жаста мектепке барады?

4) Қай жаста балалар мектепті бітіреді?

5) Мектепте қанша жыл оқиды?

6) Сіздің елде бағалаудың қандай жүйесі енгізілген?

7) Каникул жылына неше рет болады?

8) Сіздің елде мектепті бітіру кеші бола ма?

9) Мектепті бітірушілер оқуға әдетте қайда барады?

10) Сіздің елдің қай оқу орны ең беделді? Сіздің елде техникумдар бар ма? Сіздерде техникумға түсерде, жоғары оқу орындарына түсерде оқуға түсу емтихандарын тапсыра ма?

24. Өзіңіз білетін басқа елдің білім беру жүйесі мен Қазақстан білім беру жүйесін салыстырыңыз. Әңгімеде төменде берілген салыстыру конструкциясын пайдаланыңыз.

ұқсайды (<i>кімге? неге? не?</i>)	сол сияқты ..., тәрізді, тәріздес
сондай	одан айырмашылығы
дәл сондай	көп айырмашылығы жоқ
ұқсас (<i>неге?</i>)	айырмашылығы
салыстырғанда	оған қарағанда

25. а) Мына факультеттер қандай мамандар даярлайтынын айтыңыз: тарих, философия, экономика, филология, геология, география, радиофизика, биология, химия, математика.

б) Сіздің танысыңыз аудармашы, дәрігер, филолог, архитектор, экономист, музыкант, дипломат, заңгер болғысы келсе, қай институтты (факультетті) бітіруі керек?

в) Сіз танысыңызға:

- хирург болғысы келсе;
- авиация зауытында инженер-конструктор болып жұмыс істегісі келсе;
- поэзиямен, әдебиетпен айналысқысы келсе;
- археологияға қызықса;
- театрда жұмыс істеуді армандаса, қай институтқа түсуге кеңес бересіз?

26. Өзіңіздің әңгімелесушіңізден сұраңыз: олар неге осы мамандықты таңдады?

27. Болашақ мамандығыңыз туралы әңгімелеңіз, оны таңдауға не әсер етті?

28. Қазақстандағы университеттер және шет ел университеттері туралы өз бетіңізше ақпарат іздеп, әңгімелеңіздер.

30. Өзіңіз оқитын оқу мекемесінің тарихы мен құрылымы туралы айтыңыз. Қандай факультеттері бар, атап шығыңыз.

31. Өзіңіз оқитын факультет туралы әңгімелеңіз. Әңгімеңізде төменде берілген сұрақтарға жауап беріп көріңіз.

Қай факультетте, қай курста оқисыз? Сіздердің факультет қашан құрылған? Оны кім басқарады? Ғылыми Кеңестің құрамына кімдер кіреді? Сіздің факультет қандай мамандықтарды дайындайды? Факультетте қанша кафедра бар? Оларды атаңыз. Факультетте қандай белгілі ғалымдар жұмыс істейді? Факультетте қанша студент оқиды? Оқу процесінің ұйымдастырылуы сізге ұнай ма? Факультеттегі сабақтардың дайындық сабақтарынан айырмашылығы бар ма? Факультеттегі оқу сабақтарының түрлерін атаңыз. Қай курс лекцияларын пайдалы және қызық деп санайсыз? Факультет студенттері ғылыми зерттеу жұмыстарына қатыса ма? Олар студенттердің ғылыми конференцияларына қатыса ма? Студенттер бос уақытын қалай өткізеді?

32. Өзіңіздің студенттік өміріңіз бен тобыңыз туралы шағын әңгіме жазыңыз. Тірек ретінде төменде берілген жоспарды пайдаланыңыз.

1) Қай факультетте, қай курста оқисыз? 2) Неге осы факультетті таңдадыңыз? 3) Қандай пәндер оқисыз? 4) Олар сізге ұнай ма? 5) Қазақ тілін қашан оқи бастадыңыз? 6) Қанша жыл оқисыз? 7) Тобыңызда қанша студент бар, олар қай облыстардан, қай елдерден? 8) Бос уақыттарыңызды жиі бірге өткізесіздер ме? 9) Әдетте қайда жиналасыздар? 10) Әдетте, қайда барасыздар? 11) Топта достарыңыз бар ма? 12) Бір-біріңізге жиі қонаққа барасыздар ма? 13) Бір-біріңізге оқуда (өмірде) жиі көмектесесіздер ме? 14) Студенттік өмірде сізге не ұнайды, не ұнамайды?

33. Өзіңіз туралы, өзіңіздің болашақ жоспарларыңыз туралы төменде берілген сөздер мен сөз тіркесін пайдаланып, әңгімелеңіз.

- бөлімде, факультетте оқу;
- ... бойынша лекция тыңдау;
- сынақ / емтихан тапсыру;
- ғылымға қызығу;
- баяндама тақырыбын таңдау (реферат, курс жұмыс, диплом жұмысы, диссертация);
- ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу;
- семинарда (студенттік ғылыми конференцияда) баяндама жасау;
- диссертациямен жұмыс істеу;
- ғылыми жетекші;
- ... саласының маманы;
- диплом жұмысын (диссертация) қорғау;
- магистратура / аспирантураға түсу;
- жұмысқа орналасу.

34. Сіз сіздің факультетте оқыған танысыңызды кездестірдіңіз. Ол сізден үлкенірек, бірнеше жыл мамандығы бойынша жұмыс істейді. Сіз оның жұмыс туралы, оқығаны туралы не білгіңіз келеді, не қызықтырады. Жағдаятты рөлмен орындаңыз. Диалог құрастырыңыз.

35. Төменде берілген мәселелер бойынша өз көзқарасыңызды білдіріңіз, дәлелдер келтіріңіз.

1) Жастар мамандықты қалай таңдайды? Мамандық таңдауға не көбірек әсер етеді?

Үлгі: Меніңше, ата-аналарының, үлкен ағаларының кеңесі әсер етеді.

- а) ата-аналарының, үлкен ағаларының кеңесі мен үлгісі;
- б) достары мен таныстарының кеңесі;
- в) мұғалімдері мен мектептің ұсынысы;
- г) қоғамдық пікір (радио, телевидение, баспасөз);
- д) әдебиеттерді оқу (сүйікті геройлары мен персонаждар);

2) Уақыт өте келе оқушылардың мамандықтарға деген көзқарасы өзгере ме? Ол неге байланысты? Неге жастар жаңа мамандықтарды таңдауда?

3) Біздің елімізде жастар қандай мамандықтарды таңдайды? Олардың танымалдығын қалай түсіндіруге болады?

36. Ең қызықты деп; ең керекті, пайдалы деп; бүгін және болашақта ең танымал, керекті деп санайтын мамандықтарды атаңыз.

37. а) Мамандығы ұнамай қалса, жас адам не істеу керектігі туралы өз пікіріңізді айтыңыз:

Үлгі: Өз мамандығың бойынша жұмысыңды жалғастыра бер, ал бос уақытыңда өзіңнің жақсы көретін ісіңмен айналыс.

- өз мамандығы бойынша жұмысын жалғастыра беру, бос уақытыңда өзін не қызықтырады сонымен айналысу;
- өз мамандығын жақсырақ білуге тырысу, оның қызықты жақтарын ашу;
- мамандығын өзгерту, қызығырақ жаңа мамандық алу.

б) Сіздің пікіріңізше, қызықты емес мамандық бар ма, ойланыңыз, айтыңыз. Өз көзқарасыңызды дәлелдеңіз.

38. Әңгімеге қатысыңыз. Өзіңіздің әңгімелесушіңізден сізді қызықтыратын ақпаратты біліңіз:

- а) ол оқитын институт, факультет туралы, оның тобы, курстастары туралы;
- б) оның болашақ жұмысы (мамандығы) туралы, оны таңдау себептері (оны бала кезде армандады ма? Бала кезде ол кім болғысы келді? Оның арманы әрі қарай өзгерді ме?);
- в) оның жақсы көретін сабақтары туралы;
- г) оның мектептегі достары және жаңа достары туралы.

Академик Асқар Жұмаділдаевпен сұхбат



ТЫҢДАЛЫМАЛДЫ ТАПСЫРМАЛАР

1. Мәтінде кездесетін етістіктерді төменде берілген синонимдерінің қатарына жазыңыз: ұқпау, мойынсұну, сөзін тастау, есептеу, көркейту, өлім деп білу, іске асу, мыжсырайып тұру, көрініс беру, өлтіру, жөндеу, арылу, салыстырмау.

- а) көну, көндігу
- б) елемеу, тыңдамау
- в) түсінбеу
- г) жою, құрту
- д) түзету, оңдау
- е) жүзеге асу, орындалу
- ж) байқалу
- з) санау, ойлау
- и) құлағалы тұру, ескіру
- к) гүлдену, даму
- л) құтылу, бас тарту
- м) ұят деп санау, намыстану

2. Сұхбатта кездесетін фразеологиялық тіркестердің сәйкес мағыналарын анықтап, нөмірін жазыңыз.

сүрінбейтін тұяқ	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> білімді оқытушы
сиырқұйымшақтану	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> атағын пайдалану
айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> аз нәрсені дабырайту
ата атымен қыз өтеді, мата атымен боз өтеді	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> істі аяғына дейін жеткізбеу
атынан ат үрку	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> еңбегіне сай бағаланбау
жібі түзу мұғалім	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> зиянды әдеттен арылу
ғарыштық жылдамдықпен жабу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> қателеспейтін жан
қазақбайшылықтан арылу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> атына заты сай емес

3. Сұхбаттың екінші бөлімінің мазмұны бойынша сөйлемдерді аяқтаңыз.

- 1) Ол ғылым саласындағы жетістіктері үшін халықаралық _____.
- 2) Сыйлығын қырық жасында алды.
- 3) Математик Асқар Жұмаділдаев мұсылман әлемінің _____ сыйлығын алды.
- 4) Сұхбатта аты аталған шығыстың үш ғалымы:
- 5) Екінші бөлімге тақырып беріңіз. Осы бөлімдегі негізгі ойды тұжырымдап жазыңыз. (1-3 сөйлем)

4. Сұхбаттың үшінші бөлімінің мазмұны бойынша сөйлемдерді аяқтаңыз.

- 1) Ол Жоғары Кеңестің _____ болды.
- 2) «Болашақтың» түлектері жұмысқа _____ тұру керек.
- 3) Асқар Жұмаділдаевтің алғашқы сайлау алды бағдарламасы – _____.
- 4) Математиктің айтуынша «Болашақпен» оқып келген білікті жастардың ой-арманын іске асыруына кедергі болған нәрсе: _____.
- 5) Үшінші бөлімге тақырып беріңіз. Осы бөлімдегі негізгі ойды тұжырымдап жазыңыз. (1-3 сөйлем)

5. Сұхбаттың төртінші бөлімінің мазмұны бойынша сөйлемдерді аяқтаңыз.

Сұхбатта кездескен мәліметтерді жазыңыз.

- 1) Біз енді «_____?» сұрақпен өмір сүруіміз керек.
- 2) Ғалым айтқан парадокс. _____.
- 3) Ауыл баласының рухын көтеру үшін _____ керек.

6. Сұхбаттың бесінші бөлімінің мазмұны бойынша сөйлемдерді аяқтаңыз.

- 1) Сұхбатта әрекеттері салыстырылатын екі ұлт: _____.
- 2) А. Жұмаділдаевті қанағаттандыратын нәрсе: _____.
- 3) Қазақстан ғылым академияның екі түрлі мүшесі: _____.
- 4) А. Жұмаділдаев білім бергісі келетін екі топ: _____.
- 5) Математиктің алдына қойған мақсаты Қазақстанда _____ қалыптастыру.
- 6) Сұхбат берушінің айтуы бойынша, Қазақстанның дамуына кедергі болып отырған қоғамдағы ең жағымсыз екі қасиет: _____.

7. Сұхбатта кездескен а) растау, теріске шығару; ә) таңдану, өкіну, разы болу, разы болмау, әрекетке ниет білдіру, ренжу тәрізді эмоциялық пікір білдіруге қызмет ететін етістіктерді пайдаланып 3-жақтан сұхбат мазмұнынан үзінді айтыңыз.

8. Сұхбат берушінің негізгі идеясын өз сөзіңізбен жазыңыз.(4,5 сөйлем)

Академик Асқар Жұмаділдаевпен сұхбат

I

– Өткен жыл сіз үшін табысты болды. Мемлекеттік сыйлық алдыңыз. Бұл сіздің адал еңбек, маңдай теріңізге берілген баға іспеттес...

– Иә, сыйлық алдым. Бірақ еңбекті мұнымен өлшеуге, бағалай салуға болмайды. Мәселен, әл-Фарабидің еңбегін ештеңемен өлшей алмайсыз. Мысалы, Кант. Оның еңбегін қалай өлшеуді



білмейсіз. Бірақ Кант екенін білесіз. Біздің жұмысымыз да осындай. Мұны да біреу ұғады, біреу ұқпайды...

– Бәсекелестеріңіз көп болды ма?

– Әрине, көп болды. 12 жұмыс түсті. Бірінші сынақтан соң, 4 жұмыс қалды, одан кейін екі жұмыс... Осы жерде айта кететін жағдай, соңғы уақытта ғылымды бағалауға Президентіміз ерекше көңіл бөліп отыр. Әсіресе еңбектің сапасы жоғары бағалана бастағаны қуантты. Шүкір дейтініміз, менің атыма шетелдерден көрнекті математиктер – 12 адамнан пікір түсті. Олардың сөзін тастау мүмкін емес қой.

– Осы сыйлықтан соң шетелдердегі әріптестеріңіз қызметке шақырған жоқ па?

– Шетелдерден шақыру сыйлыққа байланысты емес, шақыру бұрын да болған. Есесіне, әлі күнге өз елімде Мемлекеттік сыйлық алмағаным таңғалғандар болды. Шақырулардың барлығынан өзім бас тартқан соң, қазір қойды. Туған жерде түпкілікті қалып, қызмет жасауды дұрыс деп шештім. Өмірге бейімделіп, амалсыз кейбір нәрселерге мойынсынуды үйрендім.

9. Сұхбаттың бірінші бөлімінің мазмұны бойынша сөйлемдерді аяқтаңыз.

а) Академик Асқар Жұмаділдаев Қазақстанның _____ сыйлығын алды.

б) Осы бөлімдегі негізгі ой не? Өз сөзіңізбен тұжырымдап жазыңыз. (1-3 сөйлем).

II

– Соңғы жылдары ұзақ уақыт шетелдерде белгілі университеттерде дәріс оқыдыңыз, небір айтулы сыйлықтар алдыңыз, осының өзі дамыған елдерде даңқты ғалымдардың еңбегін жоғары бағалайтындығына көз жеткізген боларсыз...

– Әрине, дамыған елдерде нақты ғылымға назар аудару мен еңбекті бағалауда алалау деген атымен жоқ. Қайта кім ғылымға барынша үлес қосып келеді, сол лайықты сый-құрметке ие. Мысалы, Германия президентінің қолын қысып, ғылым саласындағы әлемге әйгілі сыйлықты 40 жасымда – 1995 жылы алдым. Александр фон Гумбольдт қоры беретін халықаралық сыйлық Германия ғалымдарымен бірлесе жұмыс істеген, осы салада жетістіктері әлемде мойындалған ғалымдарға азаматтығына қарамастан беріледі. Құны 60 мың евро тұратын сыйлыққа жыл сайын 100 адам ұсынылады. Онда да тек болашағынан үміт күттіретін жастар. Міне, ғылымға қамқорлық деп осыны айтыңыз. Осындай тамаша тәжірибе көп.

– Мұсылмандар дегенде, сіздің Иран президентінің де қолынан сыйлық алғаныңызды естіген едік?

– Олардың халықаралық әл-Хорезми атындағы сыйлығы да халықаралық аренада белгілі. Хорезми – мұсылман қауымынан әлемде тұңғыш шыққан ғалым. Ибн Сина, Омар Хаям бәрі осыдан кейін тұрады. Халиф әл-Момонның «Даналықтар үйі» – біздіңше Ғылым академиясы болған. Ағайындылар екі бағытты, екі көзқарасты ұстанған. Інісі бағытын соғысқа ғана арнағанды жөн көрген, «мұсылмандар соғысуы керек» деп есептеген. Ал ағасы «біз әлемді тек ғылыммен бағындыруымыз керек» деген. Осы соңғы ұсыныс шын мәнінде мұсылмандар үшін әлі күнге маңызын жойған жоқ. Әсіресе, қазақ үшін ғылымды игерудің жөні бөлек. Осы салада білікті, білімді, іскер азаматтар көбейгенде ғана көркейетініміз анық.

III

– Осыдан біраз уақыт «Болашақ» бағдарламасымен оқып келген қыз-жігіттердің біразы шетелде терең білім алып келгендігін, алайда оларға ұсынылған қызметтің жалақысы төмендігін айтып, жоғарыдағыларды ойға қалдырды. Осыған көзқарасыңыз қалай?

– «Болашақ» – өте дұрыс бағдарлама. Оның құрылуына үлес қосқан адамның бірі – мен. Жоғары Кеңестің алғашқы депутаты болдым. Сонда менің сайлауалды бағдарламамның бірінші пункті жастарды қолдау еді. «Болашақтың» алғашқы бағдарламасын мен жазып Сембаевқа ұсындым. Ол кісі Елбасына жеткізіп, ақыры сәтті іске асты. Бұл үшін Президентке айтар алғыс шексіз. Біріншіден – шетелде оқып келудің пайдасы зор. Шын мәнінде білімді жас бәсекелестік жағдайында қызметті өзі табуы тиіс. Мұның барлығы студенттің кінәсі емес. Бұған осы саланы басқаратындар кінәлі. Айталық, жұмысқа орналастыруға дейінгі тамыр-таныстықты тоқтатпайынша, іс алға баспайды. Адамда ұят деген болуы керек. «Сен мықтысың, сенің де балаң мықты болады» деген теория жоқ. Бәсеке бәріне бірдей болуы тиіс.

IV

– Сіз ҚБТУ-да дәріс беріп жүрсіз. Студенттердің қарым-қабілеті қандай?

– Жалпы, Кембридждің аты мықты. Қазақта «Ата атымен қыз өтеді, мата атымен боз өтеді» деген мақал бар. Бірақ Кембриджді бітіргендердің президент болғанын көрдіңіз бе? МГУ бітіргендер президент болып жатыр ма? Әңгіме онда емес, мәселе адамның өзінің басында. Сіз талапты, еңбекқор болсаңыз, бәрін алып кетесіз. Қазір жұмыс істейтін адамға барлық жағдай бар.

– Мектептерде 11 сыныпқа дейін оқытылатын математика пәні екені анық. Шет елдерге байқауларға барып, жүлде алып жатқандар да көп. Осыған қарап елімізде математика ғылымы қаншалықты дамыған деп ойлайсыз?

– Мынадай парадокс бар. Жыл сайын балалардың бәрі математиканы оқиды, қазақ тілін де оқиды. Алайда қазақ тілін оқып бәрі қазақша сөйлеп кетіп жатқан жоқ. Математика да сондай. Математика – құрал. Оны үйреніп алып, басқа жаққа кетіп қалатындар да бар. Сондықтан «жеңімпаз болдық» деген сөз де салыстырмалы нәрсе. Одан да біз «енді 10 немесе 30 жылдан кейін қандай боламыз?» деген сұрақтарға жауап іздейтін мәселені алдыңғы орынға қоюымыз керек.

– Бұған тоқталып отырғаным, соңғы кездері дарынды балаларға арналған мектептер ашылып жатыр. Атынан ат үркеді. Дегенмен осы білім ордаларында біліктілігі жоғары ұстаздар қалыптаса қояр ма екен?

– Бұл күдігіңіз рас. Менің де күмәнім бар. Атына затына сай қылу үшін бе, әйтеуір құйылып жатқан қаражат та көп. Шіркін-ай деймін, осы қаражатты менің ауылымдағы №45 мектепке берсе ғой. Қазіргі аты – «Ақ орда». Мыжырайып тұр. Мұндай мектеп көп. Осыларды жөндесек, ауыл баласының рухы көтерілер еді, оқуға құлшынысы артар еді. Сондықтан елімізде іргелі мектептерді анықтап, білім сапасын тексеріп, қаражатты соларға құйған жөн. Таза бәсекенің жоқтығы осыдан көрініс береді.

V

– Шәкірт тәрбиелеу демекші, сіз өз мектебіңізді ашу ойыңызда бар ма?

– Иншалла, мен ешкімнен кем емеспін. Асып бара жатқан атақ-даңқым жоқ. Қарапайым математикпін. Мені ешкіммен салыстырмаңыздар. «Математикаға бет бұрған қазақтың қарапайым баласы» деген атақ маған жетеді. Әңгіме қоғам үшін дені дұрыс, ойлау қабілеті түзу, үмітті ақтайтын

азаматтар тәрбиелеуге қал-қадірімізше үлес қоссақ, сол бізге жеткілікті. Ең алдымен қисық-қыңыр ойлау, қазақбайшылықтан арылуымыз қажет. Мысалы, «Немістің жұмысы» деген басынан аяғына дейін істеледі. Сынбайды, бірімен-бірі үйлесіп тұрады. Қазақшылық дегеніміз, бәрі жақсы басталады да, аяқ жағына келгенде бірдеңе-бірдеңе... сиырқұймышақтанып кетеді. Мен ғалым адамымын, берер білімім жоғары оқу орындарына арналған. Студенттер, аспиранттар даярлауым керек. Ғылыми мектеп қалыптастыруым қажет. Осы салада бір жұмыстарды қолға алайын десең, әйтеуір бір кедергі алдыңнан шығады...

– Соңғы жылдары Ғылым академиясы таратылып, «Ғылым ордасы» өмірге келді. Академия мүшесі ретінде бұл сізге қаншалықты әсер етті?

– Бізде академияның екі түрлі мүшесі бар. Бірінші және екінші сортты. Алғашқылары – арнайы грант алатындар, академияның таратылуына да себепші солар. «Ғарыштық жылдамдықпен» жабылған мекемені өз басым алғаш рет көрдім. Ғылым академиясы – мемлекеттің символы. Мысалы, Францияда Наполеонның кезінде қалыптасқан академия әлі тұр. Өйткені ол – символ. Біздің ғалымдарымыз өз академиясын өздері тұншықтырып өлтірді. Бұл жерде мен академия бір сұмдық мекеме деп айта алмаймын. Кемшілігі бар, рас. Бірақ оның жоғынан бары жақсы еді. Сүрінбейтін тұяқ, қателеспейтін адам болмайды. Адамның ұлылығы – қателесуінде, мойындауында емес, соны жөндеуінде. Меніңше, академияны қайта ашу керек.

(Сұхбаттасқандар – О.Садық, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ж.Әшімханұлы. Қысқартылып алынды)

39. Әңгімеге қатысыңыз. Болашақтағы жоғары оқу орны қандай болуы мүмкін? XXII ғасырдың студенттік өмірін қалай елестетесіз?

Мәселелік жағдаяттар мен пікірталас

40. Жас отбасылардың мәселелері бойынша пікірталасқа қатысыңыз. Төменде берілген мәселелерді талқылаңыздар.

- 1) Отбасын құру үшін оңтайлы жас мөлшері бар ма?
- 2) Жас отбасы үшін материалдық базаны кім жасауы керек? – мемлекет пе, ата-ана ма, немесе жас жұбайлардың өздері ме?
- 3) Студенттік отбасыға қалай қарайсыздар?
- 4) Жақсы көріп қосылған жұбайлар мен есеппен қосылған жұбайларға қалай қарайсыз?
- 5) Соңғы кезде көп таралып кеткен «таныстыру қызметі» дегенге қалай қарайсыз? Оның адамдардың бақытты отбасын құруға көмегі бар ма?

Пікірталас барысында жас отбасылардағы мына мәселелерге өз көзқарастарыңызды білдіріңіз:

- а) отбасы құру үшін қандай жағдай керек?
- б) қандай отбасыны бақытты деп айтуға болады?
- в) отбасылық түсінбеушіліктің қалай алдын алуға болады?

41. Адамдар өмірлік құндылыққа әр түрлі қарайды. Сіздің көзқарасыңызша, өмірдегі ең бастысы не: отбасылық бақыт, қызықты, жақсы көретін жұмыс, бір қалыпты, тыныш өмір, ұжымдағы құрмет, жақсы денсаулық, толықтай материалдық қамтамасыз етілуі, тәуелсіздік, еркін өмір (яғни қалай ұнайды, солай өмір сүру), достарының арасында көңілді өмір өткізу немесе басқа?

Өз жолдастарыңызбен өмірлік құндылықтар туралы пікір бөлісіңіз, әңгімелесіңіздер.

42. Біздегі өмір ырғағы өте тығыз екенін білесіздер. Осы зымыраған өмірде айналамыздағы адамдарды ұмытпау керектігі өте маңызды екенін білесіздер. Ойланыңыз да айтыңыз:

- а) Сіз айналаңыздағы адамдарға жеткілікті көңіл аударасыз ба? Достарыңызға, жолдастарыңызға, жақындарыңызға?
- б) Достарыңыздың, жолдастарыңыздың, жақындарыңыздың көңіл-күйіндегі өзгерістерді байқайсыз ба?
- в) Достарыңыз, жақындарыңыз сіздің көңіл-күйіңіздегі өзгерісті байқай ма?
- д) Өз достарыңызға, жақындарыңызға жиі көмекке келесіз бе?
- е) Достарыңыз сізге жиі көмекке келе ме?
- ж) Өзіңізге сыни қарайсыз ба (жақындарыңыздың, достарыңыздың сынын қалай қабылдайсыз)?

Өз жауаптарыңызды мысалдармен, жағдаяттармен бекітіңіз.

43. Біреулер қызықты өмір сүреді, біреулер үнемі асығып жүреді, нәтижесінде ештеңе істеп үлгермейді. Осыған ойланып, өз пікіріңізді айтып көріңіз.

44. Төменде белгілі ғалымдардың жұмыс уақытын және бос уақытты үнемді пайдалану туралы, өмірдегі табыстарды қалыптастыратын, айқындайтын стратегия туралы ойлары берілген. Осы қанатты сөздерге өз пікіріңізді білдіріңіз.

1) Кез келген тіпті күрделі жұмыс неге керек екені түсінікті болса, қиын емес. Жұмысты бастамас бұрын, барлық детальді ескере отырып, жоспарлаңыз. Нақты, толық жоспарыңыз болса, осы жұмыстың олар үшін неге керек екенін білсеңіз, қойылған міндетті табысты, жылдам шешесіз. (П.Форсайт)

2) Жұмысыңыздың оңтайлы ұйымдастырылуы оның табыстылығының және тиімділігінің кепілі. Жұмыстың тиімділігін не арттырады:

- а) жоспарлау;
- б) жоспарды тарату;
- в) мониторинг және бақылау;
- г) өзара әрекет және байланыс. (П.Форсайт)

3) Сіздің жұмысыңыздың тиімділігі үстел басында өткізген сағат көлемімен байланысты емес. Маңыздысы сіздің қанша жұмыс істейтініңіз емес, сіздің күшіңіздің нәтижесі, басшыларыңыз, әріптестеріңіздің бағалайтыны басты критерий нақ осы. (П.Форсайт)

4) Кез келген істе жетістікке жету үшін адамға беріктей тәртіп керек, үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыру керек. Өзіңнің айналысатын істеріңді дұрыс және сауатты топтастыра алмасаң, уақытыңды да басқара алмайсың. (П.Форсайт)

45. Төменде берілген мақал-мәтелді оқыңыз. Олардың мағынасын жеткізуге тырысып көріңіз. Сіздің ана тіліңізде осыған ұқсас мақал-мәтел бар ма?

- Әлем күннен нәр алады, адам білімнен нәр алады.
- Білімсізге дүние қараң.
- Білімді мыңды жығады, білімсіз бірді жығады.
- Сабыр түбі – сары алтын.
- Оқу – инемен құдық қазғандай.
- Тіліңмен жүгірме, біліміңмен жүгір.

РӨЛДІК ОЙЫНДАР МЕН ЖАҒДАЯТТАР

46. Төменде берілген жағдаяттарды рөлге бөлісіп ойнаңыздар.

1) Сізге қонаққа мектеп бітіргелі көрмеген, мектепте бірге оқыған достарыңыз келді. Оларды отбасыңызбен таныстырыңыз. Мектеп бітіргеннен кейінгі олардың өмірі қандай болды, қандай өзгеріс болды сұраңыз. Мектепте оқып жүргенде олар кім болғысы келді, қандай мамандық таңдады, қазір кім, сұраңыз. Олардың арманы жүзеге асты ма?

2) Сіз күтпеген жерден сыныптасыңызды кездестіріп қалдыңыз, оның онша өзгермегенін байқадыңыз. Сөйлесіңіз. Оған комплимент айтыңыз. Мектептегі өмірді еске алыңыздар.

3) Сіздің достарыңыздың отбасында дүниеге бала келді. Оның атын кім қойды, мағынасы қандай, біліңіз.

4) Сіздің танысыңыздың аты ерекше, өзгеше. Неге оны осылай атады, біліңіз.

5) Сізге шетелдіктер қонаққа келді. Сізді достарыңыз басқаша атайды, анасы басқаша атайды, қазақтар бір-бірін қалай атайды, шетелдіктерге түсіндіріңіз.

6) Сіз досыңыздың ана тілі қазақ тілі емес екенін білдіңіз. Оның қазақша жақсы сөйлейтініне комплимент айтыңыз. Оның қазақ тілін қайдан оқығанын біліңіз, оның ана тілі қай тіл екенін сұраңыз.

7) Сіз бір адамды кездестіріп қалдыңыз, ол сізге өте таныс сияқты, бірақ кім екенін есіңізге түсіре алмай тұрсыз. Қайда кездесулеріңіз мүмкін екенін сұраңыз, анықтаңыз.

8) Сіз белгілі қайраткермен (жазушы, музыкант, суретші, ғалым) таныстыңыз. Сіз оған көптен бері танысқыңыз келетінін айтыңыз.

9) Сіз түскі үзіліс кезінде жұмысыңызға келген досыңызды әріптестеріңізбен таныстырғыңыз келеді, таныстырыңыз.

10) Сіз өзіңіз жұмыс істегіңіз келген институттың директорына өзіңізді таныстырыңыз.

47. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын сіз қалай түсінесіз, түсіндіріңіз.

Менімен жасты, жерлес, әріптес, курстас, сыныптас, аттас.

Өз көзіне сенбеу, егіздің сыңарындай ұқсас, жолымыз екі айырылды.

ҚАЙТАЛАУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

48. Төменде берілген мысалдар қазақ тіліндегі септіктер жүйесін еске түсіруге және жүйелеуге көмектеседі. Мысалдарды оқып, өзіңізді тексеріңіз, септіктердің мағынасын, олардың сөйлеудегі қолданысын, тұлғаларын білесіз бе? Ұсынылған материалдарды өз мысалдарыңызбен толықтырыңыз.

1. АТАУ СЕПТІГІ

МАҒЫНАЛАРЫ	МЫСАЛДАР
Жақ, зат атауы	Бұл – Салтанат. Мынау – театр.
Қаратпа	Гүлбайра, сөздікті берші.
Іс-әрекет субъектісі	Студент хат жазып отыр.
Сапа белгінің субъектісі ретінде	Студент өте талантты.
Фазистік етістіктермен болған сөйлемдерде субъект оқиға атауы	Лекция сағат онда басталады.
Субъект қалып күй иесі ретінде	Бала ұйықтап жатыр.
Бір жерлерде болған, болатын, бар оқиға, зат, табиғат құбылыстары	Қалада театр бар.
Иеліктегі шынайы объект	Ержанның сөздігі бар.
Тұлға, зат квалификациясы	Менің досым – студент. Оның аты – Жанболат. Мына кинотеатр «Байқоңыр» деп аталады.
Ай, күні	Бүгін бірінші қыркүйек.
Қажет зат атауы	Маған дәптер керек.
Шынайы субъектінің қалып күйі, ауыру, ұнау етістігімен тіркескенде шынайы объект	Ол тұмау. Айнаштың тісі ауырады. Маған Алматы ұнайды.

2. ІЛІК СЕПТІГІ

МАҒЫНАЛАРЫ	МЫСАЛДАР
Тәуелділік мағына	Бұл Жанаттың көлігі.
Анықтауыш	Бұл опера және балет театры.
Анықталатын сөздің бір бөлігі болып табылады.	Бұл Астананың орталығы. Бұл өткен жылдың ақпанында болған.
Нақты дата (күні, айы, жылы)	Соғыс 1941 жылдың 22 маусымында басталды.

3. БАРЫС СЕПТІГІ

МАҒЫНАЛАРЫ	МЫСАЛДАР
Іс-әрекет адресаты	Бұл Жанаттың көлігі.
Жақ, тарапқа бір нәрсенің қажеттілігі	Бұл опера және балет театры.
Жақ, тарапқа бір нәрсені істеу қажеттігі, мүмкіндігі	Бұл Астананың орталығы. Бұл өткен жылдың ақпанында болған.
Қалып-күй субъектісі	Соғыс 1941 жылдың 22 маусымында басталды.
Ұнайды етістігімен тіркескенде шынайы субъект	Дәуренге Алматы ұнайды.
Жақ, (лицо) тарап қозғалыс мақсаты ретінде	Дулат сенбіде өзінің досына барады.
Зат немесе тұлға жақындаған басқа зат немесе тарап, жақ	Біз ескерткішке жақындадық.
Қозғалыс бағыты	Ол қалаға келе жатыр. Данабек хатты үстелге қойды.
Ұқсастық объектісі	Баласы әкесіне ұқсайды.
Уақыт	Олар Астанаға алты айға келді.
Мақсат	Рауан дүкенге нан мен сүтке барып келді.
Қозғалыстың соңғы нүктесі	Вокзалға дейін (орталыққа дейін) қай автобус барады?

4. ЖАТЫС СЕПТІГІ

МАҒЫНАЛАРЫ	МЫСАЛДАР
Іс-әрекет мекені	Үйдің алдында (артында, жанында, маңында) көлік тұр. Сөздік оқулықтардың астында жатыр. Екі үйдің арасында бақ бар.
Іс-әрекет мезгілі	Олар жарыстың алдында танысты. Студенттер асханаға лекциялар арасында барып келді. Дәурен Астанаға өткен жылы келді. Біз бассейнге сейсенбіде және жұмада барамыз.
Заттың, жақтың мекенжайы	Жанат Алматыда, Абай даңғылында тұрады. Үй маңында бақ бар. Үйдің оң жағында көл бар. Ауылдың айналасында орман, тоғайлар бар.

5. ТАБЫС СЕПТІГІ

МАҒЫНАЛАРЫ	МЫСАЛДАР
Іс-әрекет объектісі	Алмас хат жазды. Мына кітапты үш рет оқыдым.
Өлшем, сан (есептік сан есіммен, зат есіммен, үстеумен тіркескенде)	Студенттер көптеген қазақ әндерін біледі. Айжан бір пакет сүт сатып алды.
Тілекті білдіретін объект (тілеу, күту, өтіну, талап ету етістіктерімен)	Сізге денсаулық, бақыт, табыс тілеймін.
Ойнау етістігі арқылы объект	Ол футболды жақсы ойнайды.

6. ШЫҒЫС СЕПТІГІ

МАҒЫНАЛАРЫ	МЫСАЛДАР
Салыстыру объектісі	Дастан Рауаннан жақсы оқиды.
Қозғалыстың пайда болған мекені	Дастан Алматыдан келді, Мадияр Тараздан келді.
Іс-әрекет мезгілі	Сабақтан кейін кітапханаға барамыз.
Бір нәрсені алу көзі	Кітапты досымнан алдым.
Коммуникация құралы	Біз фильмді теледидардан көрдік.
Іс-әрекет жүзеге асатын кеңістік, мекен	Біз көшеден өттік.
Іс-әрекет сипаты	Шалқасынан құлады.

7. КӨМЕКТЕС СЕПТІГІ

МАҒЫНАЛАРЫ	МЫСАЛДАР
Іс-әрекет құралы	Ол тақтаға бормен жазды.
Іс-әрекет объектісі (айналысу)	Рауан спортпен айналысады.
Іс-әрекетті бірлесіп өткізетін жақ, тарап	Дәурен досымен бірге киноға барды.
Іс-әрекет сипаты	Табандылықпен, шыдамдылықпен жеңдік.

49. Жақша ішіндегі сөздерді тиісті тұлғада жазыңыз, сөйлемді қалпына келтіріңіз.

Менің кіші сіңілім (*мен*) ұқсайды. Барлығы мені (*аға*) ұқсайды деп айтады. Сіздің әпкеңіз (*сіз*) мүлдем ұқсамайды. Сіз (*менің досым*) ұқсайсыз. Менің үлкен ағам (*әке*) ұқсайды, мен (*ана*) ұқсаймын. Олар егіздің сыңарындай (*бір-бірі*) ұқсайды. Сіздің қызыңыз кімге ұқсайды, (*сіз*) ме, әлде (*сіздің әйеліңіз*) ме?

50. Жақша ішіндегі сөздерді тиісті тұлғасында жазыңыз. Өз таңдауыңызды түсіндіріңіз.

Бөлмеде сегіз (*орындық*), екі (*кресло*) бар. Пәтерде төрт (*бөлме*) бар. Үстелде бірнеше (*газет, журнал*) жатыр. Кеше мен дүкеннен үш (*дәптер*), екі (*кіман*), бес (*қалам*) сатып алдым. Біздің аудиториямызда он екі (*үстел*), жиырма төрт (*орындық*) бар. Асханада үш (*терезе*) бар. Олардың үш (*баласы*) бар. Осы көшеде сексен екі (*үй*) бар. Біздің ауданда үш (*азық-түлік дүкені*) бар. Біздің топта сегіз (*адам*) бар.

51. Көп нүктенің орнына мағынасына қарай тиісті сөзді жазыңыз. Олардың қолданысын түсіндіріңіз.

Санжар университетте бес _____ оқыды. Менің досым институтты екі _____ бұрын бітірген. Менің Астанада тұрғаныма он _____ болды. Оның әкесі осы заводта отыз екі _____ жұмыс істеді. Олардың баласы жақында бес _____ толады. Сіз қанша _____? Мен қырық екі _____ . Сіздің әйеліңіз қанша _____? Ол отыз сегіз _____ .

52. Төменде берілген сөйлемді талдаңыздар.

Сіздердің балаларыңыз бар ма? Иә, менің балаларым бар. Сіздің балаңыз біреу ме? Жоқ, менің екі балам бар. Сіздің көлігіңіз бар ма? Иә, менің көлігім бар. Көлігіңіз жаңа ма? Жоқ, көлігім ескі. Мына кітап менде бар. Оның кеште киетін көйлегі бар. Оның кеште киетін көйлегі әдемі. Оның шашы мен қара көзі әдемі. Сенің даусың жақсы. Оның достары көп. Ол ауру. Мүмкін ол тұмау шығар. Оның екі лекциясы бар.

53. Төменде берілген сөйлемдерді оқып талдаңыздар. Әр түрлі сөйлеу контекстеріндегі әлі, тағы сөздерінің қолданысының мағыналық айырмашылығын түсіндіріңіздер.

Ол әлі кішкентай. Маған тағы бір шыны кофе беріңізші. Жиналысқа тағы кім келеді? Сіздің тағы да сұрақтарыңыз бар ма? Тағы бір рет қайталаңыздаршы. Мен әлі лекцияға үлгеремін деп ойлаймын. Ол әлі келген жоқ.

54. Берілген сөйлемдердегі көп нүктенің орнына сәйкес етістіктерді жазыңыз. Осы етістіктердің қолданысындағы айырмашылықты түсіндіріңіз.

Біз жұмысты сағат сегізде _____ . Университетте сабақ таңертең сағат тоғызда _____ .	<i>бастау, басталу</i>
Жүргізуші таксиді көшенің бұрышына _____ . Көлік көше бұрышына _____ .	<i>тоқтату, тоқтау</i>
Есік _____ , аудиторияға оқытушы кірді. Оқытушы есікті _____ , аудиторияға кірді.	<i>ашылу, ашу</i>
Күнде таңертең біз автобус аялдамасында _____ . Мен мына қызды автобус аялдамасында жиі _____ .	<i>кездесу, кездестіру</i>
Мен өз заттарымды _____ чемоданға салдым. Темір жол вокзалы кассасының маңында жол жүретіндер көп _____ .	<i>жинау, жиналу</i>

55. Төменде берілген әзілдерді оқып, әңгімелеңіздер.

Асыңыз дәмді болсын!

Ресейдің фамилиясы Боборыкин деген туристі Германияға келіп, қонақ үйге орналасады. Мейрамханада оның үстеліне неміс келіп отырады да: «Асыңыз дәмді болсын» деген сөздің немісшесін «мальцайт» дегенді айтады. Боборыкин неміс өзінің фамилиясын айтқан екен деп ойлап, өзін таныстырғысы келіп:

– Боборыкин! – дейді.

Осылайша бірнеше күн жалғасады. Боборыкин «неге неміс күнде өз фамилиясын айтады» деп таң қалумен болады. Бірақ ол ақырында «мальцайт» деген сөздің «Асыңыз дәмді болсын» деген сөз екенін біледі. Келесі күні үстелде отырған неміске: «мальцайт» дегенде, естіген жауабы: «Боборыкин!» болды.



Емтиханда

Тарих пәні бойынша емтиханда.

– Бір аралда дүниеге келіп, басқа аралда қайтыс болған императордың аты кім?

Студент көзін кеңірек ашқаны болмаса, жауап берген жоқ. Емтихан алушы сәл кідіре тұрды да:

– Наполеон Бонапарт, – деді. Студент орнынан тұрды да шығуға беттеді.

– Сіз қайда барасыз? – деді профессор. – Мен әлі сізден сұрап үлгерген жоқпын!

– Солай ма? Кешіріңіз. Мен басқа студентті шақырды деп ойлап қалдым.

57. Берілген әңгімеге өз пікіріңізді жазыңыз. Тақырыбына қатысты өз ойыңызды айтыңыз.



Өмір сыйы немесе дәрігердің ерлігі

Бостон орталық шипаханасы. Майколь шипагер кеңсесінде отыр. Ол АҚШ бойынша ең үздік жүрек алмастыру маманы әрі жүрек аурулары бөлімінің жауаптысы болатын. Жақында ғана шипаханаға әкелінген бір науқастың ауру тарихын көмекшісі қолына тигізді. Енді соған үңілді: «Канбер, 32 жас, қан тобы О...» ап-анық жазылған осы ауру тарихында Канбердің ең көп болғанда төрт ай ғана ғұмыры қалғаны ескертілген. Майколь Канбердің лазерлі суреттен әлдеқашан үлкейіп кеткен жүрегін көріп, еріксіз күрсініп қойды. Бүкіл Америкада жылына мыңнан астам науқас жүрек алмастыру отасын жасатады. Ал алмастыратын жүрек оңай табылмайды. Төрт ай ішінде бақытсыз біреу өліп немесе үй ішіндегілері оның жүрегін беруге қосылмаса, Канбердің жарық дүниемен қош айтысуы мұнда тұрған іс.

Кенет шыр еткен телефон даусы оның ойын бөліп жіберді, тұтқаны қолына алып еді, арғы жағынан бір әйелдің даусы естілді:

– Майколь дәрігер, мен ақ үйдегі хатшымын. Мәртебелі президент атынан сізге телефон жалғап тұрмын, – сыпайы сөйлесе де, сөз мәнерінен биліктің буы білініп тұр, – Шипаханаңызға Бунис атты науқас әкелінді, оның үкіметтің жоғары дәрежелі мансапты адамы екенін білетін боларсыз, оған тезірек жүрек алмастыру отасын жасап, құтқарып қалуыңыздан үміт етеміз! – соңында тағы оның үкіметтің маңызды адамы екенін есіңізден шығармаңыз дегенді айтты.

– Мен Бунис мырзаны бар күшіммен емдеймін!

Ақ үйден келген телефон шынында бүкіл емхананың назарын аударды. Іле-шала шипаханаға екі салтанатты көлік келіп тоқтады. Бунис Бостон шипаханасының 609 бөлмесіне келіп орналасты.

Бунис биыл 62 жаста, үкімет ісіне араласқанына көп жыл болған, ауру азабын көп тартқанымен, жанары әлі отты екен. Ақ үйден бірге келген шипагер Бунистің енді бес ай ғана ғұмыры қалғанын ескертіп, оның жүрек алмастыру отасын жасатуға зәру екенін айтты. Майколь Бунистің ауру тарихын оқып отырып, Канбер екеуінің ауруы мен қан типтерінің бірдей екендігін байқап, жағдайдың тым күрделі екендігін сезінгендей болды.

Жүрек алмастыру үшін науқасқа бірталай тексерулер жүргізілді. Бунис пен Канбердің тексеру нәтижесі тез арада шықты. Жүрек ауруының әсерінен Бунистің бауыр, бүйрегінің зақымдалуы ота өлшемінен әлдеқайда асып кеткен екен. Ал Канбердің зақымдалу мөлшері аса ауыр емес еді. Егер бүйрек пен бауырдың зақымдалу мөлшері өлшемнен асып кетсе, жүрек алмастыру отасын жасауға әсте болмайтын еді. Майколь Буниске ем алып, бауыр және бүйрек қызметін қалпына келтіріп, жүрек алмастыру өлшеміне жеткізуге бекінді.

Қас-қаққанша үш ай өте шықты. Буниске үш айдан бері емдеу жүргізілгенімен, оның бүйрек-бауыр қызметінің қалыпқа түспеуі, сонымен қоса, алмастыратын жүректің дер кезінде табыла қоймауы шипагерді қатты алаңдатты. Оның үстіне ақ үйден жиі-жиі телефон келіп, Бунистің хал-жағдайын сұрайды. Бүкіл шипахананың назары осы іске ауған еді. Өмір мен өлім арасында талқыға түскен екі науқасты қалай құтқару мәселесі оны қатты тығырыққа тіреді.

Дәл Бунис пен Канбердің ақтық минуттары таяған сәтте, қаладан сегіз жүз шақырым жердегі

шағын қыстақта бір жастың шырғалаңнан бақытсыздыққа жолыққан хабары жетті. Тексере келе бұл жастың дене бітімі мен қан тобы бұл екі науқасқа сай келетіні анықталды.

Шипахана бастығы бұл хабарды ести сала, Майкольдың кеңсесіне тұра жүгірді. «Майколь, жаңа ғана бұл хабарды ақ үйге жеткіздім. Президент мырза естіп қатты қуанды», – деді есіктен кіре.

– Алайда, кімге алдымен ота жасау керектігі жайлы бір бекімге келе алмай отырмын, – деді Майколь көңілсіз жауап беріп. Шипахана бастығы бұл жауапты естіп тіксініп қалды:

– Майколь шипагер, жынданайын деген екенсіз! Әрі-сәрі болмастан, тез шешім жасаңыз! – деді қатаң түрде.

Шипахана бастығы кеткен соң, Майколь ауыр ойға шомды. «Алдымен кімге ота жасау керек? Бірін құтқарса, бірін өлімге үкім еткенмен бірдей. Расында қатігездік. Бунисті құтқарып қалса ғой, шипаханаға да, өзіне де үлкен тиімділік болғалы тұр. Ол қалай да өте ықпалды адам. Ал Канбер ше? Ол қарапайым гүл баптаушы жігіт. Келер-кетері жоқ. Бірақ ол да жас ғұмыр ғой. Оның үстіне Бунис ота талабына үйлеспейді, ота жасалған күнде де бірнеше жыл ғана өмір сүреді. Олай болса, отадан кейін алда дәм-тұзы таусылғанша ғұмыр кешуге тиісті жас жігіттің өмірі біржола тоқтамақ. Не істеу керек?!»

Әдетте кесіп айтып, бекім жасайтын дәрігер бұл жолы, шынында да, дағдарып қалды. Алдында ауыр сынақ. Адамгершілікке жүгінсе, бәрінен айрылмақ. Керісінше болғанда, бәріне де ие болмақ. Майколь әрі-сәрі күйде Бунис жатқан 609 бөлмеге келді. Хабарды ол да естіген екен. Қатты қуанған Бунис:

– Шипагер, бұл хабар мені желпіндірді. Бақытсыздыққа жолыққан жас жігітке өкініш білдіремін, алайда мен әлі де өмір сүруім керек, солай емес пе?! – деді оған үмітті жанарымен. Дәрігер «Мен тек шипагермін, өмір менің қолымда емес қой» дегендей көзқарас танытты да, шығып кетті.

Ал қарама-қарсы бөлмеде жатқан Канбер үн-түнсіз төбеге тесіліп қарап жатты. Жүрекжайындағы бұл хабар оған ешқандай көңілділік сыйлай алған жоқ. Мұндай жүректі тек ақ үйдің беделді адамы ғана қажет ете алады. Қай тұрғыдан айтса да, шипахана алдымен Бунисті құтқарады. Шипагердің есіктен кіргенін көрген Канбер орнынан тұрмақ болды:

– Дәрігер, алаңдамаңыз. Мен әлі өлген жоқпын ғой... – деді демін ішіне тартып, – Мен тағы да күтейін.

Дәрігер оны орнына сүйеп жатқызды да, ештеңе айтпастан шығып кетті.

Майколь сағатына қарап, енді үш сағаттан соң, ота жасалатынын тұспалдады. Уақыт тығыз, ота дайындығын жасауы керек. Кеңсесіне асығыс кіргенде, шипахана бастығын көрді. Оның шешіміне шипахана бастығы айқайлап жіберді:

– Бұл шешімнің шипахана, үкімет қана емес, алдағы өмір жолыңа тікелей қатысты екенін білесің бе?!

– Білемін, біз Бунисқа ең озық емдеулер алып бардық. Бірақ оның бүйрек-бауыр қызметі қалпына келген жоқ. Ота жасауды денсаулығы көтермейді. Мен шипагермін. Саясаткер емеспін! Менің алдымда барлық адам тең құқықты, – Майколь шипахана бастығының көзіне батыл түрде тіке қарады, – Қазір менің жұмысым бәрінен маңызды. Жүректі науқастың денесіне сәтті түрде көшіру, – деді салмақты түрде.

– Сенің бұлай істеуіңе әсте болмайды. Жынданған екенсің! Мен ақ үйге мақұлдық беріп қойғанмын. Енді қалай түсіндіремін? – Ол тіпті де айқайға басты.

– Оларға өзім түсіндіремін. Әрі барлық жауапкершілікті өзім арқалаймын.

Ол сөйтті де, енді талас-тартыстың өзі артық дегендей, телефон тұтқасын алып: Канберге хабарландар. Қазір ота жасалады, – деді. Канбердің бөлмесі ғажайып үміт сәулесінен нұрланып кеткендей болды.

Бір айдан кейін 609-бөлмедегі Бунистің әлсіз жүрегі соғуын мәңгілікке тоқтатты. Оның өлімі бүкіл елді дүр сілкіндірген хабарға айналды. Бұл хабар ішінде Майколь шипагердің өсек-аяңға толы әңгімесі де таралып жатты. Ол жұмыстан босатылды. Алда не болары белгісіз. Ол мұның бәрін ерте топшыласа да, тура шешімі үшін ешқашан өкінген емес. Бәрінен құралақан қалса да, ауыр қысым астында өзінің әділдік пен адамгершілік сенімінен бас тартқан жоқ.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Адам. Портрет. Мінез.

ГРАММАТИКА:

- Сын есім;
- Жалғаулықтардың қолданысы;
- Қазақ тіліндегі мезгіл мәнді құрылымның берілуі.

Кіріспе нұсқау.

Қазақ тілінде өзіңізбен әңгімелесушіні түсініп қана қоймай, өмірдегі әр түрлі жағдаяттарда, өзара қарым-қатынаста **сөйлеу әдебін де** сақтай білу керек. Төменде кездескенде, қоштасқанда, қаратпада қолданылатын сөйлеу әдебінің түрлері берілген. Осы құрылымдармен танысып, оларды талдаңыздар. Сөйлеу жағдаяттарындағы сөз қолданысына назар аударыңыздар.

Кездескенде, қоштасқанда және қаратпада қолданылатын сөйлеу әдебінің формалары

Кездескенде айтар сөз	Кездескенде нені сұрауға болады?
<ul style="list-style-type: none">• Сәлеметсіз бе? Сәлемет пе?• Қайырлы күн!• Қайырлы таң!• Қайырлы кеш!	<ul style="list-style-type: none">• Халіңіз қалай?• Хал қалай? Амансыздар ма?• Үйде, жұмыста бәрі жақсы ма?• Жұмыста, оқуда табыстарыңыз қалай? Ойдағыдай ма? Не жаңалық бар?
Кездескенде қуанышыңызды қалай білдіресіз	Сұраққа қалай жауап беруге болады
<ul style="list-style-type: none">• Кездескеніміз қандай жақсы болды! Келгенің қандай жақсы болды.• Кездесу деп осыны айт.• Бұл бір күтпеген кездесу болды.• Сені көрмегелі қанша жыл болды!• Кездеспегелі қанша су ақты, қанша жыл өтті десеші!• Біз кездеспегелі қай заман!• Біз кездеспегелі қашан!• Қайда жүрсің?	<ul style="list-style-type: none">• Жаман емес. Жақсы.• Тамаша. Керемет.• Бәрі ойдағыдай.• Бірқалыпты.• Бәрі бұрынғыша.• Жаңалық жоқ десе болады. Жақсы емес.• Сұрамағаның жақсы, жағдай болмай тұр.
Қалай қоштасамыз	
<ul style="list-style-type: none">• Сау болыңыз! Кездескенше!• Бәрі сәтті болсын!• Ақ жол болсын!	<ul style="list-style-type: none">• Біз әлі жолығамыз ғой.• Ұмытпаңыз.• Келіп тұрыңыз.• Хабарласып тұрыңыз.

Таныс емес адамға қандай қаратпалар айтамыз

- Кешіріңіз...
- Айтыңызшы...
- Мазалағанымға айып етпеңіз.
- Қарындас!
- Бойжеткен!
- Жігіттер!

Таныс адамға қандай қаратпалар айтамыз

- Ардақ Бейсенұлы!
- Сәуле Бисентайқызы!
- Дәурен!
- Ғалымжан!

Қаратпаға жауап

- Не? Не дедіңіз? Иә, иә.
- Тыңдап тұрмын.
- Мен сізді тыңдап тұрмын.
- Сіз маған келдіңіз бе? Сіз маған айттыңыз ба?
- Сіз мені шақырдыңыз ба?

Телефонда

- Алло, бұл Елхан ба екен?
- Алло, бұл Раушан Мәмиқызы ма екен?
- Кешіріңіз, бұл емхана ма?

Телефондағы қаратпаларға жауап

- Алло! Иә, иә!
- Тыңдап тұрмын.
- Сізді тыңдап тұрмын, бұл – мен.
- Кешіріңіз, бұл кім екен?
- Сіз нөмірді қате тердіңіз.

1. Төменде берілген диалогты оқыңыздар. Кездескенде, қоштасқанда айтылатын сөздерге, ұғымдарға, таныс, таныс емес адамдарға айтылатын қаратпаларға назар аударыңыз.

1) Таныс кісімен көшеде кездескенде (жас жігіттің егде ер адаммен кездесуі).

- Сәлеметсіз бе, Ғалым Бәзілұлы! Сізді көптен бері көрмедім. Жай-күйіңіз қалай? Не жаңалық бар?
- Қайырлы күн, Санжар! Зейнеткерде қандай жаңалық болсын! Бәрі де бұрынғыша. Өзіңде қандай жаңалық бар?
- Мен де сондай ерекше жаңалық жоқ. Күндіз оқимын, кешке қарай жұмыс істеймін. Бос уақытым жоқ десе де болады. Қазір университетке сабаққа жүгіріп бара жатырмын. Кешігіп барамын.
- Онда сені ұстамайын. Жолың болсын! Ата-анаңа сәлем айт.
- Рахмет, Ғалым Бәзілұлы! Міндетті түрде айтамын. Олар өте қуанатын болды. Сау болыңыз. Ауырмаңыз.

2) Лекция болар алдында екі курстастың кездесуі.

- Сәлем, Жандос! Сені кездестіргенім қандай жақсы болды.
- Сәлем, Асқар! Хал қалай? Не жаңалық бар?
- Бүгін сабақтан кейін бізде жиналыс болады. Сенің міндетті түрде қатысуың керек. Сені декан көргісі келеді.
- Жақсы. Айтқаныңа рахмет. Жиналыста жолығамыз.
- Жарайды, кездескенше! Кешікпе.

3) Көптен бері кездеспеген екі таныс адамның кездесуі.

- Қайдан жүрсің? Қандай кездесу десеңші! Шынымен де, Мақсат, сенбісің?
- Әрине, Мақсатпын. Сәлем Қайсар! Сені көргеніме, кездескеніме қуаныштымын.
- Мен де. Бірақ сені мұнда кездестіремін деп ойламаппын. Маған сені Астанада жұмыс істейді деп айтып еді. Шын ба?
- Иә, Еуразия ұлттық университетінде жұмыс істеймін. Мұнда ата-анама кіріп шығайын деп келдім. Бүрсігүні қайтамын.
- Мақсат, сенімен сондай әңгімелескім келіп еді. Біз екеуміз көптен бері кездеспедік емес пе?

Өкінішке орай, асығыспын. Жұмысқа бара жатырмын. Мүмкін кешке қарай кездесерміз.

- Жақсы. Мен келісемін. Қашан, қай жерде?
- Орталық парктің кіре берісінде, кешкі сағат жетіде.
- Жақсы, келістік. Кездескенше!
- Жақсы, мен сені күтемін.

4) Көшеде таныс емес адамға айтылатын қаратпалар.

- Інішек, кешіріңіз, темір жол вокзалына қалай баруға болады?
- Оныншы автобусқа отырыңыз, тура апарады.
- Рахмет.
- Оқасы жоқ.

5) Кинотеатрда таныс емес адамға айтылған қаратпа.

- Мазалағаным кешіріңіз, менімен орныңызды ауыстыра аласыз ба? Мен құрбыммен қатар отырғым келіп еді.
- Қарсы емеспін. Отырыңыз.

6) Транспорттағы қаратпалар.

- Кешіріңіз, сіз келесі аялдамадан шықпайсыз ба?
- Жоқ, шықпаймын.
- Онда мен өтіп кетейінші?!
- Өтіңіз, өтіңіз.

7) Студенттің оқытушыға қаратпасы.

- Раушан Мәмиқызы, кешіріңіз, сізді бір-екі минутқа бола ма?
- Иә, сізді тыңдап тұрмын. Не айтқыңыз келіп еді?
- Бүгін менен емтихан қабылдай аласыз ба?
- Қабылдауға болады. Тек қана сәл кейінірек қабылдаймын. Қазір бос емеспін. Сабағым бар.
- Қай кезде келсем болады?
- Сағат екіге қарай кафедраға келіңіз. Кешікпеңіз. Бүгін менің жұмысым көп.

8) Таныс адамға телефонмен айтылған қаратпалар.

- Алло, Айшажан, сәламет па? Гүлназды шақырып жіберші.
- Гүлназ үйде жоқ, жұмыста. Оған не айтайын?
- Жоқ, рахмет. Мен оған кейінірек хабарласамын.
- Жақсы хабарласыңыз.
- Сау бол, Айшатай.
- Жақсы сау болыңыз.

2. Сөйлеу әдебін пайдалана отырып, төменде берілген жағдаяттарды орындаңыз.

Таныс емес адамға айтылатын қаратпалар

- 1) Кішкентай қыздың немесе ұлдың атын сұраңыз.
- 2) Көшеде таныс емес бойжеткен қыздан жақын маңдағы кітапхананы сұраңыз.
- 3) Көшеде таныс емес ержеткен ұлдан автовокзалға қалай жетуге болатынын сұраңыз.
- 4) Автобуста алдыңызда тұрған әйелден келесі аялдамадан шығатынын, шықпайтынын сұраңыз.
- 5) Көшеде егделеу ер кісіден сағаттың қанша болғанын сұраңыз.
- 6) Вокзалда кезекші қызметкерден Астанаға баратын поездың қай платформаға тоқтайтынын сұраңыз.
- 7) Кинотеатрда таныс емес жас жігіттен орын алмастыруын өтініңіз.

Таныс адамға айтылатын қаратпалар

- 1) Өзіңіздің курстас досыңызға қарата айтыңыз, ертең жиналыс болатынын хабарлаңыз.
- 2) Анаңыздан өзіңіз жоқта ешкімнің хабарласқанын, хабарласпағанын сұраңыз.
- 3) Өзіңіздің ата-анаңызға жазда Көкшетауға экскурсияға баратыныңызды айтыңыз.
- 4) Оқытушыдан бүгінгі сабаққа қатыспауға рұқсат сұраңыз.
- 5) Өзіңіздің әріптесіңізден ғылыми конференцияның қашан болатынын, және оның баяндама жасайтынын, жасамайтынын сұраңыз.
- 6) Өзіңіздің досыңыздан алдағы демалыста не істейтіндігі туралы сұраңыз.
- 7) Өзіңіздің курстас досыңыздан қысқы емтихандық сессияның қашан басталатынын сұраңыз.
- 8) Өзіңіздің оқытушыңыздан емтихан сұрақтарын сұраңыз.
- 9) Өзіңіздің ғылыми жетекшіңізден сіздің курс жұмысыңызды қашан тексере алатындығын сұраңыз.
- 10) Өзіңіздің оқытушыңыздан емтиханды қайта тапсыруға рұқсат сұраңыз.

Сәлемдесу түрлері

- 1) Өзіңіздің курстас досыңызбен сәлемдесіңіз. Оның жазғы сессиясын қалай тапсырғанын сұраңыз, жазғы каникулда қайда демалатынын сұраңыз.
- 2) Әкеңіздің досымен амандасыңыз. Оның денсаулығын сұраңыз.
- 3) Досыңыздың қарындасымен амандасыңыз. Оның оқуы туралы сұраңыз.
- 4) Оқытушыңызбен амандасыңыз, консультация мен емтихан уақытын сұраңыз.

РӨЛЬДІК ОЙЫНДАР МЕН ЖАҒДАЯТТАР

3. Төменде берілген жағдаяттарды пайдаланып, диалог құрастырыңыздар.

- 1) Сіз көптен бері көрмеген мектептегі жолдасыңызбен кездестіңіз. Оны көріп, қатты қуандыңыз, таңқалдыңыз. Сіздердің араларыңызда қандай әңгіме болуы мүмкін?
- 2) Сіз мектепте бірге оқыған қызбен кездесіп қалдыңыз. Сіз оның жақында университетті бітіргенін, тұрмысқа шыққанын білдіңіз. Сіздердің араларыңызда қандай әңгіме болуы мүмкін?
- 3) Сіз университетте бірге оқыған курстасыңызбен кездесіп қалдыңыз. Сіз оны көремін деп ойлаған жоқсыз. Оның университетті бітірген соң, басқа қалаға жұмыс істеуге кетіп қалғанын білесіз. Сіздердің араларыңызда қандай әңгіме болады?

4. Әр түрлі мінез сипаты. Адам мінезін сипаттауға арналған сөздер тілімізде өте көп. Төменде берілген сөздерді анықтамалық материалдарды пайдалана отырып, мағынасын түсіндіріңіздер.

- I.**
 - а) нәзік, көңілді, мейірімді, салмақты, әдемі;
 - б) батыл, табанды, белсенді, шыдамды, еңбекқор, жұмысқа қабілетті;
 - в) қатал, талапшыл, адал ниетті;
 - г) ашық, көпшіл, әңгімешіл, қонақжай;
 - д) мықты, ақылды, талантты.
- II.**
 - а) дөрекі, тәрбиесіз;
 - б) екі жүзді, қорқақ, ұстанымсыз;
 - в) немқұрайлы, өзімшіл, кекшіл;
 - г) сараң, әділетсіз, топас, жалқау, тәжірибесіз, әлсіз.

5. а) Адамның мінез-құлқын білдіретін сын есімдермен танысыңыз. Оларды жағымды және жағымсыз сипаттарына қарай жіктеңіз.

б) Олардың синонимін немесе антонимін жазыңыз.

в) Өзіңіз жақсы білетін досыңызға сипаттама жазыңыз, оның мінез-құлқы мен кескін-кейпін де сипаттап жазыңыз.

Ұмытшақ, еріншек, шыдамды, салмақты, сезімтал, өтірікші, алғыр, қабілетті, талантты, зерек, сезімтал, шешен, өжет, өткір, пысық, сөзшең, ұғымпаз, шебер, аңғал, аңқау, алаңғасар, бейқам, енжар, ебедейсіз, икемсіз, мешеу, сылбыр, шабан, шорқақ, ұқыпты, құнтты, мұқият, тындырымды, елгезек, ынталы, зейінді, әдепті, сыпайы, үлгілі, сақ, епті, биязы, табанды, тәжірибелі, білікті, белгілі, білімді, беделді, абыройлы, белсенді, мәдениетті, көргенді, тәрбиелі, қырағы, байқағыш, шыныққан, ұлы, дана, кемеңгер, қайырымды, мейірімді, ұстамды, талап қойғыш, қатал, қатыгез, өзімшіл, паң, өктем, жұмсақ, жуас, момын, қонақжай, кеңпейіл, жомарт, сараң, тұйық, көпшіл, әңгімешіл, ашық, батыл, қорқақ, дөрекі, әділ, талапшыл.

6. 5-тапсырмада берілген сын есімдерді төменде көрсетілген үлгі бойынша сын-сипат мағыналы зат есімге айналдырыңыз:

- | | |
|---------------------------------|-----------|
| 1. <u>ұмытшақ-ұмытшақтық</u> | 12. _____ |
| 2. <u>еріншек-еріншектік</u> | 13. _____ |
| 3. <u>салмақты -салмақтылық</u> | 14. _____ |
| 4. _____ | 15. _____ |
| 5. _____ | 16. _____ |
| 6. _____ | 17. _____ |
| 7. _____ | 18. _____ |
| 8. _____ | 19. _____ |
| 9. _____ | 20. _____ |
| 10. _____ | 21. _____ |
| 11. _____ | 22. _____ |

7. Тұрақты тіркестердің сәйкес мағыналарын табыңыз.

- | | | | |
|-----------------------|--------------------------|--------------------------|----------------------------------|
| басыңа іс түсу | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | қартаю |
| жаның күйзелу | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | жағдайың кетіп, күтім керек болу |
| өмір өткелдерінен өту | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | қайғылы болу |
| басыңнан бақ таю | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | ақыл кіру |
| күш-қуатың кету | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | отбасында кикілжің болу |
| жағдайың кету | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | қиын күндер туу |
| шаңырағың шайқалу | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | кедергілерге ұшырау |

8. Төмендегі мәтінді оқыңыз, асты сызылған шарт мәнді сөз тіркесін, шартты райдың *-са, -се* формасымен ауыстырып жазыңыз.

9. Мәтінде асты сызылған адам бойындағы қасиеттердің қарама-қарсы мағынасын жазыңыз.

Ісі арқылы адамды бағалау

Кімнің кім екенін кескін-келбетіне қарамай-ақ, ісінен де білуге болады ғой. Бұл орайда бұрынғы өткен даналар былай демейді ме:

Туыстың кім екенін басыңа іс түсіп, жалалы болғанда білерсің.

Бауырдың кім екенін жаның күйзеліп, жаралы болғанда білерсің.

Достың кім екенін өмір өткелдерінен өтіп, саналы болғанда білерсің.

Жолдасың кім екенін басыңнан бақ тайғанда білерсің.

Баланың кім екенін күш-қуатың кетіп, қартайғанда білерсің.

Келіннің кім екенін жағдайың кетіп, жантайғанда білерсің.

Әйелдің кім екенін шаңырағың шайқалғанда білерсің.

10. Мәтіндегі адам темпераментіне қатысты ойға сіздің пікіріңіз қандай? Өзіңіздің және досыңыздың темпераментін анықтаңыз. Мәтіндегі сын есімдерді пайдаланып ойыңызды дәлелдеңіз.

Мамандығыңыз темпераментіңізге сай ма?



«Ағашта қанша жапырақ болса, адамда сонша мінез» бар дейміз. Темперамент – жүйке жүйесінің тума қасиеттерінен туындайтын адамның жеке өзгешелігі.

Адамның қандай темпераментке жататыны балалық шақтан-ақ белгілі болады. Темперамент табиғаттан беріледі. Дегенмен, адам есейген сайын, қоршаған ортаға деген қарым-қатынас та күрделене береді. Бәрі әркімнің ортаны қалай қабылдауына, дүниені қалай

тануына байланысты. Ашық мінезді адамның өсе келе тұйықталып кетуі, керісінше, тұйық адамның ашылуы өмірде кездесетін құбылыс.

Темпераменттің төрт түрі белгілі. Сангвиник – ашық, көпшіл, сөзшең, қайырымды, жаны жомарт, оптимист, өмірге құштар, қуатты адам. Басшылық етуге, жетекшілікке құмар. Сангвиник адам эмоциясын ішінде ұстап қала алмайды, қандай жағдайда да, әсерін сыртқы ортамен бөлісе береді. Олар жұрттың назарын өздеріне аударта алатын белсенді жандар.

Сангвиниктер менеджер, мұғалім, дәрігер, психолог, тәрбиеші, ұйымдастырушы, сатушы, даяшы, инженер-технолог т.б. мамандықтарды иелене алады.

Флегматик – өте сақ, ұяң, байсалды, сенімді, тұрақты, салқынқанды, жұртқа жақсылық тілеумен жүретін адам. Бастаған ісін аяғына жеткізбей тастап кетпейтін флегматиктер іске келгенде өте мұқият. Адамдармен қарым-қатынас жасағанда, мінездері тұрақты, бір қалыпты.

Флегматиктер механик, электрик, инженер, агроном, жүргізуші, ғалым-ботаник, астроном, физик, математик т.б. мамандық иелері бола алады.

Холерик – ұшып-қонып тұратын, күйгелек, шамданғыш, тынымсыз, көңіл-күйі құбылмалы, қарым-қатынас жасағанда мінезі аумалы-төкпелі, тұрақсыз, пысық, ашуланшақ адам. Қолына алған жұмысы өнбей жатса, күйіп-пісіп, жылдам ашуланады.

Холериктерге әртіс, дипломат, журналист, кәсіпкер, хирург, ұшқыш, диспетчер, жүргізуші, тренер, менеджер, құрылысшы, режиссер, аспазшы, геолог, электрик т.б. мамандықтар жарасады.

Меланхолик – өкпелегіш, пессимист, тұйық, сөзге сараң, аса баяу қозғалатын, ұялшақ, қыңыр, жайбасар, қисық адам. Кез келген қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарға бей-жай қарап, сезімін үнемі ішінде сақтап жүреді. Жаңа таныстық пен адамдар көп жиналған жерден қашқақтайды. Жалғыздықты сүйеді.

Меланхоликтерге педагог, суретші, тігінші-модельер, бояушы, сазгер, жазушы, мал дәрігері, геолог, агроном, зоотехник, есепші, радиомеханик т.б. мамандықтар сай келеді. Сіз қандай темпераментке жатасыз? Темпераментіңізге мамандығыңыз сай келе ме?

(massaget.kz)

11. Еңбекқор адамды, мейірімді адамды, әділ адамды, әдемі қызды, ақылды әйелді сипаттаңыз.

12. Қандай адамды дарынды, талантты, қабілетті дейміз? Қандай қасиетті дамытуға болады, ал қандай қасиет табиғаттан берілген деп ойлайсыз? Жауапта сый, талант, қабілет, ұлылық деген сөздерді пайдаланыңыз. Осы қасиетті білдіретін сөздерді ретімен жазыңыз.

13. « Дос қиындықта танылады» дегенді жиі естиміз. Осы оймен келісесіз бе? Қиын, сыни сәттерде неге адам мінезі толықтай көрінеді? Осыны түсіндіріп көріңіз.

14. Төменде берілген мәтін фрагментін оқып, түсіндіріңіз. Сіз үшін авторитет ата-анаңыз ба, достарыңыз ба, мұғалімдеріңіз бе, немесе тағы басқа біреулер ме, айтыңыз.

Егер өз өмірімізге мұқият қарайтын болсақ, А.М. Горькийдің танымал сөзін басқалай айтатын болсақ, онда өзіміздегі бар жақсы үшін адамдарға қарыздармыз деп мүмкін айта алармыз. Өз өмір жолымызда бақытымызға орай кездескен адамдарға. Олар біздің достарымыз, біздің әріптестеріміз, біздің замандастарымыз, жолдастарымыз, ұстаздарымыз, мұғалімдеріміз. Ұстаз дегенді кең тұрғыда айтып тұрмын. Бізді оқытқан адамдар туралы айтып тұрмын. Өз өмірімен, өз ойлауымен, ақылымен, шеберлік деңгейімен, жан дүниесінің кеңдігімен үлгі бола алған, үйреткен жандар туралы айтып тұрмын.

15. а) Мәтінді оқыңыз. Мәтінде қозғалған негізгі мәселелерді атаңыз, түсіндіріңіз.



«Мектепте оқыған кезімде, кейін университетте оқыған кезімде менің «есейген өмірім» мүлдем басқаша, басқа әлемде болатын сияқты, мен мүлдем басқа адамдар ортасында болатын сияқты көрінген. Қазіргіден ештеңе қалмайтын сияқты... Ал, шындығында, басқаша болды. Менің жолдастарым қасымда қалды. Әрине бәрі емес. Біразы өмірден өткен. Бәрібір жастық кезіндегі достар ең сенімді болып қалды. Таныстар әрине көбейді, бірақ нағыз достарың бұрынғылар болып қала берді. Шынайы достарың жастық шағыңда пайда болады. Менің анамның нағыз достары өзімен бірге гимназияда оқыған құрбылары екені есімде. Әкемнің достары институтта бірге оқыған курстастары болатын. Қанша байқасам да, достыққа деген ашықтық жасқа орай біртіндеп азаяды. Жастық – жақындасу уақыты. Осыны ескере келе, достарыңды сақтау керек. Нағыз достық қана қайғы мен қуанышты бөліседі. Қуанышта да көмек керек. «Қуанышты бөліссең, көбейеді» демеуші ме еді. Бөліспеген қуаныш қуаныш емес. «Қайғы бөліссең, азаяды» дейді. Қиындықта да жалғыз болмау керек.

Сондықтан жастығыңызды қартайғанға дейін сақтаңыз. Жас кезіңізде жинаған жақсының бәрін бағалай біліңіз, жастықтағы байлығыңызды жоғалтпаңыз. Жастықта жинағаныңыз ізсіз қалмайды. Жастықта алған тәрбиеніңіз, әдетіңіз өмір бойы сақталады. Еңбектегі дағдыларыңыз да. Жұмысқа үйрендіңіз бе, жұмыс өмір бойы қуаныш сыйлайды. Ал бұл адам бақыты үшін қандай маңызды десеңізші!

Жастық кездегідей қартайғанда да жақсы дағдылар өмірді жеңілдетеді, жамандары қиындатады, күрделендіреді. Тағы мынадай мақал бар:

«Арыңды жастан сақта» деген. Жас кезде жасаған барлық қадамдарың есте қалады. Жақсылары адамды қуантады, жамандары мазалайды, ұйқы бермейді».

(Д.С. Лихачевтен)

б) академик Д.С. Лихачевтің «Мейірімділік пен әдемілік туралы» хаттарының бірін таңдап оқыңыз, өз пікіріңізді жазыңыз. (Ғаламтордан қараңыз)

16. Достық туралы өз пікіріңізді айтыңыз, достарға, еңбекке қарым-қатысыңыз туралы айтыңыз. Пікір таласқа қатысыңыз.

17. Адамды еңбегіне қарай, еңбекке деген көзқарасына қарай бағалау деген бар. Сіз бұл туралы не айтар едіңіз. Жас адамның өмірінде еңбектің рөлі қандай? Еңбек ету дағдылары, өзгенің еңбегін бағалау дегенге қалай қарайсыз?

18. Сіз қай психологиялық типке жатасыз, ойланып, айтыңыз. Өз жауабыңызға дәлелдер келтіріңіз.

Психологтардың айтуынша адамдардың екі психологиялық типтері болады. Оның бірін, өзіне ғана қарайтындарды *интроверттер* деп, екіншісін, сыртқа қарайтындарды *экстраверттер* деп атайды. Бірінші типтегі адамдар өз-өзімен қалғанды, кітап оқығанды, жеке немесе тек отбасымен демалғанды ұнатады. Екінші типтегілер басқа адамдармен қарым-қатысты жақсы көреді, достармен, таныстармен демалғанды ұнатады.

19. Әңгімеге қатысушылардың әр түрлі психологиялық топтары болады. Төменде берілген әңгімелесушілердің сөйлеу сипаттарына назар аударыңыз. Сіз қандай әңгімелесушіге жатасыз, ойланып, айтып көріңіз. Өз жауабыңызға дәлелдер келтіріңіз.

1) **Доминантты әңгімелесуші** – қатал адам, сіздің сөзіңізді оп-оңай үзеді, өз дауысын көтеріңкі ұстап, өз сөзін бөлгізбейді. Егер ол сізге бір нәрсе түсіндіретін болса, сіз оны дұрыс түсіндіңіз бе, түсінбедіңіз бе, ылғи назар аударады. Ол шешімді, сөзіңізді бөлу оған қиын емес.

2) **Доминантты емес әңгімелесуші** – доминантты әңгімелесушіге толықтай қарама-қарсы. Ол қолдауды, қолпаштауды, мақтауды жақсы көреді.

3) **Мобильді әңгімелесуші** әрқашан белсенді. Оның сөзі жылдам, тіпті асығыс. Бет әлпеті де ылғи өзгеріп тұрады.

4) **Жайбасар әңгімелесуші** ұқыпты тыңдайды, асықпай, ойланып сөйлейді, сөйлемдерін түсінікті құруға, ойын анық жеткізуге тырысады. Сөзін бөлгенді ұнатпайды. Шыдамсыздау болсаңыз, онымен араласу сізді шаршатады.

5) **Экстравертті әңгімелесуші** қатысымға дайын. Бұл оның стихиясы. Әңгімелесуге мүмкіндік жоқ жерде оның іші пысады. Қуанышы болсын, мұңы болсын бөлісуге асығады.

6) **Интровертті әңгімелесуші** сыртқы коммуникацияға бейім емес. Ол үндеместің нағыз өзі. Өтіп бара жатқан адамнан бір нәрсе жөнінде сұрау ол үшін қиын. Оған жолды сұрағаннан гөрі қаланың жоспарын оқыған оңай. Ол күнделікті кездесуді, жеке тақырыптарға әңгімелесуді ұнатпайды. Онымен сұхбаттасу өте қиынға түседі.

20.

Тәуліктік ырғақ бойынша адамдардың белсенділігін әдетте «үкі» мен «бозторғайға» бөледі. «Бозторғай» – ерте тұрып, кешкісін ертерек ұйқыға кететіндер. Олар өздерін таңертең сергек сезінеді, жұмыс істеу қабілеттері де жоғары болады. Бірақ түстен кейін қуаттары сарқыла бастайтын көрінеді. «Үкілер» – «түнде ұйықтау керек» деген дәстүрлі түсінікті бұзатындар. Шығармашылыққа бейімдердің көпшілігі де осы «үкілердің» арасынан шығады. Алайда жетістікке қол жеткізетін, дәулеттілердің дені «бозторғайлар» дейді, зерттеушілер. «Құстардың» үшінші түрі – «көгершіндер». Олар «бозторғайлардан» кешірек тұрады, күні бойы белсенді, ұйқыға түнгі 11-лерде кетеді. Сіз қайсысына жатасыз? Аталған мінез сізде бар ма? Сіздіңше, «көгершінге» қандай қасиеттер тән деп ойлайсыз?

21. Біз өзімізге ұнайтын адамдарға ұқсауға тырысамыз. Олар біздің достарымыз, туыстарымыз немесе ата-анамыз, кітап кейіпкерлері немесе фильм қаһармандары болуы мүмкін. Олардың бірі – ақылды, мейірімді, басқасы күшті, батыл, ал үшіншілері – көңілді, әдемі. Сіздің осындай идеалдарыңыз бар ма, айтыңыз.

22. Адам мінезін ашатын сөздерді пайдалана отырып, айтыңыз.

- а) сізге қандай адамдар ұнайды;
- б) сізге қандай адамдар ұнамайды;
- в) сіздің қандай қасиеттеріңіз бар;
- г) сізге ұнайтын қандай қасиеттер жоқ.

23. Адам мінезін ашатын сөздерді пайдалана отырып:

- а) қандай адамдармен достасқыңыз келеді;
- б) қандай адамдармен достаса алмайсыз;
- в) қандай адамдармен жұмыс істеу жеңіл;
- г) қандай адамдармен жұмыс істеу қиын;
- д) қандай адамдармен бос уақытыңызды өткізгіңіз келеді, айтыңыз.

МӘСЕЛЕЛІК ЖАҒДАЯТТАР МЕН ПІКІРТАЛАСТАР

24. «Адам мінезі және оның жеке сипаттары» деген тақырыпта пікірталасқа қатысыңыздар.

Өзіңіздің әңгімелесушіңізден:

- а) оған адамдардың қандай жеке сипаттары ұнайды немесе ұнамайды;
- б) олардың идеалы бар ма екен, осы идеалдарына ұқсауға тырыса ма екен;
- в) олар өз мінезін қалай бағалайды; мақтаныш ете алатындай мінездері бар ма екен; қандай мінездері ұнайды, қай мінезі ұнамайды, біліңіз.

Әңгіме барысында әңгімелесушінің осыған ұқсас сұрақтарына жауап беріңіз.

25. Адамның сыртқы түріне қарап, оның ішкі жан дүниесін, мінезін, мамандығын білуге бола ма, ойланып, айтыңыз.

26. Төменде ғалымның сыртқы сипаты берілген мәтін фрагментін оқыңыз, түсіндіріңіз.

Оның көзінде үлкен адамдарда сирек кездесетін тазалық бар еді. Мүмкін бұл бейкүнә бала көз болар. Жоқ, баланың тазалығы, баланың аңғал көзқарасы өмірдің ақ-қарасын білмегендіктен, өмірдің ащы-тұщысын татып көрмегендіктен, тәжірибесіздіктен болады. Ал бұл кісідегі тазалық – күші мен қарапайымдылығының, даналығы мен үлкен өмірлік тәжірибесінің керемет сәйкесетіндігінде. Және осынысы таңдандырады, құрметке әкеледі.

27. Халықта «Көз – адам жанының айнасы» деген сөз бар. Осы ұғымды сіз қалай түсінесіз? Сіз келісесіз бе?



ТЫҢДАЛЫМАЛДЫ ТАПСЫРМАЛАР

1) Синоним сөздерді жазыңыз.

Тіршілікке құштарлық, орындыққа таңылу, семіп қалған саусақ, ғаламшар ғұламалары, астрофизика тылсымдар, зердесіне сіңіру, таспаға жазу, қара құрдым, қарны ашу, тойымсыз пиғыл, ашкөздік, дүниеқоңыздық.

Стивен Хокинг – адамзат баласының біз өмір кешіп жатқан дәуіріндегі ұлы перзенттерінің бірі. Оның тіршілікке деген құштарлығы еріксіз таң қалдырады және жаныңа жігер береді. Денесінің жартысынан көбін қозғалта алмайтын Стивен дауыстап сөйлей де алмайды. Ғұмырының үлкен бөлігін орындыққа таңылумен өткізіп келе жатқан данышпан физик «Менің қысқа тарихым», «Уақыттың қысқаша тарихы» атты кітаптарын семіп қалған саусақтарына қарындаш қыстырып, жазып шыққан. Ол бұл кітаптарында ғаламшар ғұламаларын ғасырлар бойына толғанып келе жатқан және адамның ақылы жете бермейтін астрофизика тылсымдары жайында бұрын-соңды еш пенде айтпаған, бірде бір ғалым аспаған жаңалықтар берген.

Стивен аз ғана жылдың мөлшерінде әлемнің ірі университеттерінің оқу бағдарламаларын үйінде отырып-ақ зердесіне сіңіре білген. Жетпіс жасқа келген Стивен Хокинг ғарыш ғаламына үйінде отырып шолу жасайды. Өз бөлмесіне орнатылған аспан әлемін зерттеу құралдары арқылы алыс ғарыштарға көз салып, дауыс синтезаторларының жәрдемімен сөздерін таспаларға жазумен айналысады. Данышпан физиктің ең басты зерттеу нысаны – адамзат баласы үшін жұмбақ күйінде қалып келе жатқан біздің Күн жүйесінен және жақын галактикалардан да тыс жатқан Қара құрдым және адамзаттың өзге ғаламшарларға болашақта қоныс аудару мүмкіндіктері.

Жер бетіне сыймай, өзара қырқысулардан көз ашпай, тіршіліктегі аз ғана ғұмырларын айтыс, тартыстармен өткізіп жүрген адамдарға физиктің таңғалатын жөні бар.

– Адамзаттың Жаратушы сый еткен ғаламшары – жер бетіндегі ғұмыр сүруінің қалпына қарап қарным ашады. Олар жер-анасын сыйламайды. Түтінге ыстап, қоқысқа тұншықтырып, қоршаған ортасын ластап, қойынын тесіп, қазынасын тауысып, аспанының озон қабатын жыртып болды. Адамның ашкөздігі мен дүниеқоңыздығы жердің жан иелеріне берерін түгесе бастады. Адам тойымсыз пиғылдан туған әрекеттерімен енді өзінің ғана емес, планетадағы тіршілік түрлеріне, жан иелеріне де қатер төндіре бастады. Сондықтан, жасыл планетамыз енді он ғасырдан соң ресурстарын тауысады. Содан соң, алыс болашақтағы ұрпақтарымыз басқа планеталарға қоныс аударуға мәжбүр болады. Адам баласы енді ғылым мен оның жетістіктерін қазірден бастап, Ай секілді жерге жақын, әрі мұзы бар көрші ғаламшарларға көшіп барудың қамына арнауы керек. Әйтпесе, келер замандарда адам уақыт кеңістігіндегі ғұмыр сүруін тоқтатады, – дейді ол.

2) Тест тапсырмаларын орындаңыз.

1. Стивен Хокинг өз замандастарынан несімен ерекшеленеді?

- А) ғылымға құштарлығымен
- В) табиғатқа құштарлығымен
- С) өмірге құштарлығымен
- Д) мансапқа құштарлығымен

2. Стивен өз кітаптарын қалай жазып шықты?

- А) компьютерде терді
- В) қаламмен жазды
- С) қарындашпен жазды
- Д) таспаға жазды

3. Данышпан физиктің ең басты зерттеу нысаны не?

- A) аспан денелері
- B) күн жүйесі
- C) Ай, Жер
- D) Қара құрдым

4. Стивен Хокинг аспан әлемін не үшін зерттейді?

- A) адамзаттың өзге ғаламшарларға болашақта қоныс аударуы үшін
- B) адамзатқа озон қабатын жыртықызбау үшін
- C) адамның ашкөздігі мен дүниеқоңыздығын тоқтату үшін
- D) Жер бетіндегі адамдардың қырқысуын тоқтату үшін

5. Данышпан физикті таңғалдыратын не нәрсе?

- A) адамзаттың өмір сүру қалпы
- B) Жер ресурстарының таусылуы
- C) Қара құрдым құпиясы
- D) Адамдардың өзара қырқысуы

6. Хокингтің айтуынша адамдардың Жер-ананы сыйламауы неден байқалады?

- A) басқа планетаға көшкісі келгендігінен
- B) айтысып, тартысуларынан
- C) қоршаған ортасын ластап, қазынасын тауысып, аспанының озон қабатын жыртыуынан
- D) көшетін жер іздеуінен

7. Оның айтуынша планета тұрғындары болашақта қайда қоныс аударғаны дұрыс?

- A) Айға немесе Марсқа
- B) Жерге жақын мұзы бар планетаға
- C) Жерден алыс, мұзы бар планетаға
- D) Жерге жақын мұзы жоқ планетаға

8. Стивен болашақта адамдар неліктен басқа ғаламшарға көшу керек деп есептейді?

- A) өзара қырқыса береді
- B) Жерді сыйламайды
- C) уақыт кеңістігіндегі ғұмыр сүруін тоқтатады
- D) басқа ғаламшарда өмір сүру қолайлырақ

3) Тыңдаған мәтінге тақырып қойыңыз. Мәтіндегі тірек (негізгі) ойды 1-тапсырмадағы сөздерді пайдаланып, үшінші жақтан жазыңыз. (3-4 сөйлем)

4) Көп нүктенің орнына жақшаның ішіндегі күрделі есімшелі анықтауыштарды қойып сөйлемді толықтырыңыз.

Ол бұл кітаптарында ғаламшар ғұламаларын және бірде бір ғалым аспаған жаңалықтар берген. Адам енді өзінің ғана емес, планетадағы тіршілік түрлеріне, жан иелеріне де қатер төндіре бастады. Денесінің жартысынан көбін Стивен дауыстап сөйлей де алмайды. Данышпан физиктің ең басты зерттеу нысаны – адамзат баласы үшін біздің Күн жүйесінен және жақын галактикалардан да тыс жатқан қара құрдымдар (черная дыра) және адамзаттың өзге ғаламшарларға болашақта қоныс аудару мүмкіндіктері. Ғұмырының үлкен бөлігін данышпан физик «Менің қысқа тарихым», «Уақыттың қысқаша тарихы» атты кітаптарын семіп қалған саусақтарына қарындаш қыстырып, жазып шыққан.

(жұмбақ күйінде қалып келе жатқан, ғасырлар бойына толғантып келе жатқан, қозғалта алмайтын, орындыққа таңылумен өткізіп келе жатқан, тойымсыз пиғылдан туған әрекеттерімен).

Алтын шаш



Ол жирен болатын, жирен болғанда нағыз жиреннің өзі болатын. Көзі де, қасы да, ерні де, секпілі де жирен. Оның беті түгелдей жирен түске бояп қойған сияқты еді. Шуақты күндері көшеде келе жатқанда, әрбір секпілінен жан-жаққа жирен шапақ шашырағандай, ал ашық жирен шашынан жирен нұр тарағандай. Әдеттегідей болмағаны соншалық, адамдар таңдана қарайтын.

Бірде көшеде бір жігіт жақындай келіп:

– Осыншалық жирен болмасаң болмай ма! – деген еді.

Ол ренжіп қалды. Ал анасы осы уақыттан бастап, қызында комплекс

пайда болғанын байқайды. Ол өзін бақытсыз сезіне бастайды.

Бір жолы мектеп баспалдағымен көтеріліп келе жатқанда, бұған бас иіп, мұны алға қарай өткізіп жіберген оныншы сыныптың әдемі сөйлейтін баласына кездесіп қалады:

– Менің қызыл шырайлы қарындасыма құрмет пен сый! – дейді сыпайы ғана.

Бұл болса не айтарын білмеді. Жігіттің айтып тұрғаны шындық еді.

Бірде бақта ең жақын құрбысы Машамен әңгімелесіп отырып, қиялдайды:

– Мектепті бітірген соң, дәл сол күні барамын да шашымды қара түске бояймын.

– Тура бітіру кешінде ме? – деп сұрады құрбысы.

– Иә, – деп қуанды ол, тура бітіру кешінде! – Не болар екен?

– Жо-оқ, – деп қарсыласты құрбысы. – Шашың қара, ал өн бойың түгел жирен сепкіл.

– Несі бар! – деп қарсыласты ол. Сепкілімді де кетіремін. Білесің бе, сепкілді де кетіретін бар екен. Сенбейсің бе?

– Сенемін, сенемін, кетіресің ғой, – деп, жауап берді Маша. Сен бастысы өкінбе. Сепкілде тұрған не бар, жиренсің ал онда тұрған не бар? Менің бір таныс қызымның мұрны тым үлкен. Ол өкініп, ренжіп жүрген жоқ.

– Мұрында тұрған не бар? Жирен болғанды айтсайшы.

– Иә, жирендерге жаман, – деді Маша.

Бірде шешесінің құрбысы өзінің баласымен бұларға қонаққа келді. Ол бұдан бір жас үлкен және реңді екен. Жирен қыз оған біраз әңгіме айтып, айналшықтап оның жанынан шықпады. Ол болса, көбінесе үндеместен отыра берді.

Ақырында қыз өзінің әдемі сөздерінің бәрін тауысып, орындыққа отыра кетті. Қонақ бала кенеттен орнынан тұрып, қыздың көзіне қадала қарап, дауыстап:

– Қандай әдемісің! Тұла бойың түгел алтын, алтын, алтын! Мұндай әдемілікті өмірімде көрмеппін.

Жирен қыз болса, бір сәтке орнында қатып қалғандай. Айналасының бәрі өзгеше әдемі, жаңа сияқты көрінді. Журнал үстелі де, үстелдегі картиналар да, вазадағы гүлдер де. Қыз жылдам орындығынан тұрды да, оған жақындап, қуанғанынан сүйіп алды.

(И.Хургина)

<https://libking.ru/books/child-/child-prose/362812-irina-hurgina-ryzhaya.html>

29. Мәтіннің негізгі мазмұнын айтыңыз, басты кейіпкерді сипаттаңыз. Адам әдемілігіне қатысты мәселелерге өз көзқарасыңызды білдіріңіз. Сыртқы әдемілік адамның тартымдылығын анықтайтын фактор деп санайсыз ба, айтыңыз.

30. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, достарыңызды (курстасыңызды, аға-інілеріңізді, әпкелеріңізді, ата-анаңызды) сипаттаңыз.

Ол ұзын (орта, кішкене) бойлы.

Ол толық (арық). Ол: күшті, мықты.

Ол сымбатты. Оның сымбаты әдемі.

Оның шашы: қара, бұйра, селдір, қалың, ұзын, қысқа.

Оның көзі: үлкен, көк, қара, бота көзді, қой көзді, мұңлы.

Ол: қыр мұрынды, пұшық.

Ерні: томпақ, жұқа, әдемі.

31. Берілген сөз тіркестерінен қарама-қарсы мәнділерін тауып, жазыңыз. Сөйлеуде қолданыңыздар.

Біресе бие, біресе түйе; тындырымды адам мінезі ауыр, мінезі қиын; қолы ауыр; жолы ауыр, жеңілтек адам; ыждағатты адам; аузы жеңіл; көңіл күйдің адамы; аузы ауыр; қолы жеңіл; аяғы жеңіл, аз сөйлейтін адам.

32. Төменде берілген сөз тіркесін қалай түсінесіз, түсіндіріңіз. Сіздің достарыңыздың арасында осындай мінезді адамдар бар ма? Қазақша беру керек.

Құмар ойыншы, ұжымның жаны, тірі энциклопедия, оң қолынан өнер тамған, милы бас, ақ қарға, баға жетпес адам, нағыз жігіт, қияли, әйел жүрегінің әміршісі, жарқыраған жұлдыз, біртуар адам, аузын ашса жүрегі көрінеді.

33. Төменде берілген сөз тіркестерін оқыңыз, мағынасын түсіндіріңіз.

1) алтын сақина, алтын ғасыр, алтын адам, алтын шаш.

2) темір есік, темір тәртіп, темір құлып

3) суық күн, суық жел, суық сөз, суық көзқарас, суық қабылдау, суық хабар.

4) ауыр сөмке, мінезі ауыр, ауыр сөз, ауыр тұрмыс.

5) үлкен үй, үлкен табыс, үлкен қуаныш, үлкен жазушы, үлкен адам.

6) қарт адам, ескі парк, ескі дос, ескі ауру, ескі сөз, ескі көз, ескі жол.

7) мінезі жұмсақ, жұмсақ кресло, жұмсақ вагон, жұмсақ нан, жылы жұмсақ, жылы сөз.

8) ашық күн, ашық адам, есік ашық, жолы ашық, қолы ашық.

34. Төменде берілген сөйлемдердегі сын есімдердің мағынасын түсіндіріңіз.

Оның әлсіз дауысы желден әзер естіліп тұрды. Оның жанып тұрған көзі бәрінің назарын аударды. Бастықтың жылы сөздеріне отырғандар қуанып қалды. Оның суық көзқарасы есімде қалыпты. Осы адамның кейбір тәтті сөздеріне түсінбей қаламын. Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады.

35. Төменде берілген сөздерді айтуға болатын адамдарға қысқаша сипаттама беріңіз.

Оның тілі өткір; тілі ұзын; түрінен түр жоқ, жанын қоярға жер табар емес; бас десең, құлақ дейді; азынан – сөзі, үстінен бөзі түскен, ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс; аузын айға білеген, азуы алты қарыс, мойнына су кеткен, басқа шауып, төске өрлеген, ұя бұзбас, шыр жұқпас, тістеген жерде тісі қалады.

36. Тұлға деген сөзбен танысыңыз. Қандай адам тұлға бола алады, тұлға болып қалыптасуға табиғи сипат әлде әлеуметтік жағдай, орта көбірек әсер ете ме, қалай ойлайсыз?

37. «Нағыз тұлға» немесе «Одан тұлғалық сипат бірден байқалады» деп қандай адамдар туралы айта аламыз.

38. Төменде айтылғандарды оқыңыз, түсіндіріңіз. Өз пікіріңізді білдіріңіз.

Адамның тұлға екендігі оның кәсіби қызметінде ашыла бастайды. Адамның өткендегі, қазіргі, келешектегі құндылығы өзі қызмет еткен іспен де анықталады.

39. Тарихтан немесе өз өміріңізден өзгеше тұлғаларды есіңізге түсіріңіз. Осы тұлғалардың өзгешелігі неде, түсіндіріңіз. Ол мамандығы бойынша кім? Сіздіңше, мамандық тұлға болуға әсер ете ме?

40. Мына сөздердің тіркесімділік айырмашылығына назар аударыңыз.

- ұлы, қайраткер, әділ, талантты, интеллигент адам; адам ойы, құқығы, қадамдары; сөздің ардың, еңбектің адамы; табиғат және адам.
- күшті, мақсатты, қайталанбас, ерекше, қайраткер, әлсіз, қызық тұлға; тұлға және қоғам; тұлғаның ғылымдағы, тарихтағы рөлі.
- әлеуметтік, биологиялық, жеке, ірбір индивидуум (индивид).
- ресми, лауазымды, тарихи, жауапты адам.

41. Төменде берілген сөз тіркестерін оқыңыздар. Олардың мағынасын түсіндіріңіз. Сөйлем құрастырыңыздар.

Адам факторы; тұлғаның тарихтағы рөлі; нағыз адам; жалпы адамзаттық құндылық.

Қазақ тіліндегі сын есімдердің қызметі

- Сын есімнің негізгі синтаксистік қызметі анықтауыш. Алайда сын есім сөйлемде баяндауыш қызметін де атқарады. Мысалы: Бөлмеге жас жігіт кіріп келді. Ол өте жас.
- **Сын есім баяндауыш қызметін атқарған кезде сөйлеу сәтіне орай субъектінің сапалық қалып күйін немесе белгісін білдіреді.** Салыстырыңыз: Дені сау бала (тұрақты, мезгілге қатысты емес сипат, белгі) және баланың дені сау (қазіргі сәт, қазір); ауру қыз және қыз ауру (қазіргі сәт); көңілді бала және бала көңілді (қазір, қазіргі сәт).

Қажет / қажет еместіктің берілуі

Мысалдар: Егер мен саған керек болатын болсам, онда маған үйге хабарлас. Маған сенің көмегіңнің керекі жоқ. Маған қаржы керек болып тұр. Оған Астана туралы слайдтар керек.

Маған (саған, оған)	сен, сенің кеңесің	кім? не?	керек / керек емес
	бағдарлама		керек / керек емес
	Астана туралы слайдтар		керек / керек емес

Келісімнің / келіспеушіліктің берілуі

Мысалдар: Мен сенімен келіспеймін. Ол бізбен кешке дейін жұмыс істеуге келісті. Бүгін біз үйде қалуға келістік. Айдана бізбен Астанаға баруға келіспеді. Олар бұл жұмысты істеуге келіспеді.

Қуаныштың / реніштің берілуі

Мысалдар: Достарымыздың келгеніне қуаныштымыз. Ол бұл кездесуге қуанған жоқ. Ол менің табысыма әрқашан қуанатын. Келгенің қандай жақсы болды. Мына жаңалығың айтарлықтай жақсы болды. Несін айтасың, төбеміз көкке бір елі жетпей қалды.

Сенімділіктің / сенімсіздіктің берілуі

Мысалдар: Оның бүгін уақытында келетініне мен сенбеймін. Ол оған сенбейді. Біз бұған сенбейміз. Мынау сенімсіз нәрсе, ойланып көріңдер. Мына ақпарат шынайы емес, түпнұсқадан қараңыздар.

42. Кестеде берілген сөйлемдерді оқыңыз. Сын есімдердің адамның ішкі және сыртқы қалып-күйін сипаттаған қызметіне, қолданысына назар аударыңыз.

– Баяндауыш қызметіндегі, қолданысындағы сын есім мінездің **эмоционалдық сипатын білдіреді**,

– ал анықтауыштық қызметінде мінезді **баяндау арқылы білдіреді**.

– Таза стилистикалық мақсатта сын есім адамның **тұрақты сын-сипатын білдіру үшін қолданылады**. (ақымақ, топас, жалқау т.б.)

Ол әділ және батыл қыз.

Дәурен әділ, батыл.

Ақымақ, ойсыз бала.

Ол сондай ақылсыз.

Талантты, еңбекқор, білімді адам.

Асқар – еңбекқор.

43. Төменде берілген сын есімдерден зат есім жасаңыздар.

Үлгі: ұқыпты – ұқыптылық

Мылжың, мейірімді, дөрекі, сыпайы, қатал, жеңілтек, өтірікші, екіжүзді, көпшіл, алғыр, ашық, қарапайым, салмақты, әділ, немқұрайлы, тұйық, сараң, батыл, шыдамды, талапшыл, еңбекқор, табанды, қу, жомарт, шыдамсыз, билікшіл.

44. Төменде берілген мәтінді оқыңыз.

Аққудың сенімі



Бірнеше жыл бұрын осы өлкеге аққулар ұшып келді. Аққулар ауыл қасындағы кішкентай көлде демалды. Таңсәрі болатын. Аққулар қауырсын, қанаттарын тазалап, жүзіп жүрді. Ауыл тұрғындары ояңған соң, құстарды шошытпас үшін балаларға көлге жақындауға тыйым салды. Балалар нан әкеліп, алыстан лақтырып жүрді. Олар құстарды бақылап, әдімілігін қызықтаумен болды.

Құстар түнеп, күш жинап, келесі күні ауыл тұрғындары ұйықтап жатқанда, жолға жиналды. Қалай тыныш ұшып келсе, солай тыныш ұшып кетпекші еді, алайда кенеттен

оқ атылды. Қорыққан құстар аспанға көтерілді, ал жағада өлген құс қала берді. Кенет құстар тобынан бір аққу бөлініп, өлген құрбысын айналып, үстінен ұшты. Адамдар бірінші рет аққудың өзгеше даусын, зарлы әнін естіді. Бұл әнді жыламай тыңдау мүмкін емес еді. Содан кейін аққу ұшып кетті.

Мүмкін бұл оқиғаны бәрі ұмытып кетер ме еді, тура бір жылдан соң, дәл сол күні, және дәл сол сағатта осы көлге аққу ұшып жетті. Ол жалғыз болатын, өткен жылғы мұңлы әнін айтты. Барлық адамдар осы жерде құрбысын жоғалтқан аққу екенін бірден түсінді ...

Міне төртінші күз, ол осында ұшып келді. Адамдар да оған үйренді, жыл сайын күтеді. Оған тамақ береді. Мылтық даусы жалғызсыраған аққудың есінде, бірақ бәрібір ұшып келеді.

(Е.Ауэрбах)

45. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркесінің мағынасын анықтаңыздар. Сөйлеуде қолданыңыздар.

- тыйым салу – (кімге?)

Ауыл тұрғындары аққуларды үркітпес үшін балаларға көлге баруға тыйым салды. Дәрігерлер науқасқа темекі шегуге тыйым салды.

- бақылау – нені?

Балалар құстарды алыстан бақылады. Көл жағасында отырып, біз күннің батқанын бақыладық.

- күш жинау – не істеу?
- Аққулар кішкене көлге түнеп шығып, күш жинап алып, таңертең ауыл тұрғындарының бәрі ұйықтап жатқанда, жолға жиналды.
- көтерілу – қайда?
- Қорыққан құстар аспанға көтерілді. Ұшақ көкке көтерілді. Біз бесінші қабатқа көтерілдік.
- жоғалту – кімді / нені?
- Барлық адамдар бұның осында құрбысын жоғалтқан аққу екенін бірден түсінді.
- үйрену – (кімге / неге?)

Адамдар құсқа үйренді, ылғи оны күтетін болды.

46. Мәтін сюжетін әңгімелеңіз. Онда қозғалған мәселеге өз пікіріңізді білдіріңіз. «Сенім» ұғымына қандай ой айтасыз? Жақын адамдарымен, достарымен, сүйіктісімен қарым-қатыста «сенім» адам мінезінің маңызды сипаты деп ойлайсыз ба?

47. Төменде берілген сөз тіркестерін оқыңыз, мағынасын түсіндіріңіз. Сөйлем құраңыз.

- 1) күш жинау (батылдыққа, ерлікке, шыдамдылыққа, тәжірибеге, жеңуге, оқуды аяқтауға).
- 2) жоғалту (кілтті, уақытты, ақшаны, үмітті, көз жанарын, даусын, досын)

48. Кестеде қазақ тіліндегі мезгіл мәнді конструкцияның қолданысы берілген. Талдап, өз мысалдарыңызбен толықтырыңыз. Сөйлемдер құраңыз.

Септік	Сұрақ	Септеулік, көмекші сөз	Мысал
Жатыс септігі	қашан?		бесінші тамызда келу
		дейін	жұмысқа дейін, түске дейін
		кейін	түстен кейін, жұмыстан кейін
		қарсаңында	мереке қарсаңында
		кезінде	демалыс кезінде
Шығыс септігі	қай уақыттан бастап?		сағат екіден бастап, дүйсенбіден бастап, содан бері, таңнан бері
	қай уақытқа дейін?		сағат онға дейін, кешке дейін, осыған дейін
Барыс септігі	қашан?	қарай	кешке қарай, сенбіге қарай
	қай уақытқа, қай мезгілге? қашанға?	таман	түске таман келіңіз, жұмысты сәрсенбіге дайындап қою
Барыс септігі	қанша уақытқа?		бір жылға кету, бес күнге келу

Атау септігі	қашан? қанша уақыт?		осы күні, сол күні келіңіз, он минут үзіліс жасау, осы жылы, осы аптада, өткен аптада, келесі жылы
Шығыс септігі	қашан?	соң, кейін, бұрын	бір сағаттан соң, бір күннен кейін, қоңыраудан бес минут бұрын келу,
	қашан?		апта сайын келу, қыс сайын, жыл сайын
Жатыс септігі	қашан?	алдында, артында	кетер алдында, келер алдында, кетерде, келерде, емтихан алдында
		тұсында	Абылайхан тұсында

49. Төмендегі кестеде мезгілдік құрылымның жай сөйлемде берілуі берілген. Мұнда бір мезгілдіктің, бірізділіктің, іс-әрекетке дейінгіні білдіретін құрылымға назар аударыңыз. Осы құрылымдармен сөйлем құраңыз.

Мезгілдік қатынастың жай сөйлемде берілуі

Бір мезгілдіктің берілуі

Құрылым	Мысалдар
	екі апта, үш ай, үш сағат
Жатыс септігі	дүйсенбіде, сағат үште, осы сәтте
	жаз басында, 2005 жылы
	осы аптада, ғасырлар тоғысында
	келіссөз кезінде, конференция кезінде
	оқу процесінде
	әңгіме барысында, пікір талас барысында

Бірізділік қатынастың берілуі

Құрылым	Мысалдар
Шығыс септігі, кейін септеулігі	екі сағаттан кейін, екі аптадан кейін, үш айдан кейін, төрт жылдан кейін
	сабақтан соң, емтиханнан кейін, жұмыстан соң

Іс-әрекетке дейінгі уақыт

Құрылым	Мысалдар
Құрылым	келіссөзге дейін, жұмыс аяқталғанға дейін
	жұмыс басталғанға дейін, құрылыс басталғанға дейін

50. Мезгілдік қатынастың күрделі сөйлемде берілуіне назар аударыңыз, өз мысалыңызды айтыңыз.

Құрылым	Мағынасы	Мысалдар
	іс-әрекет бірінің артынан бірі болады, бірақ қайталанады	Мен жұмыстан жалыққанда, шаршағанда, кітап оқимын.
	іс-әрекет мезгіл жағынан сәйкес келеді (бір мезгілдегі іс-әрекет)	Соғыс аяқталғанда, ел экономиканы қалпына келтіруді ойлады.
	іс-әрекет бірінің артынан бірі болады (бірізді іс-әрекет)	
	іс-әрекеттің бір мезгілділігі	Ол баяндама жазып болғанша, біз оқып отырдық.

51. Әңгімеге қатысыңыз. Әңгімелесушіден өзіңізді қызықтыратын ақпараттарды сұраңыз.

1) Ол оқуды жақсы көре ме; оған қандай кітаптар ұнайды; оның сүйікті жазушылары мен ақындары кімдер; қазір қандай кітап оқып жатыр; қандай қазақ жазушылары мен ақындарын біледі; қазақ авторларының қандай шығармаларымен таныс.

2) Ол музыканы жақсы көре ме; оған қандай музыка ұнайды (қазіргі ме, классикалық па); ол концертке жиі бара ма.

3) Ол бейнелеу өнерін жақсы көре ме; оған қандай картина ұнайды; оның сүйікті суретшілері кімдер; қандай қазақ суретшілерін біледі; ол мұражайларға жиі бара ма; қандай мұражайларда ол болды.

4) Ол театрды жақсы көре ме; театр өнерінің қандай бағыты оған ұнайды (балет, опера, драма, комедия, оперетта); ол театрға жиі бара ма; ол қай театрларда болды.

5) Ол спортты жақсы көре ме; оған спорттың қай түрлері ұнайды; оның сүйікті спортшылары; ол қандай спорт түрлерімен айналысады.

ӨЗ БЕТІНШЕ ОҚУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

Интервью мәтін

Психология және соционика

Мынадай жағдаятты елестетіңіз: сіздің сүйікті жұмысыңыз бар, бастығыңыз жақсы, әріптестеріңізбен қарым-қатысыңыз жақсы, өміріңіз бір арнаға түскендей, оған өзіңіз де разысыз. Бірақ сіздерге жаңа бастық келді, кейбір қызметкерлерді ауыстырды, қақтығыс, реніштер басталды, ұжымнан тыс қалған сияқты болып қалдыңыз. Не істеу керек? Жұмысты ауыстырамыз ба? Бірақ, біріншіден, бүгіндері бұл оңай емес, екіншіден, жаңа жерде де осындай мәселелер болмасына кепілдеме жоқ. Ал білетін адамдар егер жаңа ғылым социониканы меңгерсе, осындай қолайсыздықтардан қашуға, болдырмауға болатынын айтады. Осы және басқа мәселелер туралы және соционика бойынша маман Анатолий Бодровпен әңгіме.

– Біздің көпшілігіміз білмейтін соционика деген қандай ғылым? Ол қайдан келген?

– Соционика – адам мүмкіндігі және адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас туралы ғылым. Оның басында жиырмасыншы ғасырдағы көрнекті психологтар Зигмунд Фрейд пен Гюстав Юнг тұр. Оның қарқынды дамуы жетпісінші жылдары болған, бірақ, енді ғана пісіп жетілді. Соционикаға сәйкес адамдар бірнеше (он алты) типке бөлінеді, олардың арасындағы қарым-қатыс та әр түрлі қалыптасады, ыңғайлылықтан жанжалға дейін.

«Тату тәтті өмір сүрейік» деген ұран нәтижесіз: біздің бәріміз тартылыс және кері тебу психологиялық заңы бойынша бір-бірімізбен сәйкесеміз.

Осы заңдарды білсек, сақтасақ, онда біз әр түрлі адамдармен қарым-қатысты болжамдай аламыз.

Өз кезегінде он алты психоақпараттық типтер «квадры» деп аталатын төрттікке бөлінеді. Бір квадрадағы адамдар өмірге өз көзқарасы, өз тәлім тәрбиесі болса да, бір-бірін тамаша түсінеді. Егер де адам өз квадрасына түспесе, түсінбестіктің торына түседі де, өзін қолайсыз сезінеді.

– Онда не істеуге болады?

– Екі жолы бар: шыдап, басқаның ережесіне көну керек. Мұндай жағдайда жаныңа жарақат алуың да ғажап емес. Не кету керек, ерте ме кеш пе, болатын жағдай.

Мынаны ескерткім келеді: егер де бір адам басқалармен дұрыс қарым-қатынаста болмаса, олардың бірі жаман деген сөз емес. Басқа адамдармен қарым-қатыста адам өзін ыңғайсыз сезінсе, олар немесе оның өзі жаман емес, тек қана олар бір-біріне сәйкес емес, бір-біріне бөтен адамдар.

– Көп адамның ішінен қалайша «өз» адамын іздеуге болады?

– Социониканың жетістігі сол практикалық тұрғыдан барлығына қол жетімді.

Аз ғана фактімен адам туралы көбірек білуге болады. Ол үшін бәрінен бұрын оның қай типке жататынын білу керек, содан кейін осы адам туралы ақпарат білуге болады.

Біз өз жұмысымызда шартты есімдерді көп пайдаланамыз, былайша айтқанда псевдоним, әр қайсысы бір образ. Мысалы «Жуковты» алайық. Бұл барлық типтердің ішіндегі қайтпас қайсары – онда керемет басқару қабілеті мен ұйымдастыру қабілеті бар. Актер Михайл Ульяновке маршал Жуковтың рөлін ойнау неге сәтті болғанын білесіздер ме? Мұнда таланттан басқа оның өзі де осы геройы сияқты осы типке жатады. Басқа да көптеген типтер бар – «Дюма», «Бальзак», «Наполеон», «Дон Кихот», «Гамлет», «Гюго», «Штирлиц».

– Белгілі адамдардың сипаты адамдарда қалай байқалады?

– Айталық «Дюма» типтес адамдар – рахаттануға бейім адамдар. Олар қуанышты, қонақжай, қоршаған әлемді жайлы сезіну арқылы қабылдайды, осы жайлылықты кез келген жағдайда жасай алады, кез келген кеңістікке «орналасып» сіңіп кете береді. Оларға қызмет көрсету ұнайды, олар өзгеге ықыласпен көмектеседі, үйде де, жұмыста да олар өздерін жақсы сезінеді.

«Гюголарға» (белгілеу шартты) қатысты айтатын болсақ, мұндай адамдар қулықсыз, сезімдерін де ашық білдіреді. Олар эмоциямен өмір сүреді, әңгімешіл, тіпті кейде мылжың. Басқаларға қысым көрсетуге бейім – айғай арқылы, ақша арқылы, күш арқылы және билігін көрсету арқылы. Осы типке мысалы Джордж Вашингтон және Фридрих Энгельс жатады.

Ең жоғары тип «Бальзак». Бұл интеллектуал, прагматик. Кішкене көкіректеу, бағыныштылықты қаламайды, басқаларды да бағындыруға бейім емес, пайдасыз жұмыстан кете алады.

– Наполеон ше? Олар командирлікке бейім шығар? Ұлылықпен де ауыратын шығар?

– Бұлар – кез келген масштабтағы лидерлер. Олар адамдармен жұмыс істей алады, дамыған ерік жігерге ие. Алайда іскери қарым-қатыста бұлармен сақ болған жөн, олардың энергетикасы күшті.

– Ал өзіңіз, Анатолий, қай типке жатасыз?

– Мен бе? Мен – «Дон Кихотпын».

– Мәссаған! Дон Кихоттың өмір бойы жел диірменмен күрескені елдің бәріне белгілі ғой? Осы оған бақыт әкеле алды емес пе...

– «Дон Кихот» типтес адамдар романтизм, арманшылдықпен ерекшеленеді. Олар адамдарды тани алады, жасырын мүмкіндіктерін көре алады. Олар жаңа қызықты теория жасай отырып, өздерінің ойлары мен идеяларын логикалық тұрғыда қалыптастыруға тырысады. Осы типке жататындардан қазіргі механика теориясының негізін қалаған және дененің еркін құлау

заңын логикалық жолмен ашқан Галилео Галилейді айтсақ та жеткілікті. Альберт Эйнштейн – салыстырмалылық теориясының авторы, Зигмунд Фрейд психоанализдің атақты теориясын жасаған. Сонымен Сервантестің геройымен тұйықталып қана қоюға болмайды.

– Айналамызда әр түрлі тұлғалар бар екен, ал біз бұны байқамаймыз...

– Егер өзіңіздің қай типке жататыныңызды білсеңіз, сондай-ақ өзіңіздің қасыңыздағы адамдардың типін білсеңіз, біреулердің неге шыдамды, үндеместігін, енді біреулердің эмоционалды, әңгімешіл екенін, кейбіреулердің қатарынан бірнеше істі істеуге бейім екенін, ал басқалардың соны әрең-әрең үлгеріп жүргенін түсінесіз. Сіз олардың сол немесе басқа жағдаяттардағы қадамдарын, тәртібін болжай аласыз, олармен қалай қатысуды да білесіз. Ал бұның жұмыста да, үйде де маңызы аз емесіне келісіңіз.

– Онда соционика көмегімен адамдар арасында қандай қатысым болатынын болжай алуға, айтуға болатын шығар? «Бастық» таңдауда, күйеу мен әйелді таңдауда бұл адамдар үшін маңызды емес пе?

– Бастыққа қатысты айтатын болсақ, «таңдау» сөзі осы тұсқа сәйкес пе екен – сіз емес бастық таңдайды. Бірақ сіз алдыңызда не тұрғанын ертерек білесіз – қалыптасқан жұмыс, өзара түсіністік немесе қақтығыс, айтыс. Ал өмірлік серігіңді таңдауда соционика көмектеседі, қателеспейді.

– Анатолий, сіз адамдарға «өз» жұмысын табуға көмектесіп жүретініңізді білемін. Осы туралы айтыңызшы.

– Басында біз оларға өзін түсінуге көмектесеміз. Адамның өз орнында еместігі жиі кездеседі. Бұл кәсіби жарамсыздық ретінде қабылданады. Бұдан адамның өзі ғана емес, оның мансабы да, мекеменің жұмыс нәтижелілігі де зардап шегеді. Сондықтан жұмыс үшін жағымды ахуал жасағысы келген фирма жетекшілері, кәсіпкерлер жиі хабарласады. Біз адамдарға қай қызметте олардың мүмкіндігі көбірек ашылады, профессионалдығы көрінеді, сол қызметті таңдауға көмектесеміз.

– Сізді тыңдасақ, соционикасыз қазіргі кезде өмір сүру де қиындау ма, күрделі ме деп ойлап қалуға болады екен...

– Иә, ол – солай. Социониканың болашағы зор, бұл – қазіргі ғылым. Біздің өміріміз жылдам өзгеріп жатыр. Оған ілесу, үлгеру қиын. Ілесіп отыру үшін адамдарға жаңа білім керек. Мұны практика көрсетіп жатыр.

1. Бақылау тапсырмалары. Соционикада көрсетілген тұлғалардың типтік мінездемесін оқыңыздар. Өзіңіз, сіздің достарыңыз, туыстарыңыз, әріптесіңіз, курстасыңыз қай типке жатады, анықтаңыз.

Соционика адамдарды 16 типке бөледі. Осы типтердің әрқайсысының жеке сипаттары бар.

«Габен». Кредосы: әлемді пайда билейді.

Осы типтегі адамдар үнемі үндестік іздейді, айналасындағыларға қолайлы жағдай мен жағымды ахуал жасауға тырысады. Әрбір істе және басқалармен қарым-қатысында пайда әкелуді көздейді. Нақты беретіні жоқ, пайдасыз жұмыстан шығып кете біледі. Адамдарға оның істерінің нәтижесі бойынша пікір айтады. Істің болашағы тұрғысынан баратын болсаңыз, осы типтегі адамдармен ортақ тіл табуға болады.

«Гамлет». Кредосы: әлемді тағдыр билейді.

Өзгеше. Басында партнерлерін өте сақтықпен бағалайды. Оған тән болмаса да іскери адамдардың рөлін ойнай алады. Өте энергиялы. Авторитарлыққа өте бейім. Жақсы оратор, аудиторияны меңгере алады. Монотонды әрекетке шыдамайды. Олармен қатысымда арақашықтықты біртіндеп қысқартқан жөн.

«Гексли». Кредосы: әлемді талант пен қабілет билейді.

Адамдарды жақсы таниды, ерекшеліктің бәрін байқайды. Айналасына әсер етеді. Практик емес, бірақ басқалардың тәжірибелілігін бағалайды. Оқиға мен адамдарды бағалауда өте субъективті. Тым жомарт. Уақытқа ұқыпсыз, алайда, осы жағынан басқаларды бақылауды жақсы көреді.

«Горький». Кредосы: әлемді заң, тәртіп билейді.

Осы типтегі адамдар адамдармен қарым-қатысты басқалардан жақсырақ орната біледі, тәртіпті орната алады. Бүгінгі күнмен өмір сүреді, болжай алмайды, болжамды қабылдамайды. Оған ең маңыздысы – тұрақтылық. Өте әділетті. Ол туралы «парыздың адамы» деп айтуға болады.

«Джек Лондон». Кредосы: әлемді тірі табиғат билейді.

Табиғаты бойынша – жетекші, өте динамикалы, үнемі қозғалыста. Ылғи ізденісте. Ынтасы болса, шешілмейтін сұрақ жоқ. Жиі асығыстық жасайды. Мұндай адамды басқаруға болады, тіпті бастық болса да. Басқалардың іскери сапасын көре біледі, бағалай біледі, ол үшін бәрінен жоғарысы – жұмыстың тиімділігі. Осы типтегі адамдармен қарым-қатынаста сенімділік және әділдік керек.

«Достоевский». Кредосы: әлемді мейірімділік билейді.

Осы жұмсақ, шыдамды адамдарға альтруизм, бірге уайымдау, жүрек жылуы тән. Олар жылап жіберуге дайындардың нақ өзі. Қақтығыс, дауларды жаратпайды, сезімтал, жаны жараланғыш. Жұмысты жақсы жоспарлайды, бірақ арқа сүйейтін сенімді әріптесті қажет етеді.

«Драйзер». Кредосы: әлемді мораль, этика, адамгершілік, парыз билейді.

Өте еркін адам. Өзінің еркіндігімен басқаларға қысым көрсете алады. Жаны жараланғыш, өкпелегіш, өкпесін ұзақ уақыт сақтайды. Ол үшін стресс көзі мағлұматсыз, хабарсыз болу (неведение): ол басталған істің қашан аяқталатынын, осы немесе басқа оқиғаның қашан болатынын міндетті түрде білуі керек. Басқаруды онша жаратпайды, оған тапсырманы орындаған тынышырақ. Іске қатысты емес эмоцияларды жаратпайды.

«Жуков». Кредосы: Әлемді күш, билік, авторитет билейді.

Барлық типтердің ішіндегі ең табандысы. Оларды керемет басқару, ұйымдастыру сапасы өте жақсы. Адамдарды бағындыра алады, дөрекілеу, шыдамсыздау, ренжітеді де, төмендетеді де. Бергеннен гөрі алуға бейім. Сұмдық прагматик, өз пайдасын жақсы біледі. Жаңа адамдарға, әдетте, жағымсыз қарайды. Мұндай адаммен «жамандыққа жақсылық» ұстанымымен қатысқан жөн, бұл оны ойландырады, жүрісінен жаңылдырады.

«Штирлиц». Кредосы: әлемді еңбек билейді.

Сұмдық еңбекқор. Жауапкершілігі өте жоғары, сенімді, басқалардың сенімін ақтауға тырысады. Өз пікірін тура айтады. Маман ретінде өзін жақсы көрсете алады. Шындық ол үшін бәрінен де жоғары.

(<http://sociolife.info/articles/30-statyi/66-iz-zhizni-ile.html>)

2) Бақылау тапсырмалары. Төменде берілген мінездемелерді оқыңыз. Қайсысы сіздің мінезіңізге, темпераментіңізге сәйкес келеді, айтыңыз.

1) Сіздің жұмыс істеу қабілетіңіз әрқашан бірқалыпты, белгілі себептер ізмен байланысты ғана өзгереді. Жұмысыңыз да бірізді, бәрін соңына дейін аяқтауға тырысасыз. Шешімді салмақты қабылдайсыз, өзгертуді ұнатпайсыз. Сізге тәртіп ұнайды, сізге орнатылған ережеге сүйену жеңіл.

2) Сіздің жұмыс істеу қабілетіңіз себепсіз өзгеріп отыратын көңіл-күйіңізге байланысты. Көтерілуіңіз белсенділіктің төмендеуімен ауысып отырады. Сіз жолым болып кетер деп, іске дайындықсыз кірісіп кетесіз, сәттілікке сенесіз. Сізге қатал кесте мен нұсқауға бағыну қиын.

3) Сіз дау-дамайдың, түсінбестіктің себептерін анықтауды жақсы көрмейсіз. Ақылды сезімнен жоғары қоясыз, адамдар туралы симпатияға тәуелсіз объективті төрелейсіз. Өзіңіздің де, өзгенің де жеке өмірі туралы талқылауды ұнатпайсыз.

4) Жақсы қарым-қатынастар үшін компромиске баруға бейімсіз. Сізді адамдар арасындағы өзара қатысым мен сезімдері қызықтырады. Өзгеге жақсыны жасауға тырысасыз.

5) Сіз өзіңізге сенімдісіз, бос қиялды жаратпайсыз, реалист, практиксіз. Бірнеше істі қатарынан істегенді ұнатпайсыз, біреуімен ұқыпты айналысасыз. Көптеген заттарды өз қолыңызбен жасауды ұнатасыз. Өзіңіздің, өзгенің істегендерінің нәтижесін тексересіз.

6) Сіз болашақты жақсы байқайсыз, өткенді жиі еске аласыз, жаңалыққа, өзгеріске ұмтыласыз. Өзіңізге сеніміңіз аз, күдікке бейімсіз. Практикадан гөрі теорияға сенесіз.

7) Сіз сақсыз, қатысымға онша белсенді емессіз, жаңа адамдарға онша сенбейсіз. Өзіңізді бақылайсыз, өз еңбегіңізді көрсете бермейсіз. Артық айтып қоймас үшін даудан қашуға тырысасыз.

8) Сіз жаңа адамдармен тез тіл табысасыз, таныстарыңызды көбейтуге тырысасыз. Өзіңізге қарағанда өзгені түсіну сізге жеңілірек. Сіз ашықсыз. Тәуекелге бейімсіз.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Елдер. Адамдар. Сапарлар. Саяхаттар.

ГРАММАТИКА:

- Кеңістік мәнді құрылымның берілуі;
- Қозғалыс етістіктері;
- Есептік сан есімнің қолданысы.

Кіріспе нұсқау.

Адамдар арасындағы қатысымның табыстылығы, нәтижелілігі әңгімелесушілердің сөйлеу мәдениетінің деңгейімен, сыпайылығымен анықталады. Төменде қазақ тіліндегі алғысты білдіру үшін, кешірім өтіну үшін сөйлеу әдебінің формалары берілген. Осы конструкциялармен таныса отырып, оларды талдаңыздар. Олардың сөйлеуде қолданысына назар аударыңыздар.

Алғыс айтқан кезде, кешірім өтінген кезде қолданылатын сөйлеу әдебінің формалары

Алғысты қалай айтамыз	Алғысқа қалай жауап қатамыз
<ul style="list-style-type: none">• Рахмет. Көп рахмет.• Көмектескеніңізге, сыйлығыңызға, қолдағаныңызға, құттықтағаныңызға рахмет.• Алғысымды білдіремін. Сізге алғысымды білдіремін.• Көмегіңізге, кеңесіңізге, құттықтағаныңызға, шақырғаныңызға алғысымды білдіремін.	Оқасы жоқ
<ul style="list-style-type: none">• Күтіп алғаныңызға, қарсы алғаныңызға рахмет.• Қысылғанда құтқарғаныңыз үшін рахмет.• Көмектескеніңіз үшін рахмет.	
<ul style="list-style-type: none">• Мен сізге өте ризамын.• Сенің көмегіңе, кеңесіңе, құттықтағаныңа өте ризамын.	
Қалай кешірім сұраймыз	
<ul style="list-style-type: none">• Кешіріңіз.• Айып етпеңіз.• Мазалағаным, кешігіп қалғаным, тым ерте телефон шалғаным, кешірім өтінемін.• Кешірім өтінемін, жұмыстарым болып қалды, аздап кешігіп қалдым.	Ештеңе етпейді. Бәрі дұрыс, ештеңеге алаңдамаңыз.

- Мен сізден кешірім сұрауым керек, сіздің тапсырмаңызды орындай алмадым.
- Мен сіздің (сенің) алдыңызда кінәлімін.
- Маған ренжіме.
- Менің сізді ренжіткім келген жоқ.
- Менің досым сізден кешірім өтінді, бүгін келе алмайтынын айтты.

Ештеңе етпейді.

Алаңдама, түк те емес.
Қойшы, ештеңе бола қойған жоқ.
Уайымдама. Соншалықты ештеңе болған жоқ.
Алаңдамай-ақ қойсын. Бәрі дұрыс.
Өкінішті-ақ, жарайды, келесі жолы күтеміз.

1. Төменде берілген диалогтарды рөлге бөліп оқыңыздар:

а) алғысты білдіргенде.

б) кешірім өтінгенде қолданылатын сөйлеу конструкцияларына назар аударыңыздар.

1) Сабақ кезіндегі студент пен оқытушының сөйлесуі (Студент аудиторияға кіріп, оқытушыға қарата сөйлейді).

– Қайырлы күн, Назым Жанатқызы! Кешігіп қалдым. Кешіріңіз. Кіруге бола ма?

– Иә, кіріңіз, не боп (болып) қалды? Неге кешіктіңіз?

– Деканат шұғыл түрде сынақ кітапшанды алып келіңіз, – деді.

– Жақсы, отырыңыз.

– Рахмет.

2) Кафедрада. Студент пен оқытушының сөйлесуі (Студент оқытушыдан сұрайды).

– Жеңіс Ержанұлы! Сәлеметсіз бе? Мазалағанымға кешіріңіз. Тарихи мұражайға экскурсияға қашан барамыз?

– Келесі аптада, бейсенбіде.

– Рахмет.

3) Екі құрбының телефонмен әңгімесі.

– Алло, Назгүл! Саған кештеу хабарласып жатқаныма айып етпе.

– Ой, қойшы! Мен сенің хабарласқаныңа әрқашан қуаныштымын.

– Назгүл, біздің ғылыми жетекшімізге шұғыл түрде хабарласуым керек. Сенде оның телефон нөмірі жоқ па?

– Бір жерге жазған сияқтымын. Бір минут кідіре тұр.

– Жақсы. Күтейін.

4) Көшеден өтіп бара жатқан таныс емес екі адамның сөйлесуі.

– Балам, кешіріңіз, осы жерден темір жол вокзалына дейін қалай баруға болады?

– Вокзалға дейін бе? Сонша алыс емес. Жаяу баруға болады. Осы көшемен тура жүріңіз, содан кейін оңға бұрылыңыз. Алдыңыздағы үлкен мекеме – вокзал. Жаяу жүргіңіз келмесе, троллейбусқа отырыңыз. Үш аялдамадан кейін түсіңіз.

– Қай троллейбусқа отырайын?

– Кез келгеніне отырыңыз. Бәрі де вокзалға барады.

– Рахмет.

5) Темір жол кассасында билетке кезекке тұрған таныс емес екі адамның сөйлесуі.

– Кешіріңіз, алтыншы кассаға сіз бе соңы?

– Иә, мен.

– Мен пойыздың жүру кестесін көріп келейін деп едім. Сұрағандарға мені сізден кейін деп айта салыңызшы.

– Жақсы айтамын.

– Рахмет сізге.

– Оқасы жоқ.

2. Төменде берілген сөйлеу әдебінің түрлерін оқыңыздар. Қандай жағдаятта қолданылуы мүмкін екенін жазыңыздар.

Алғыс айту түрлері

- Қонақжайлылығыңа рахмет.
- Мен үшін істеген жақсылықтарыңызға бәріне рахмет.
- Кеңесіңізге көп-көп рахмет.
- Қамқорлығыңызға шын жүректен алғысымды білдіремін.
- Шақырғаныңызға ризалығымды білдіремін.
- Алғысымды қалай білдірсем екен, білмей тұрмын.
- Шын жүректен ризамын. Көп-көп рахмет.

Кешірім өтіну түрлері

- Кешіріңіз, сіздің орныңызды алып қойған сияқтымын.
- Кешігіп қалғанымға айып етпеңіз.
- Кешіп, менің сені ренжіткім келмеді еді.
- Тым кештеу телефон шалғанымға кешірім өтінемін, менің сенімен кездесуім керек.
- Айып етпесеңіз, жаңа айтқаныңызды тағы қайталап жібересіз бе? Өкінішке орай мен естімей қалдым.
- Кеше кіріп шыға алмағанымға кешірім өтінемін. Менің қолым тимеді.
- Кешіріңіз, мен сізге кедергі келтірген сияқтымын.

3. Сөйлеу әдебінің түрлерін пайдалана отырып:

- 1) туған күніңізбен құттықтаған қызға;
- 2) жаңа жатақханаға көшуге көмектескен достарыңызға;
- 3) қала орталығына қалай баруды түсіндірген адамға;
- 4) пойыздың жүру кестесін жазып алу үшін сізге қаламсабын бірер минутқа берген кісіге;
- 5) өзінің туған күніне қонаққа шақырған курстасыңызға;
- 6) қызық спектакльге билет алып берген танысыңызға;
- 7) автобуста орын берген таныс емес жолаушыға;
- 8) өзіңізді емдеген дәрігерге **алғыс айтыңыз**.

4. Кешірім өтіну түрлерін пайдалана отырып, төменде берілген жағдаяттарға сәйкес репликаны таңдаңыз.

- 1) Ата-анаңызға телефон шалуды және жұмыстан кеш қайтатыныңызды айтуды ұмытып кеттіңіз.
- 2) Досыңызға әкеліп беремін деген журналды ұмытып кеттіңіз.
- 3) Себепті жағдаймен досыңыздың туған күніне келе алмадыңыз.
- 4) Көптен бері хат жазбаған досыңызға хат жазып отырсыз.
- 5) Сіз досыңыздың туған күніне кешігіп қалдыңыз.

5. Төменде берілген жағдаяттар негізінде қысқа сұхбат құрыңыздар. Сұхбатта өздеріңізге белгілі кешірім өтіну формаларын пайдаланыңыздар.

- 1) Сіз досыңызға телефон шалуды, туған күнімен құттықтауды ұмытып кеттіңіз.
- 2) Сіз кітапханаға кітаптарыңызды екі аптаға кешіктіріп әкелдіңіз.
- 3) Сіз қызбен кездесуге кешігіп қалдыңыз.
- 4) Жолдасыңызды байқамай ренжітіп алдыңыз.

6. Әзілді оқып, әңгімелеңіз.

Егделеу ер кісі көшеде әдемі жас әйелдің сәлемдескеніне өте таң қалады.

– Кешіріңіз, сіз қателескен шығарсыз, мен сізді бұрын ешқашан кездестірмеген едім.

– Рауу етіңіз. Сіз маған балаларымның екеуінің әкесі сияқты көріндіңіз деп айтты да, әрі қарай кете барды. Ал ер кісі таңданыспен оның артынан қарап қалды. Себебі жас әйел оған өзінің мұғалім екенін айтқан жоқ қой.

7. Төменде берілген мәтінді оқып, қозғалыс мәнді етістіктерді табыңыз.

Қозғалыс бағыты (*бір бағытта ма, бағытсыз ба, екі бағыт па*) бойынша және қайталанымдығы бойынша (*бір рет пе, қайталана ма*) сипаттаңыз.

Сіз қайда барасыз?

Кімнің қайда, қашан баратынын айту мүмкін емес шақ туды. Үлкен ауыс-түйістің кезі келді. Адамдар жол жүреді. Адамдар жол жүруді жақсы көреді.

Төбеңнен ұшақтар зулап, ұшып жатыр. Біреулері оңтүстікке ұшып жатыр, басқалары керісінше қайтып жатыр...

Кез келген қалада келушілер көп...

Біз Астанада достарымызбен кездесеміз, олардан алысқа, демалысқа кетеміз, ал онда сол достарымызбен кездесеміз.

Үлкен ауыс-түйіс шағы. Адамдардың жартысы сонда жол жүреді, жартысы керісінше, ал қалғандары билетке кезекке тұр...

– Мен қайда болмадым десеңші, дейді біреуі алау жағып отырып. Қырымға да бардым, Кавказға да бардым, саяхатқа да бардым, театрға бару қалды, онда бәріне барғаным.

Сондай уақыт. Кез келген үшінші адам қалай баруға болады деп сұрайды, кез келген екінші адам білмейді.

– Айтыңызшы, мына трамвай вокзалға бара ма?

– Иә.

– Онда мен дұрыс отырған екенмін.

– Иә. Бірақ ол қазір екінші жағына бара жатыр.

... Адамдар жол жүреді. Өмір деген қарапайым сөзді толыққанды ету үшін, жанына рахат әкелу үшін оларға саяхаттау, жол жүру қызық.

(М.Жванецкий)

8. Төменде берілген жағдаяттарды оқып, қозғалыс етістіктерін мағынасына қарай таңдап, сұрақтарға жауап беріңіздер. Өз таңдауыңызды түсіндіріңіз.

1) Сіз курс жұмысын жоспарлап жатырсыз. Сіз бөлмеде келе жатырсыз ба немесе бөлмеде жүрсіз бе?

2) Сіз досыңызды күтіп тұрсыз. Сіз жүріп келе жатырсыз ба, әлде аудитория қасында жүрсіз бе?

3) Сіздер қалаға автобуспен экскурсия жасадыңыз, әр түрлі жерде болдыңыз. Сіздер қалаға бардыңыздар ма, әлде қаланы араладыңыздар ма?

4) Сіз өткен аптада Астанада іссапарда болдыңыз. Сіз іссапарға бардыңыз ба, әлде бара жатырсыз ба?

5) Сіз вокзалға келе жатырсыз. Сіз жол сөмкеңізді әкеле жатырсыз ба, әлде әкелесіз бе?

6) Сіздің танысыңыз қонақ үйде жұмыс істейді. Жұмыс күні ол не істейді: туристердің жол жүгін әкелісе ме, әлде әкеле ме?

- 7) Сіз театрға таксимен келе жатырсыз. Сізді таксимен әкеле, әлде әкелді ме?
- 8) Құстар балықты судан аулайды. Олар теңіз үстімен ұшып жүр ме, әлде ұша ма?
- 9) Сіз көптен бері Астанада болуды армандадыңыз. Сіздің арманыңыз орындалды. Сіз ұшақтасыз. Сіз ұшып келе жатырсыз ба, әлде ұштыңыз ба?

9. Төменде берілген сөйлемдердегі көп нүктенің орнына мағынасына сәйкес етістіктерді қойыңыз.

а) Бару – жүру.

- 1) – Сіз қазір қайда _____? – Мен бе? Мен дүкенге _____.
- 2) – Сіз үйге _____? – Жоқ, мен поштаға _____.
- 3) Біз күнде жұмысқа _____.
- 4) Әдетте мен жұмысқа жаяу _____.
- 5) – Сіз білмейсіз бе, мына балалар қайда _____? – Меніңше, олар стадионға _____.
- 6) Сіз жаяу _____ ұнатасыз ба?
- 7) – Сіздің қызыңыз _____ ме? – Жоқ, ол әлі тым кішкентай. Ол әлі _____ жүре алмайды.
- 8) – Сонша қайда асығасыз? – Біз театрға _____, кешігіп жатқан сияқтымыз.
- 9) – Сіздер театрға жиі _____? – Біз театрға айына екі-үш рет _____.
- 10) Оның жұмысы үйден алыс емес, жұмысқа ылғи жаяу _____.

б) Транспортпен бару, жүру.

- 1) Әдетте мен жұмысқа метромен _____.
- 2) Сіз де метромен _____?
- 3) Бүгін емтиханға кешікпес үшін менің таксимен _____ тура келді.
- 4) Жаз сайын біздің отбасымыз демалу үшін Алакөлге _____.
- 5) – Сендер бүгін Астанаға _____?
– Иә, бүгін мен Астанаға _____, Астанадан Көкшетауға, Бурабайға _____.
- 6) – Неге біз сонша жай _____ келеміз?
– Алдымызда көлік көп, сондықтан жай _____ келеміз.
- 7) – Жексенбі күндері, әдетте, қайда _____?
- 8) – Демалыс күндері біз саяжайға _____.

10. Төменде берілген жағдаяттарға үлгіге қарап, микродиалог құрыңыздар.

Бірінші үлгі.

Жағдаят – көшедегі сөйлесу.

Диалогта қолданылатын сөздер: университет, Қытай елі туралы фотоальбом.

– Қайда бара жатырсың?

– Университетке бара жатырмын.

– Не апара жатырсың?

– Қытай туралы фотоальбом, курстастарыма көрсетуге уәде беріп едім.

1) Жағдаят – пойыздағы сөйлесу. Диалогта пайдаланатын сөздер: Пекин, достар, Астана туралы, Алматы туралы кітаптар.

2) Жағдаят – аэропорттағы сөйлесу. Пайдаланатын сөздер: Көкшетау, құрбы, бір қорап конфет, шоколадтты торт.

3) Жағдаят – теплоходтағы әңгіме. Диалогта пайдаланатын сөздер: Ақтау, студенттік конференция, сувенирлер.

4) Жағдаят – көшедегі әңгіме. Диалогта пайдаланатын сөздер: дос, туған күн, сыйлық, ағылшынша-қазақша сөздік, түсіндірме сөздік, Алматы туралы фотоальбом.

Екінші үлгі.

Жағдаят – көшедегі әңгіме: оқу залы, жұмысты конспектілеу, экономикадан емтихан.

– Үйге бара жатырсың ба? Қайдан келесің?

– Оқу залынан.

– Онда не істедің?

– Кейбір жұмыстарды конспектіледім. Ертең экономикадан емтихан тапсырамын.

1) Жағдаят – пойыздағы әңгіме. Диалогта пайдаланатын сөздер: Астана, қызметтік іссапарда болу.

2) Жағдаят – метродағы әңгіме. Диалогта пайдаланатын сөздер: драма театры, Дулат Исабековтің «Әпке» пьесасын көру, (опера және балет театры, П.И. Чайковскийдің «Аққу көлі» балетін көру).

3) Жағдаят – көшедегі әңгіме. Диалогта пайдаланатын сөздер: «Барыс» стадионы, футбол матчын көру.

Үшінші үлгі.

Жағдаят – көшедегі әңгіме. Диалогта пайдаланатын сөздер: университет, бассейн.

– Қайда бара жатырсың? Университетке ме?

– Жоқ, университетке емес, бассейнге бара жатырмын.

– Бассейнге жиі барасың ба?

– Жоқ, жиі бармаймын. Тек қана жұма күндері барамын.

1) Жағдаят – көшедегі әңгіме. Диалогта пайдаланатын сөздер: дүкен, музыка мектебі.

2) Жағдаят – темір жол вокзалындағы әңгіме. Диалогта пайдаланатын сөздер: Астана, Көкшетау.

3) Жағдаят – аэропорттағы әңгіме. Диалогта пайдаланатын сөздер: оңтүстік, Сарыағаш, отан (Түркия).

11. Болу етістігін қозғалыс етістіктерімен алмастырып сұрақтарға жауап беріңіз.

Жазда еліңізде (отаныңызда) болдыңыз ба? Осы аптада университет кітапханасында болдыңыз ба? Бүгін таңертең асханада болдыңыз ба? Кеше біз барлық лекцияда болдық па? Кеше деканда болдыңыз ба? Жексенбідегі концертте болдыңыз ба? Сіз Таразда болып па едіңіз? Сіз бұрын Қазақстанда болған ба едіңіз?

12. Төменде берілген мәтіндерді оқыңыз. Көп нүктенің орнына қозғалыс мәнді етістіктерді қойыңыз. Өз таңдауыңызды түсіндіріңіз.

I

Мәскеудің белорус вокзалында екі қартаң әйел кездеседі. Олар пойызға асығып бара жатты. Олар вагонға кірген соң, бір-бірімен танысады. Олардың бірі екіншісінен сұрайды:

– Қайда _____?

– Санкт Петербургке, үлкен балама. Ол үлкен зауытта инженер болып жұмыс істейді.

– Ал мен оңтүстікке, Сочиге _____, кіші қызыма, – деді бірінші әйел. – Біз күйеуіміз екеуіміз жыл сайын сонда демалуға _____. Менің күйеуім ұшақпен _____ жақсы көреді, ал маған пойызбен _____ ұнайды.

– Қараңызшы, қазіргі техника қандай керемет, – деді екінші әйел. – Біз бір вагонда отырмыз, ал әр жаққа _____ жатырмыз.

– Иә, керемет техника, – деп келісті бірінші әйел.

Таңертең купеге жолсерік келіп айтты:

– Құрметті жолаушылар! Шығуға дайындалыңыздар. Жарты сағаттан кейін пойыз Беларусь республикасының астанасы Минск қаласына жетеді.

II

– Қызым, мен Астанаға баратын пойызға үлгере аламын ба?

– Мүмкін үлгересіз. Ол сіздің қалай тез _____ байланысты. Сіздің пойызыңыздың кетіп қалғанына үш минут болды.

III

Мальтаға басқа елден келген автотурист осындағы жүргізушілердің жол ережесін сақтамай _____ таң қалады. Оның сұрағына полиция былай деп жауап береді:

– Бұған назар аудармаңыз. Бір елдер бар жолдың сол жағымен _____, енді бір елдер бар көшенің оң жағымен _____. Ал бізде күн өте ыстық, сондықтан біз ылғи көлеңке қай жаққа түседі, сол жақпен _____.

IV

Біржақты қозғалыс жолында автоинспектор тұр еді. Кенет ол басқа бағытпен жүріп келе жатқан көлікті байқап тоқтатады.

– Қайда _____ жатырсыз? – дейді ол жүргізушіге. – Көрмейсіз бе, бұл көше бір жақты қозғалыс көшесі?

– Енді мен де бір жаққа _____ жатырмын ғой, – деп жауап беріпті жүргізуші.

13. Қазақ тілінде қозғалыс мәнді етістігі бар мақал-мәтелді есіңізге түсіріп көріңіз.

Тек жүрсең, тоқ жүресің, домаланып көп жүресің.

Ерте шықсаң, алдыңнан күн шығады.

Ұшарымды жел біледі, қонарымды сай біледі.

Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің.



ТЫҢДАЛЫМАЛДЫ ТАПСЫРМАЛАР

1) Тыңдап, таныс емес сөздердің сөздігін жасаңыз.

2) Сөздер мен сөз тіркестеріне парафраза жазыңыз (1,2-мәтін бойынша): қазақ зиялылары, көз жұмып ере беру, тарамыс ісшілдік, алаштықтар, төлтумалық, титықтатып жіберу.

«Батыстың – ғылымы, шығыстың – өнегесі»

Осы ұранды мақсат етіп алған жапондық тәжірибені өткен ғасыр басындағы қазақ зиялылары үлгі еткені белгілі. Жапон болмысындағы, мінезіндегі ерекшелікті жазбай таныған ұлт азаматтарының бірі Мұхтар Әуезов «Жапония» атты мақаласында бұл елдің рухани-қоғамдық мәселелерді шешу жолдары мен тарихына кеңінен тоқталып өткен. М.Әуезов жапонның бір ерекшелігін былай суреттейді: «Жапония Еуропа не істесе, соған көз жұмып ере берген жоқ. Әрқайсысының жиып апарған білімін зейінге салып, сынап, өздерінше қолайлы, жақсы дегендерін ғана алатын болды. Бұл турасында профессордың айтқан сөзі мынау: «Біз күнбатыстың жақсысын сіңіруге дайын тұруымыз керек, бірақ ол уақытта өзіміздің жақсымыз да ұмытылмасын», – деген.

...Бұл турасында Европаның Жапонияға таңданып айтатын мына бір сөзі бар: «Күншығыс халқындағы бір мінез – жас күндерінде адамдары зейінді, талапты болып келіп, үлкейген соң талабы азайып, зейіні солғындап, істен қала беруші еді. Жапония адамдарын жас күндеріндегі күн шығысқа тиісті зейінді талаптылыққа үлкейгенде күнбатыс халқының тарамыс ішілдігін қосып алатын болды», – деп».

Айта берсек, жапон жанына үңілген мұндай материалдар легі баршылық. Ал біз сол болмыстың бүгінгі күнгі келбеті қандай, біздің үйренеріміз бен жиренеріміз не болмақ деген сауалдар төңірегінде бірқатар мамандарға сауал тастауды жөн санадық.

Жапондардың төлтумалығына қызықты

– Жапон дүниетанымына Алаш зиялыларының көзқарасы қандай еді? Және алаштықтардың айтуынша, біз жапондардың қай тәжірибесінен үлгі алуымыз керек еді?

– Бұл тұрғыда қалыптасқан жүйелі бір пікір жоқ. Бірақ Алашордашылардың ішінде Жапонияның үлгісін айтқан жекелеген азаматтар жетерлік. Атап айтар болсақ, бірінші – Мұхтар Әуезов. Екінші – Смағұл Сәдуақасұлы. Смағұл Сәдуақасұлының 1922-27 жылдар аралығында жазған «Сәрсенбек» атты романында кейіпкерлерінің бірінің аузына «Қазақ бөлек автономия болғанда Жапониядай болар едік» деген сөзді салады. Сұлтанмахмұт Торайғырұлының да Жапонияға қатысты үзік-үзік ойлары бар. Ол: «Біздің жапондармен айырмамыз – елу жыл ғана, жапондық дәрежеге жете аламыз», – дегенді айтады. Жапонияның қоғамдық-саяси өміріндегі оқиғалар мен түрлі төңкерістер, император сарайындағы жаңалықтар, деректік материалдар «Қазақ» газетінде де ұшырасады. Осы ойларды құрап айтар болсақ, Алаш зиялылары жапондардың төлтумалығына қатты қызыққан сыңайлы. Жапондардың Батыстың да жақсы қырларын алып, алайда, өзінің төлтума қасиетін сақтап қалған мінезінен үлгі алғысы келген болуы керек. Экономикалық-рухани тұрғыда, міне, мына бағытты үлгі етті деген нақты ұсынысты мен көре қойған жоқпын. Бірақ тәжірибе ретінде айтады. Жапоннан өзге, Швецияның тәжірибесі бізге лайық деген Мұстафа Шоқайдың да ұсынысы бар. Қазақ елі ХХ ғасырда жапондармен салыстыратындай жағдайда емес еді. Екеуінің әлеуметтік-саяси, қоғамдық жағдайы екі түрлі болды. Империялық жүйе ХХ ғасырда қазақ елін титықтатып жіберген. Сондықтан да Алаш зиялылары «Оян, қазақ» деп ұран көтерді. Патшалық империядан, сол кездегі астана – Петербордағы алғашқы демократиялық парламенттің мінберінен қазаққа теңдік сұрағаны белгілі.

Бізге аударма арқылы жеткен дүниелер болмаса, жапон әлемін өмірімізге тікелей ендірік деп айта алмаймыз. Жекеленген жазушылар, Құдайберген Жұбанов, Елдес Омаров деген тілшілер жапон тілін білді деген дерек бар. Бірақ қаншалықты дәрежеде білді – ол туралы нақты ештеңе айта алмаймыз.

– Алаш зиялыларының жапон еліне қызығуының басты себебінің бірі – екі ұлттың болмысында ұқсастықтар болғандығынан деп ойламайсыз ба?

– Ол кезде де тарих жұмбақ болған жоқ. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында тарихтың көптеген құпиясы ашылған еді. Қазақтың, корей-жапон халқының алтайлық тегі туралы зерттеулер шығып қойған болатын. Қазақ зиялыларын осы жағы да қызықтыруы әбден мүмкін.

(Дихан Қамзабекұлы, алаштанушы)

а) Тыңдап, таныс емес сөздердің сөздігін жасаңыз;

б) Келесі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын сөздіктің көмегімен түсіндіріп жазыңыз.

3,4-мәтін: «ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен», дала демократиясы, жаһандану үрдістері, нәсілдік тек.

Дәстүршіл Жапония

– Қазақ пен жапонның ұлттық болмысы мен мінезін салыстыра қарағанда, екі ұлттың өзара ұқсастығы мен айырмашылығы туралы не айтар едіңіз? Ұлттық болмысты қалыптастырған қандай орта?

– «Батыстың – ғылымы, Шығыстың – өнегесі» қағидасын ұстануды дұрыс деп санады. Бәлкім, осы көзқарас жаңғыру жолына түскен жапон мемлекеті үшін жиырма-отыз жыл ішінде әлемнің алдыңғы қатарлы елдердің сапынан көрінуіне оң әсерін тигізген болар. Сондықтан, қазақ пен жапон ұлттары үшін рух пен ар-намыс мәселесі ерекше орында тұр. Айырмашылығына келетін болсақ, қазақ пен жапондардың жер көлемі мен геосаяси орналасуы екі ұлттың кейінгі тарихи дамуына елеулі әсерін тигізді. Мұны біз екі елдің саяси-әлеуметтік, экономикалық өрлеуінен аңғарамыз. Қазақ халқы жерінің кең көлеміне байланысты уақыт пен кеңістік мәселесін барынша ауқымды деп қарап, философиялық ойының тереңдігін, еркіндігін, кеңдігін аңғарта білген. Жапон халқы аумақтық таршылықтың салдарынан болмыстың өзекті мәселелеріне нақты әрі қалыпты түрде жауап беруге тырысқан.

– Жаңғыру, жаһандану үрдістері жапон халқына қалай әсер етті? Біздің ұлттың олардан алар сабағы қандай? Үлкен бір дәстүрлі-әлеуметтік институттардың түбірімен жойылып кетуі (самурайлық дәстүр, т.с.с.) ұлттық ар-намысқа, ұстанымдарға, көзқарастарға қаншалықты зиянын тигізді?

– Аталған үрдістердің жапон халқына негізінен оң жағынан әсер еткені сөзсіз. XIX ғасырдың 60 жылдарында болған Мэйджи реставрациясынан кейін жапон мемлекеті шет мемлекеттермен қарым-қатынасты түрлі салаларда нығайтуды көздеді. Алғашында батыс елдерінің кейбір тұстарына еліктеп, ұқсауға тырысқан жапон қоғамы кейіннен алғашқы конституциясын, психологиясы мен менталитеті де ұқсас келетін Пруссия елінің конституциясы негізінде жасап, басқа да саяси-экономикалық реформаларға «Ва» (үйлесімділік) қағидасын ұстануды қажет деп есептеді. Сондықтан, мемлекеттік құрылымның сыртқы формасы Батыстың әсерін беріп тұрғанымен, оның ішкі құрылысы жапон идеологиясы, ұлттық діні мен тілі негізінде қалыптасқаны байқалады. Осы құндылықтардың бір шетін сіз Жапонияның әуежайына қонған сәттен бастап сезіне аласыз. – Әлем үшін жаңа технологиялардың отаны болып саналатын Жапония – жер шарында халқы ең көп оқитын мемлекеттердің қатарында дейді. Солай болса бүгінгі Жапон елінің басты құндылықтары қандай?

– Бұл сұрақтың жауабын оқырманның өзі түйіндеп алғаны дұрыс болар. Мен тек тұжырымдауға негіз болатын келесі мысалды айтып кетейін. Жаңа технологиялардың отаны деп саналатын Жапонияда әлі күнге дейін түрлі тақырыптардағы кітаптар мен оқулықтар көп мөлшерде тасқа басылып шығады және кітап дүкендерінде (олардың ішінде 8-10 қабатты кітап дүкендері де кездеседі) әртүрлі салалық кітаптарды қызыға іздестіріп жүрген кішкентай бүлдіршіндер мен ересек адамдарды молынан кездестіресіз. Жаңа технологиялар адамның қолдануына қолайлылығы үшін жасалып шығарылғандығы бізді таңғалдырып жүрсе, жапондықтар мұндай жетістіктерді адам үшін қажет деп санаса ғана шығаратындығын бәріміз біле бермейміз. Қазіргі таңда Жапон елінің басты құндылықтарына мемлекеттің негізгі тірегіне айналған жапон тілі, жапон дәстүрі, жапондық менталитет, жапон жері деген ұғымдар кіретіні сөзсіз. Әрі осы құндылықтарды үйлестіре білген жапон ұлты жапондық рухты асқақтатып, дүниежүзіне мойындатып отырғаны бәрімізге мәлім.

(Бағдәулет Ақын, ҚазҰУ-дің оқытушысы)

Бауырлас халықпыз

Қазақстанға бар болғаны екі ай бұрын ғана келгендіктен, дәл осы уақытта заманауи қазақтың мінезі мен жалпы қазақ халқы туралы қандай да бір пікір айту қиындық туғызады.

Алайда, қазақтар мен жапондарды біріктіретін ортақ факторлердің бары рас. Ең алдымен ол тіл бірлігі, яғни, лингвистикалық тұрғыдан алар болсақ, қазақ және жапон тілдері бір-біріне ұқсас емес пе? Қазақ тілі Алтай тілдері семьясына жатады, оған жапон тілінің де қатысы барына менің күмәнім жоқ. Одан өзге, қазақтар мен жапондардың ұқсастығы нәсілдік тегіне де байланысты. Зерттеулер нәтижесі Жапон архипелагының айналасында өмір сүріп жатқан Азияның өзге халықтарына қарағанда, генетикалық тұрғыдан жапондардың буряттарға (солтүстік моңғолдар) жақын екенін көрсетіп берді. Қазақтар мен моңғолдардың да генетикалық туыстығы дәлелденген дүние. Сондықтан да екі халықтың бауырластығы айтпаса да түсінікті.

Қазақстанға келгеніме көп уақыт болмағандықтан, қазақтың ділі және өзге де ерекшеліктері туралы кең ауқымда пікір білдіре алмаймын, алайда қазақстандық мамандар Сіздің газет арқылы осы тақырыпты көтеріп жатқанына қуанышты екенімді айтқым келеді.

(Киёси Мацудзаки, Жапон елшілігінің ҚР-дағы Кеңесші-Елшісі)

3) Сұхбатты тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіз.

3.1 Бұл сұхбат кімдердің арасында болды?

3.2 Тілші қандай сұрақтар қойды?

- _____
- _____

а) Бірінші сұхбат берушінің жауабындағы негізгі ойды жазыңыз.

ә) Екінші сұхбат берушінің жауабын түйіндеп жазыңыз.

б) Үшінші сұхбат берушінің жауабын жазыңыз.

в) _____

3.3 Сұхбат берушілердің пікірлері қай мәселеде бірдей болды? (Өз сөзіңізбен жазыңыз)

3.4 Сұхбат берушілер қай мәселеде түрлі көзқарас білдірді? (Өз сөзіңізбен жазыңыз)

3.5 Сұхбатта сұраққа қатысы жоқ мәселе айтылды ма? Қандай?

- _____
- _____
- _____

3.6 «Батыстың – ғылымы, Шығыстың – өнегесі» дегенді қалай түсінесіз? (Өз сөзіңізбен жазыңыз)

3.7 Сұхбатта қазақ және жапон халықтарының жер көлемі мен геосаяси жағдайы олардың танымына қалай әсер етті? (Өз сөзіңізбен толық жазыңыз)

3.8 Бұл сұхбатта қандай деректер сізге бұрыннан таныс болды?

3.9 Бұл сұхбаттан сізге бұрыннан таныс емес қандай ақпарат алдыңыз?

3.10 Жапон халқы үшін басты құндылықтарға не жатады? (Толық сөйлемдермен жауап беріңіз)

3.11 Қазақ халқы мен жапондардың құндылықтарға байланысты пікірлері сәйкесе ме? Сіздің пікіріңіз қандай? (Ойыңызды тұжырымдап жазыңыз)

ӨЗ БЕТІНШЕ ОҚУҒА АРНАЛҒАН ӘҢГІМЕ

Ю.Бондарев

Сафонов келе жатқан оңтүстік экспресс оның дүниеге келген, өскен, таныс жерлерімен жүйткіп келе жатты. Алайда ол туған өлкесінде ұзақ жылдар болмаған еді.

Кенеттен оны туған қаласы еріксіз өзіне тартты: аралағысы келді, аулалардағы афишаларды оқығысы келді, көшелердің ескі атауын көргісі келді, көп жылдардан бері не өзгергенін білгісі келді, мектептегі жылдарын қарсы алғысы келді.

Осы тілегі, қалауы жеңді. Ол қаланың вокзалынан емес, қалаға жаяу бару үшін осы жерден түсіп қалды.

Күні бойы қаланы аралады, тани алмады, Қала да Сафоновты танымады. Ол асықпай, үйі тұрған туған көшесімен төрт рет арылы берлі жүрді. Енді бұл жерде құмды аллеясы бар бульвар орналасыпты. Сафонов орындыққа отырып, бульварға жүрегі сыздап, ұзақ қарады. Бұрынғыдан ештеңе қалмаған, балалық шағынан ештеңе қалмаған.

Павел Георгиевич троллейбус аялдамасына жетіп, плащын киіп басын көтергенде, көше қиылысынан мектебін көрді – төрт қабатты, бұрын қандай болса, дәл сол қалпында... Өзгермеген. Ол көп жыл бұрын қандай болса, дәл сондай, бұрынғыша, бала кезіндегідей.

Ол бірнеше минут көз алмастан мектеп сұлбасына қарап тұрды, содан кейін тура біреу итергендей, өкінішпен қолын бір сілтеді де, құлазып тұрған мектеп саябағына кіріп кетті. Ескі акация түбіне қуана отырды, біркездері мұнда үзіліс кезінде ойнайтын-ды. Шынымен де бір кездері ол партада отырған ба еді?...

«Иә, бұл болған еді ғой!» Ол бәрін көз алдына анық елестетті де қарауытып тұрған мектеп мекемесіне қызыға тағы бір қарады. Кенет саябақтың оң жағынан қалың акация астынан, бұтақтардың арасынан түсіп тұрған жарықты байқады. Мария Петровна ма екен?... Мұнда оның мұғалімі, математика пәнінің мұғалімі Мария Петровна тұрған. Қалайша оны бірден есіне алмады, қалайша оны бірден ойламады! Ол осы мұғалімнің сүйіктісі болған. Ол оған жарқыраған математикалық болашақты негіздеді.

Орындықтан атып тұрып, аллеямен парк түкпіріне адымдады. Ағаш астындағы кішкене үйді, терезедегі жарықты, қызыл пердені көргенде, ол тіпті дем ала алмай қалды. Қаншама жыл олар бір-бірін көрген жоқ. Ол осында ма екен? Тірі ме екен? Оған не болды екен? Осы есіммен, «Мария Петровнамен» қаншама нәрсе байланысты!

Сафонов демін ішіне тартып, аулаға кірді. Ол есікті тақылдатқысы келді – есік ашық екен...

Бірінші бекет

– *Басты кейіпкер туралы сіздер не айтар едіңіздер?*

– *Қалай ойлайсыңдар, Павел Петрович мұғаліміне кіре ме, кірмей кете бере ме?*

– *Егер кірсе, олардың кездесуі қалай болар еді?*

– *Мұғалімі таныр ма еді?*

– *Енді біздің айтқандарымыз қаншалықты сәйкес келер екен, көрейік.*

Ол керосин иісі шығып тұрған, жарықсыз, кіреберіске енді. Есіктің астында бөлмеге қарай жарық сызаты көрінді.

Сафонов тықылдатты...

– Кім екен? – деген дауыс оның артынан естілді.

Павел Георгиевич бойын тіктеп, жартылай бұрылды. Жарық түскен есікте арықтау, онша биік емес әйел тұрды. Бетін көрместен ол бірден таныды...

– Мария Петровна, – деп ақырын созып айтты, сіз мені танымай тұрсыз ба?

– Кіріңіз, – деді сол баяғы мейірімді дауысымен.

Павел Георгиевич үйге кіріп, мұғалімнің көзіне қарай: Мария Петровна, бұл менмін ... – деп қайталады.

Ол бұған басынан аяғына дейін бірнеше секунд көз тастады. Ол мұғалімінің қартайған, шаршаған түрін көрді. Жанын ауыртқан аяушылық сезімін ішіне сақтай отырып, оның қатты өзгергенін, бұрынғыдан да жұқарғанын аңғарды. Тек қана қысқа қиылған ақ шашы ғана таныс еді...

– Паша Сафонов ... Паша? – деп, сөйлеп кетті. Павел Георгиевичке оның беті дірілдеп тұрғандай еді. – Отыршы. ...

Мария Петровна түсініксіз сақтықпен, сенімсіздікпен оған күле қарап, тез қайталады:

– Міне, Паша, сен де келдің ау... сен іссапармен жүрсің бе, әлде жұмыспен бе?

– Өтіп бара жатып соқтым, Мария Петровна, – деп жауап берді, оңтүстікте демалғанын айтпады, оны айтудың да жөні жоқ еді.

Ол соғысқа дейін де жалғыз еді және терезесі баққа қараған сол кішкентай бөлмеде тұрған еді. Бәрі бұрынғыша: үстел, кереует, қабырғадағы түсті кілем, тумбочкадағы бір кесте, кітапқа толы кең шкаф; үстел ортасында сия сауыт, үйілген дәптер, жанында ұшы ұқыпты шығарылған қарындаш. Осы бөлмеде ол бір-ақ рет болғаны есінде. Оны Мария Петровна шақырған еді, мұнымен қатал сөйлескен: сол кезде ол секіретін сия сауыт жасап, неміс тілі оқытушысының үстеліне қойған сияқты. Қазір соған Сафонов сенбейтіндей еді: бұрынғы Пашка мен конструктор Павел Георгиевич арасында уақыт айырмашылығы жатты.

– Мария Петровна, өткен шақ туралы, мектеп туралы айтайық...

Мария Петровна басын шайқап, ойлана сөйледі:

– Сендердің сыныптарың есімде. Жақсы білемін. Соғысқа дейінгі сынып. Олардың бәрі алғыр, қабілетті балалар еді. Сенің Витя Снегиревпен достығың да есімде.

– Есіңізде ме, Мария Петровна, маған алгебрадан «екі» қойғаныңыз. Жетінші сыныпта сияқты...

– Иә. Үй тапсырмасын орындамағаның үшін. Математика сен үшін қиын емес еді. Бірақ сен жалқау болдың.

– Мария Петровна, есіңізде ме, мен шпаргалка жүйесін құрып едім ғой?

– Парталар арасында шпаргалка жіппен қозғалатын жаңалығың ба?

– Иә! – Павел Георгиевич күліп жіберді. – Ал секіретін сия сауыт ше? Қазір осындайларды ойлай алмас едім. Есімде түні бойы отырып, басымды қатырып, оқытушы қаламсабын салғанда, сия сауыт дәл сол сәтте секіретіндей етіп, пружинаның қуаттылығын есептедім. Мария Петровна ойланыңқырап:

– Менің есімде басқасы қалыпты: Паша, сенің осы үстелдің алдында қалай тұрғаның қалыпты... Соңына дейін айтпады, шынысына шай құйып, қасықты алып, ойлана сұрады:

– Миша Шехтер есіңде ме?

– Әрине, оған қызығатынымын. Біз сыныпта оның шығармасын оқитынбыз:

«Татьянаның бейнесі», «Ақылдың қайғысы» (Горе от ума). Менен түк шықпайтын.

– Ол журналист болды, – деп жай ғана айтты Мария Петровна. – Елді, шетелді аралайды. Оның өлеңдерін жиі оқимын. Жиі есіме аламын...

– Ол кіріп шықты ма?

– Жоқ.

– Иә, – деді Сафонов. – Ұшып кеттік... Мен Витька Снегирев Уралдағы зауытта директор деп естідім. Ойламаппын! Игнатцев Сенька бастық дейді, естідіңіз бе? Мен оны Мәскеуде кездестірдім. Салмақты, өзгеріп кеткен. Ол сізге келді ме?

– Не? – деп сұрады Мария Петровна, көзін төмен түсіріп, жай ғана басын шайқады, – сен Паша, шайыңды іш...

– Мария Петровна, Сізге кім келіп кетті, біздің сыныптан кімді кездестірдіңіз? – деп, алаңдап сұрады Сафонов. – Гриша Самойловты көрдіңіз бе? Артист. Есіңізде ме, оның қабілетті екенін айтып едіңіз ғой.

– Мен оны тек қана кинодан көрдім.

– Мен де. Қалайша келмеді екен?

Мария Петровна төмен қарап отырды, шайын қасықпен қозғап отырғаны болмаса, жауап берген жоқ. Ол оның саусақтарынан кетпей қалған сияның дағын көрді, көзін оның шаршаған жүзіне аударды, сүйіспеншілікпен ернінің айналасындағы әжімдерін, жіңішке әлсіз мойнын, түгелдей ағарған қысқа қырқылған шашын көрді. Жүрегі ауырып, шаншып өткендей болды. Егер мұғалімі о дүниелік болып кетсе, ол осыны білмес еді, басқалары да білмес еді...

Екінші бекет

– Мария Петровна, – деп естілер естілмес қайталады Сафонов. – Витя Снегирев сізге келмеген бе? Ол өткен жылы осында келіп кеткен сияқты еді.

Ол басын төмен салып, шыныдағы қасығының қозғалысын азайтқаны болмаса, бұрынғыша отырды. – Жоқ, келген жоқ.

– Мария Петровна, қызық екен, сізге біреу-міреуі хат жаза ма? Володя Бойков, Нина Винокурова, Боря Гмыря болған еді ғой, есіңізде ме? Олар туралы бір нәрсе білесіз бе?

– Жоқ, Паша, – деді ол. – Маған Коля Сибирцев жиі келіп тұрды. Ол шахтада жұмыс істейді. Оның өмір жолы қиындау болды. Ол жиі келіп тұрды.

Сафонов Коля Сибирцевті есіне әрең түсірді. Осы бала ешқандай қабілетімен, ешқандай артықшылығымен көзге түспеген момын бала еді. Павел Георгиевич оның бет әлпетін де әзер есіне түсірді.

– Соншалықты есімде жоқ, – деді ол иығын қозғап. – Ұмытып қалыппын!

– Жақсы емес, өте жаман, – деді Мария Петровна. Не күліп айтқаны, не кіналай айтқаны белгісіз.

Олар үнсіз қалды. Бірақ соңғы «өте жаман» деген сөзден Сафонов бір түрлі болды, ол оның қос мағынасын да түсінді.

– Мария Петровна, сізде менің кітабым бар ма? – деді де үндемей қалды, оған салып жібермегені есіне түсіп.

– Иә, оқып шыққанмын.

Сол кезде ол орнынан тұрып, шкафтағы «Самолет конструкциясы» деген кітабын алып, беті өрттей жанатынын сезіп, парақтай бастады, сасқанынан:

– Мария Петровна, сізге жазып берейін. Рұқсат етесіз бе?... Күтпеген жерден кітаптан бір кішкентай қағаз түсіп қалды. Ол оны асығыс жерден көтергенде, газеттен қырқып алынған өзінің портретін анық көрді де, Мария Петровнаға жалт қарады. – Ол қасығын қозғай отырып, өте тез сөйледі:

– Жаман кітап емес... Қызыға оқып шықтым. Ал мынау «Правдадан». Оны көргенімде, саған жеделхат жібергенмін.

Ол асығыс қағазды кітаптың ішіне сала салды. Ұяттан өртеніп тұрып, шындығында, басқа көптеген құттықтау хаттармен бірге екі жыл бұрын жеделхатты алғанын және басқасына жауап берсе де, осы жеделхатқа жауап бермегенін есіне түсірді.

Сафоновтың кітапқа не жазғаны есінде жоқ, бірақ қалай қоштасқаны есінде: қартаң оқытушысының ескі пальтосының қасында ілулі тұрған қымбат плащын ұяла алды да, кінәлі кейіпте тағзым етті. Ол кіре берістің шамын жағып, шығарып салуға шықты.

Ол үндемеді. Мария Петровна да үндемеді. Кенет сұрақ қойды:

– Паша, айтшы, сенің жұмысыңда менің тамшыдай үлесім бар ма? Тым болмаса бірдеңе ...

– Мария Петровна, ол не дегеніңіз? – деп сөзге келді ол. – Егер сіз болмасаңыз!...

Ол оның көзіне қарады да, дірілдеген дауыспен:

– Сен мені қуанбады деп ойлайсың ба? Менде қандай қонақ болды десеңші. Ертең өзімнің оқушыларыма бұл туралы айтпайды деп ойлайсың ба... Паша, бара ғой, саған үлкен табыстар тілеймін...

Үшінші бекет

б) Мәтінді «олар қоштасты» дегенге дейін оқу.

в) Шығармашылық жұмыс:

Ал енді әрі қарай не болғанын ойланыңыздар, осы кездесуден кейін бас кейіпкер өзін қалай сезінді, жағдаятты қалай өзгерте алды?

Олар қоштасты. Ол түнгі бақ көшесімен жылдам жүріп кетті. Шыдамады, артына қарады. Алдыңғы есік әлі ашық болатын, қараңғы баққа жарық түсіп тұрды.

Мария Петровна аулада тұрған, арықша келген оның сұлбасы ашық есіктен қарайып көрініп тұрды.

Мәскеуге дейін жол бойы Сафонов тыныштала алмады, көтере алмас, жанды өртейтін ұятты бастан өткерді. Ол Витка Снегирев туралы, Шехтер туралы, Самойлов туралы ойлады – бір кезде ұзақ жыл бірге оқығандардың бәрі туралы ойлады. Олардың мекенжайларын тауып, ашулы хат жазғысы келді. Бірақ біреуінің де мекенжайын білмеді. Содан кейін Мария Петровнаға ұзақ кешірім хат жазғысы келді. Бірақ оның үйінің де мекенжайын білмейтінін өкінішпен ойлады.

Үлкен станцияға келгенде, қатты толқыған Сафонов вагоннан шықты.

– Неге деп ойлайсыз?

Ол поштаға кіріп, мектеп адресіне, Мария Петровнаның атына жеделхат салды.

Осы жеделхатта екі ақ сөз болатын:

г) жеделхатта қандай екі сөз болуы мүмкін, жазыңыз.

14. Төменде берілген аңыз әңгімені оқып, көп нүктенің орнына сәйкес қозғалыс мәнді етістікті жазыңыздар.

Мұнара және аққұтан

Көне өзбек қаласында биік мұнара болды. Ол өте-өте ескі еді. Оған мың жыл болған десе де болады. Мұнарада баяғыдан бері аққұтан тұратын. Бірде мұнара аққұтанға айтады:

– Аққұтан тыңдашы, сен баяғыдан бері менде тұрып жатырсың. Әр күз сайын сен жылы жаққа ... , әр көктем сайын маған ... келесің. Сен неге маған ешқашан сыйлық ... ?

– Қандай сыйлықты қалайсың? Не әкелейін? – деп сұрады аққұтан.

– Маған туфли сыйлашы.

– Жақсы, мен саған туфли

Күзде аққұтан бұрынғыдай ... кетті, ал көктемде Бұхараға қайта Бірнеше күн өтті. Аққұтан сыйлық туралы ештеңе демейді. Мұнара да үндемеді. Ақырында мұнара шыдамай сұрайды:

– Аққұтан-ау, сыйлығың қайда сенің?

– Сыйлық дейсің бе? Мен саған туфли Осында, жерге қойғанмын, бірақ сен болмадың ғой.

Біреулер алып кеткен шығар.

– Сен не айтып тұрсың, аққұтан? Сен жақсы білесің ғой. Мен бір орында мың жылдан бері тұрмын. Ешқайда

– Егер ешқайда ... , саған туфлидің керегі не?

15. Әр түрлі қозғалыс етістіктерін пайдалана отырып, әңгімелеңіз:

а) сіз күнде университетке қалай жетесіз (жатақханаға, үйге), қандай транспорт түрін пайдаланасыз;

б) бүгін университетке қалай жеттіңіз;

в) сабақтан кейін жатақханаға қалай жетесіз.

16. Төменде берілген сөйлеуде ауыспалы мағынада қолданылатын қозғалыс мәнді етістіктермен тіркескен сөз тіркесін оқыңыздар. Олармен сөйлем құраңыздар.

- уақыт, жылдар, күндер, минуттар өтіп жатыр;
- қыс, көктем, жаз, күз өтті;
- сабақ өтіп жатыр;
- автобус, трамвай, пойыз жүреді;
- сағат жүреді;
- көліссөз өткізу, жүргізу (вести);
- өзін алып жүру, ол өзін зорға алып жүреді;
- автобус, көлік, трамвай жүргізу.

17. Ауыспалы мағынада қозғалыс мәнді етістіктермен тіркескен сөз тіркестерін естеріңізге сақтаңыздар. Сөйлем құраңыздар.

- сенімге кіру, сенімнен шығу;
- қиын жағдайдан шығу, жарыққа шығу, баспадан шығу, күйеуге шығу;
- тақырыпты айналып өту;
- келесі сұраққа көшу, басқа тақырыпқа көшу, «сенге» көшу, келесі курсқа көшу;
- демалысқа кету, зейнетке шығу, жұмыстан кету;
- өз-өзіне келу, қорытындыға келу, келісімге келу, ойға келу, көмекке келу;
- көктем келу, хат, хабар, жеделхат келу (приходит / придет);
- жыл, ай, минут, апта, көктем, жаз өту, концерт, жастық, өмір өту; конференция, жиналыс, конгресс өту;
- практикадан, тағылымдамадан, курстан өту;
- сайлау өту;
- бір тілден бір тілге аудару, ақша аудару;
- аргумент, дәлелдеме келтіру, дәйексөз келтіру, сөз келтіру, мысал келтіру;
- оттан, судан өту, қиындықтан өту;
- пайда, зиян, табыс әкелу;
- басынан шығып кету.

18. Төменде қозғалыс мәнді етістіктермен берілген қазақ мақал-мәтелдерін оқыңыз, оларды түсіндіріңіз. Олар қолданылатын жағдаятты түсіндіріңіз. Өз тіліңізде осыған ұқсас мақал-мәтелдер бар ма? Олардың мағынасын жеткізуге тырысыңыз.

- Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас.
- Жүргенге жөргем ілінер.
- Алпыс күн тасыған су алты күнде қайтар.
- Қаз келсе, жаз келер, қарға келсе қатқақ келер.
- Үй ішінен жау шықса, тұра қашып құтылмассың.

Менің Отаным



19. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, өз еліңіз туралы әңгімелеңіздер.

Тәуелсіз мемлекет, егеменді мемлекет, көп ұлтты республика, аумақ, шекара, әкімшілік орталық, экономикалық орталық, мәдени орталық, ұлттық құрамы, мемлекеттік тіл, географиялық жағдайы, темір жол магистралі, автомобиль магистралі, курорт, табиғат, қазба байлықтар, мұнай кен орны, құрылыс материалы, минералды шикізаттар, климат, көп салалы индустрия, ұлттық тағам.

20. Мәтін жоспарын пайдаланып, сондай-ақ тірек сөздерді пайдаланып, мәтінді әңгімеленіз.

21. Өз өлкеңіз туралы әңгімелеңіз. Әңгімеде өлкеңіз туралы толық ақпарат беруге тырысыңыз: географиялық жағдайы, аумақтық әкімшілік бөлінісі, орталығы, тұрғындары, табиғаты, климаттық жағдайы, қазба байлықтары.

22. Әңгімеге қатысыңыз. Әңгімелесушіңізден:

- а) оның қай елден келгенін;
- б) ол ел қайда орналасқан, қандай елдермен шектеседі;
- в) жер көлемі, тұрғындарының саны қандай?
- г) территориялық, әкімшілік бөлінісі қандай?
- д) табиғат ерекшелігі қандай;
- е) олардың елінде орман бар ма, бар болса, көлемі қандай, жануарлар, өсімдіктер әлемі қандай;
- ж) олардың елінде ірі көлдер мен өзендер бар ма?
- з) Қазақстанмен салыстырғанда, климаттық ерекшелігі қандай?
- и) олардың елі қандай қазба байлықтарға бай?

Әңгіме барысында әңгімелесушінің осыған ұқсас сұрақтарына жауап беріңіздер.

23. «Қазақстан Республикасы картада» мәтінінен есептік сан есімдерді табыңыз. Олардың зат есіммен тіркесу ерекшелігін айтыңыз.

24. Төменде берілген сөйлемдерді оқыңыз. Сан есімді тіркестерді табыңыз. Сан есімдердің зат есіммен тіркесу ерекшелігін түсіндіріңіз.

Жер тұрғындары бес мыңға жуық тілде сөйлейді. Күн температурасы орталығында жиырма миллион градусқа жетеді. Қазіргі кезде ғылымға жүз мыңнан астам химиялық элемент белгілі. Жиырма алты жасында Галилей профессор болды. Әлемде шамамен 6300 тіл бар. Жер бетінде 41 806 диалект түрі бар көрінеді.

25. Төменде берілген сөйлемдерде сан есімді қажетті тұлғада пайдаланыңыз.

Өзбекстан астанасы Ташкентте (2 миллион) жуық адам тұрады. Галилей өзінің физикадағы ең ірі жаңалығын (22 жас) ашқан. Гете тек қана белгілі ақын ғана болмаған, сондай-ақ көрнекі жаратылыстанушы ғалым болған. Бір мың сегіз жүз оныншы жылы ол (1400 бет) түсті қабылдаудың жаңа оптикалық теориясын баяндаған екі томдық еңбегін жариялады. (Шет елдік мың сөз) білу студенттің осы тілде жазылған мәтіннің (80 пайыз) түсінуге мүмкіндік береді. Бұл (13 мемлекет) (100) (160) дейін тіл бар: Бирма, Қытай, Малайзия, Непал, Жаңа Гебрид аралдары, Ресей, Судан, АҚШ, Танзания, Филиппин, Орталық Африка мемлекеті, Чад, Эфиопия. Жер шарындағы 6000 тіл (170 мемлекет) тиесілі: 45 мемлекет ресми түрде ағылшын тілін қолданып отыр, 30 мемлекет – француз тілін, 20 мемлекет – испан тілін, 20 мемлекет – араб тілін, 6 мемлекет – португал тілін.

26. «Қазақ елі және оның тарихы» туралы өз бетіңізше оқыңыз, презентация жасаңыз.

27. Қай елдің тарихы сізді қызықтырады, әңгімелеңіз.

28. Өзіңіздің оқуыңыз туралы әңгімеленіңіз. Әңгімеде келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

Қазақ тілін қашаннан бері оқисыз? Қазақ тілін қалай оқисыз? Қазақша көп оқисыз ба? Қай әдебиетті оқисыз – көркем әдебиет пе, арнайы әдебиет пе, газет журналдар ма? Қазақ тілінде фильм көресіз бе? Осы тілде радио тыңдайсыз ба? Қандай телебағдарламалар сізге ұнайды? Қазақша жиі сөйлеуіңізге тура келе ме? Қай жерде қазақша сөйлеуіңізге тура келеді – көшеде, дүкенде, университетте немесе жатақханада? Сізге не жеңілірек – қазақша сөйлеу ме, түсіну ме, оқу ма, жазу ма, орысшадан қазақшаға аудару ма, әлде керісінше аудару ма? Тілді жақсы білу үшін сіз не істейсіз? Жаңа сөздерді қалай оқисыз?

29. Төменде берілген мәтінді оқып түсіндіріңіз. Мәтінде қозғалған мәселеге өз пікіріңізді білдіріңіз. Осы мәселе сіз үшін, сіздің жақындарыңыз үшін, достарыңыз, таныстарыңыз үшін қаншалықты маңызды?

Үлгері білу біліктілігі

Бұл парадокс, бірақ нақ осы біздің ұшқыр ғасырымызда үлгеруді қойдық. Әңгіме күнделікті өмір туралы. Біз асығамыз, бірақ ештеңе істеп үлгері алмай жатамыз, уақытымызды реттей алмаймыз. Әрине барлығы туралы айтпаймыз. Біреулердің жұмысы аз, үлгермей жатады, енді біреулердің жұмысы бастан асады, тамаша меңгеріп жатады. Мүмкін бір құпиясы бар шығар. Әрине, жоқ. Бұл адам тек үлгері біледі.

Үлгері білу деген не?

Уақытыңды дұрыс ұйымдастыра білу үшін өзіңді де тану керек, өзіңнің психикаңның, физиологияңның ерекшелігін тани білуің керек. Сіз – «жапалақсыз ба», ерте тұрасыз ба, кешке тез шаршайсыз ба? Онда жұмыс үшін ертеңгі уақытыңызды тиімді пайдаланыңыз. Сіз – «үкісіз бе», онда басты жұмыстарыңызды жұмыстың соңына қалдырыңыз: нәтиже өзін ұзақ күттірмейді.

30. Төменде берілген фразеологизмдердің мағынасын қалай түсінесіз? Сөйлеуде қолданыңыз.

- Жұмысы бастан асады;
- Мұрынына су жетпеу;
- Ештен кеш жақсы;
- Екі аяғы сайға тимеу;
- Зыр қағу;
- Бір қолын екі ете алмау.

31. Төменде қазақ етістіктерінің қолданысы берілген. Мысалдарды оқи отырып, қазақ етістіктерінің қолданысын жақсы білесіз бе, өзіңізді тексеріңіз. Берілген материалды өз мысалдарыңызбен толықтырыңыз.

• «Ішке қарай қозғалысты», «ішке қарай қозғалыс бағытын» білдіретін етістіктердің қолданысы:

Көлік жайлап аулаға кіріп келе жатыр. Электр приборын қосар алдында оның дұрыстығын тексеріп алу керек.

• **Қозғалыс бағытының жоғары қарай берілуі:**

Көлік тік жарға әрең шықты. Алманы жинап алу үшін ағашқа шығуға тура келді. Ұшақ аспанға, биікке ұшып шықты. Бала төбешікке жүгіріп шықты. Су асты қайығы мұхит бетіне шықты.

• **Іштен сыртқа қарай қозғалыстың берілуі:**

Біз дүкеннен шығып, кафеге беттедік. Балалар баққа жүгіріп шықты. Бала құсты тордан босатты/шығарды. Оқушы кітаптарын сөмкесінен шығарды. Көршілер мебельдерін дәлізге шығарды. Көпшілігі кітаптан афоризмдерді көшіріп алғанды жақсы көреді.

• **Әрекеттің аяқталғанын, біткенінің берілуі**

Жиналысқа қатысушылардың бәрі осы сұрақ бойынша сөйлеп шықты. Оған айтып шығу керек болды. Емтихандық сессия артта қалды. Енді студенттер жақсы тынығып, ұйқыларын қандырды.

• **Әрекеттің, қозғалыстың жол-жөнекей негізгі бағыттан ауытқуының берілуі:**

Университетке барар жолда біз кітап дүкеніне кіріп шықтық. Қайтар жолда маған кіріп шығыңыз.

• **Әрекеттің дамытыла тереңдетіліп берілуі:**

Біз сізде отырып қалдық, қайтатын уақыт болды. Әңгімеге кіріп кетіппіз, кештің болғанын байқамай қалдық. Оқудың қызығына кіріп кетіп, аялдамадан өтіп кетіппін.

• **Іс-әрекеттің соңғы нәтижеге дейін берілуі:**

Мақаланы конспектiлеп қойдыңдар ма? Сіздер қысқа жемістер мен көкөнiстi консервiлеп қойдыңдар ма?

• **Іс әрекетті соңына дейін жеткізу, белгілі шекке дейін жеткізу мағынасының берілуі:**

Біз өзенге дейін жеттік, сол жерге тоқтадық. Өкінішке орай мен баяндаманы толық тыңдай алмадым, сабаққа асықтым. Әңгімені соңына дейін оқып бітіріңіздер. Шырақ жанып бітті, айналаны тағы қараңғылық басты.

32. Төменде берілген сөйлемдерді сәйкес етістіктермен аяқтаңыз.

Есік ашылып, аудиторияға лектор _____ . Балалар футбол ойнап жүріп, терезені сындырды. Енді шеберді шақырып, терезені _____ керек. Мен хат жазып, оны конвертке _____ . Менің достарым жаңа пәтерлеріне _____ мені қоныс тойына шақырады. Мына сөйлемде көп нүктенің орнына қажетті сөздерді _____ керек. Мен мына картинаны қабырғаға ілгім келеді, сен қабырғаға шеге _____ аласың ба? Алманы үзіп алу үшін ағашқа _____ керек. Аулаға үлкен жылдамдықпен жүк көлігі _____. Олардың әңгімесіне араласпауға кеңес беремін.

33. Төменде берілген сөйлемдерді сәйкес етістіктермен аяқтаңыз.

Мазан болмай тұрса, үйге дәрігер _____ керек. Ғылыми жетекші аспирант жұмысын мұқият тыңдады да, оған бірнеше ескерту берді. Мына аудиторияда жиһаздар жоқ, себебі оларды дәлізге _____. Мұнда жөндеу жүргізіледі. Мәтінді оқыңыздар, барлық жаңа сөздерді _____. Ешқашан әңгімелесушінің сөзін бөлме, бірінші оны _____ содан кейін сөйле. Осы сұрақ бойынша кім тағы _____? Біздің ұшағымыз кешкі жетіде _____.

34. Төменде берілген сөйлемдерді сәйкес етістіктермен аяқтаңыз.

Қартаң әйел үйден _____, саябаққа бет алды. Анам балалар ұйықтап жатқан бөлмеге ақырын ғана _____. Оқушылар партаға отырып, сөмкелерінен оқулықтарын, дәптерлерін _____. Мен мәтінді оқыдым, таныс емес сөздерді _____. Дәрігер ауру кісіні _____ (*қарап шығу*), рецепт жазып берді. Жиналыста әрбір қатысушы өз пікірін _____ (*айта алу*). Осы сұрақ бойынша ұжым мүшелерінің бәрі сөйледі. Шәйнекке жаңа әкелген суды құйып, бұрынғы суды _____ (*төгіп тастау*) болады. Самат, мына қоқысты _____ (*лақтырып тастау*). Техникалық ақауларына байланысты самолет _____ (*ұша алмау*).

35. Берілген етістіктерді пайдаланып, сөйлем жазыңыздар.

университетке дейін жету, Астанаға дейін жету, финишке дейін жүгіру, жағаға дейін жүзу.

- хатты аяқтап жазу, кітапты соңына дейін оқу;
- кездесу туралы келісіп алу;
- (бір нәрсенің) себебі туралы болжау;
- үйге кіріп шығу, мекемеге кіріп шығу, дүкенге кіріп шығу, жолдасына кіріп шығу;
- қорапты жіппен байлау, бетін қолымен жабу, пальтосын түймелеу.

36. Төменде берілген сөйлемдердегі көп нүктенің орнына сәйкес етістіктерді жазыңыз.

Мәтінді соңына дейін _____, содан соң мәтіннен жаңа сөздерді жазып ала бастадым. Стадионға футбол көруге барайық. – Аздап тұра тұр, менің мына фильмді соңына дейін _____ келеді. Алматыдан Астанаға дейін пойызбен 20 сағатта _____. Өкінішке орай, мен баяндаманы соңына дейін _____, себебі менің жиналысқа баруым керек еді. Мен оған кеше күні бойы телефон соқтым, бірақ _____. Біз онымен ертең кездесуге _____. Інімнің футбол ойынына беріліп кеткені сонша, шақырсаң да _____. Оның жазуы сондай түсініксіз, хатта не жазғанын _____.

37. Төменде берілген сөйлемдердегі көп нүктенің орнына сәйкес етістіктерді жазыңыз.

Университетке келе жатып, жолда поштаға _____. Достар әңгімемен кештің болғанын байқамай қалды. Көлік үйдің сыртына _____ тоқтады. Біздің аулада үлкен шұңқыр болған, бірақ құрылысшылар оны _____. Кітаптың қызығына _____ аялдамадан өтіп кетіппін. Өткен жылы біз тауға баруды _____, бірақ бара алмадық. Әкем киініп, түймелерін _____ бізбен қоштасты да, шығып кетті. Экспедицияға шығар алдында альпинистер тамақтарын _____. Баланың ойынға беріліп кеткені сонша анасының шақырғанын ести алмады. Мен сатушыдан алған затымды міндетті түрде ұқыпты _____ өтіндім. Егер сіз біздің қаламызға келсеңіз, міндетті түрде маған _____. Егер сізге қиын болмаса, менің хатымды поштаға _____.

Кеңістіктік қатынастың берілуі

Септік	Сұрақ	Мағынасы	Мысалдар
Барыс септік	Іс-әрекет бағыты	ішке	жәшіктің ішіне, шкафтың ішіне
Жатыс септік	мекені	ішіне	жәшіктің ішінде, шкафтың ішінде
Барыс септік		сыртына	мекеме сыртына, бөлме сыртына
Жатыс септік		ортасында, ортасына, жанында	саябақ ортасында, көше ортасында, университет жанында, метро жанында, дүкен жанында,
Жатыс септік		маңында, жақын жерде	стадион маңында жолға жақын жерде, көлге жақын тұста, өзенге жақын жерде қала айналасында жол бойында біздің үйдің қарама-қарсы жағында
Шығыс септік		айналасында, ... бойында, тұсында, қарама қарсы, жағында	театр тұсынан
Барыс септігі	қайда?	кездесуге	өзенге барып келу, достарға бару, біз бір-бірімізге қарсы жүрдік, бөлмеге кіру, үстелге қою, Алматыға бару, стадионға бару, ағаштың көлеңкесіне отыру
Көмекші сөзбен	қайда?	үстінде, астында, алдында, артында, арасында, ... қатар	

37. Кестеде берілген құрылымдармен сөйлемдер құраңыз.

Заттардың кеңістікте орналасуын білдіретін құрылымдар		
Қайдан? (қай жерде?)	оң жақ, сол жақ, алыс емес, оңтүстікке (солтүстікке қарай, батыста, шығыста) биіктікте, тереңдікте, ара қашықтықта, бес километр жерде, он минуттай жүретін жерде	болу, орналасу, жату, тұру
Ауылдан	оңтүстікке қарай	орналасқан мектеп көрініп тұр

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

Қалалар туралы әңгімелесеміз

ГРАММАТИКА:

- Бұйрық мәнді құрылымдар
- Түсіндірме мәнді құрылымдардың берілуі

Кіріспе нұсқау.

Әр түрлі өмірлік жағдаяттар адамдардың бір-біріне *өтінішпен* баруына әкеледі. Өзінің өтінішін сауатты, әдемі рәсімдей алу, сондай-ақ оған дұрыс жауап қайтара білу де сөйлеу мәдениетінің маңызды элементі болып табылады. Төменде өтініш білдіру кезінде қолданатын сөйлеу этикеті берілген. Осы құрылымдармен танысыңыз, олардың сөйлеудегі қолданысына назар аударыңыз.

Өтініш айту барысында қолданылатын сөйлеу этикеттері

Қалай өтініш айтады	Өтінішке қалай жауап береді
• Маған газет, журнал беріңізші.	Алыңыз.
• Сізде сөздік (журнал, қала анықтамалығы) бар ма?	Алыңыз.
• Кешіріңіз, сізде қалам бар ма? Маған бір нәрсе жазу керек еді.	Алыңыз.
• Маған кешке қарай хабарласыңызшы.	Жақсы, хабарласамын (аударамын, жазамын, әкелемін және т.б.).
• Айып етпесеңіз, бүгін кешке хабарласыңызшы.	Жарайды, хабарласамын.
• Сіз маған бүгін кешке хабарласа аласыз ба?	Әрине, әрине, уайымдамаңыз, мен бәрін реттеп қоямын.
• Қиын болмаса, маған бүгін кешке хабарласыңызшы.	
• Менің сізге бір өтінішім бар. Менің кітаптарымды кітапханаға өткізе саласыз ба?	
• Маған мәтінді аударуға көмектесіңізші.	Жарайды
• Айып етпесеңіз, маған мәтінді аударуға көмектесе аласыз ба?	Жақсы, әрине көмектесе аламын.
• Қиын болмаса, маған мәтінді аударуға көмектесіңізші.	Кешіріңіз, уақытым болмай тұр.

• Кешіріңіз, маған мәтінді аударуға көмектесе аласыз ба?	Өкінішке орай, көмектесе алмаймын. Бүгін бос емеспін. Жұмысым көп.
• Кіруге бола ма?	Кіріңіз.
• Кіруге рұқсат етіңізші.	Кіріңіз.
• Телефон шалуға рұқсат етіңізші.	Әрине рұқсат.
• Мына кітапты алуыма бола ма?	Алыңыз, алыңыз.

1. Төменде берілген диалогтарды рөлмен орындаңыздар. Өтініш қалай берілген, түсіндіріңіз.

1) Екі құрбының әңгімесі

- Назгүл, менің жол билетін сатып алуым керек, есіме салшы. Үнемі ұмытып кетемін.
- Жақсы, есіңе саламын, өзім ұмытып кетпесем.

2) Дүкендегі әңгіме. Жас жігіт сатушы қызбен сөйлесіп жатыр.

- Бойжеткен, менің қарындасым үшін сыйлық таңдауға көмектесіңізші. Ертең оның туған күні. Жиырма бес жасқа толады.
- Солай ма? Сізге қалай кеңес берсем екен... Шет елдік иіс су немесе жақсы косметика кез келген қызға ұнайды.
- Айтқызышы, айтқандарыңыз қайда екен?
- Үшінші қабатқа көтеріліңіз. Парфюмерия мен косметика бөлімі залдың ортаңғы жағында.
- Рахмет.
- Оқасы жоқ, сізге көмектескеніме қуаныштымын.

3. Екі курстас студенттің әңгімесі.

- Санжар, сен маған педагогика практикасы бойынша жетекшіміздің телефон нөмірін бере аласың ба?
- Өкінішке орай, жазба кітапшамды алып шықпаппын. Менің есімде, ол кісінің телефоны менде бар. Кешке қарай хабарлас.
- Жақсы хабарласамын.

4. Оқытушы мен студенттің әңгімесі.

- Асқар Жақсылықұлы! Сізге өтінішпен кірсем бола ма?
- Иә, келіңіз, Арман. Не боп қалды?
- Мен испан тілін оқи бастап едім. Маған жақсы оқулық таңдауға, тілді қалай оқуға кеңес беріңізші.
- Жарайды, көмектесемін. Бірақ қазір уақытым жоқ. Кафедраға сағат үште келіңіз. Сонда бәрін талқылаймыз.
- Рахмет сізге, мен міндетті түрде келемін.

2. Төменде берілген жағдаятты орындаңыз. Сөйлеу этикеттерін пайдаланыңыз.

- а) жаңа спектакльге билет алу;
б) сабаққа ағылшынша-қазақша сөздік әкелу;
в) сізге қызықты бір кітап оқуға беру;
г) сізге кешке телефон шалу;
д) сізге мақала жазуға көмектесу;
е) сізге кешке кіріп шығу;
ж) теледидарды өшіру.
- а) үстелде жатқан кітаптарға тиіспеу (олар сізге жұмыс үшін қажет);
б) бүгін сізге тым кеш телефон шалмау (бүгін сіз ұйықтауға ерте жатқыңыз келеді);
в) жұмыс істеуге сізге кедергі келтірмеу (теледидар қарау).

3. Төменде берілген репликаларға жауап беріңіздер.

Жауаптарыңызды үлгімен сәйкестендіріңіздер.

Үлгі: – *Мына орындыққа отыруға бола ма?*
– *Отырыңыз, отырыңыз.*

Үлгі: – *Мына орындыққа отыруға бола ма?*
– *Жоқ, отыруға болмайды, бос емес.*

Сізге бүгін кешке телефон шалуға бола ма? Мына журналды алуға бола ма? Теледидарды қосуға бола ма? Терезені жабуға бола ма? Затымды көлікке қалдыруға бола ма?

4. Төменде берілген жағдаят бойынша сөйлеңіз.

- Сізге қонақ келді, отыруды ұсыныңыз.
- Біреу есікті қағып тұр. Оған кіруге рұқсат етіңіз.
- Сіздің досыңыз сізде қонақта отырып қалды. Кеш болып кетті, бірақ ол кетуге жиналып жатыр. Сіз оған үйде қалуды ұсыныңыз.
- Сіздің достарыңыз аз уақытқа сізге қонаққа келді. Олар кетуге жиналып жатыр. Сіз олардан тағыда қала тұруды өтініңіз.
- Сіз бөлмедегі жиһаздардың орнын ауыстырғыңыз келеді. Досыңызға көмектесуді өтініңіз.
- Сіздің мазаңыз болмай тұр. Досыңыздан дәріханаға барып, дәрі әкелуге өтініңіз.
- Сіздің ағаңыз саяжайға көлікпен бара жатыр. Сіз жол жөнекей жеміс-жидек сатып әкелуді өтініңіз.
- Сіз құрбыңыздың үйінде қонақтасыз. Кітап сөресіндегі бір кітап сізді қызықтырды. Құрбыңыздан кітапты қарап шығуға рұқсат сұраңыз.

5. Төменде берілген лебіздерді оқыңыз. Қандай жағдайда пайдалануға болатынын сипаттаңыз. Осы лебіздердің (реплика) негізінде диалог құрастырыңыз.

- А** 1. Маған бір минутке назар аударыңызшы, өтінемін. Мені тыңдаңыз. Мен сізге бәрін түсіндіремін. 2. Кешіріңіз, неге екенін білмеймін, бүгін біздің телефонымыз істемей тұр. Сізден телефон шалуға рұқсат етіңізші. 3. Бізге тағы екі кофе, екі шыны шай әкеліңіз. 4. Теледидарды өшір, жұмыс істеу мүмкін емес. 5. Неге үндемей қалдың? Әрі қарай айта бер, мен тыңдап тұрмын. 6. Кешіріңіз, менімен орын алмастыра аласыз ба? 7. Сабақта сөйлемеңіздер, өтінемін. 8. Жұмыстың соңынан қалыңызшы, менің сізбен әңгімелескім келеді.

- Б**
1. Өкінішке орай мен сізге көмектесе алмаймын. Бұл салада мен маман емеспін.
 2. Сұрама. Мен саған есеп шығарып бермеймін. Өзің шығар.
 3. Мен саған бүгін кіріп шыға алмаймын. Кешке Астанаға іссапармен жол жүріп барамын.
 4. Мен саған көмектесер едім. Білесің ғой, қазір сессия. Мүлдем уақытым жоқ.
 5. Жақсы, алыңыз, бірақ ұзақ уақыт ұстама.
 6. Ұмытпаймын. Уайымдама.
 7. Білмеймін. Келе алмайтын шығармын.

Бұйрық райдың қолданысындағы ерекшеліктер.

• Бұйрық рай (императив) сөйлеушінің өтініш түрінде, бұйрық немесе әрекетке ояту түріндегі сөйлеушінің еркін білдіретін грамматикалық категория.

• Мысалдарға назар аударыңыз: Күнде таңертең терезені ашыңдар. Терезені аш. Бөлме ыстық.

• Бұйрық райдағы сөйлемдер әр түрлі экспрессивті – модальдық мағынада болады. (салыстырыңыз:

1. *Дастан, есеп шығар.* (іс-әрекетті істеуге бейтарап қозғау). *Дастан, маған есеп шығарып берші.* (іс-әрекетті істеуге өтініш білдіру).

2. *Кіріңіз. Пальтоңызды шешіңіз. Кабинетке өтіңіз. Креслоға отырыңыз* (іс-әрекетке шақыру). *Кабинетте бүгін суық. Бөлмеге өтіңіз. Каминге жақын отырыңыз, онда жылырақ* (іс-әрекетті жасауға өтініш).

3. *Мен не айтып тұрмын, тыңдаңыздар!* (бұйрық). *Менің кеңесімді тыңдаңыз: мына кітапты балаңызға оқып беріңіз* (кеңес, ұсыныс).

4. – *Терезені ашсам бола ма?* – *Аш, маған бәрібір* (рұқсат, сөйлеуші үшін іс-әрекет орындала ма, орындалмай ма, бәрібір). – *Терезені ашайын.* – *Ашсаң, аш. Мында қапырық екен* (келісім, іс-әрекеттің орындалуына тілек).

5. *Сағат жеті. Тұрыңдар* (іс-әрекетке шақыру). *Сағат жеті болды. Тұрыңыздар да маған көмектесіңіздерші* (өтініш).

• Бұйрық райдың болымсыз түріндегі қолданысы: (салыстырыңыз: мына мақаланы оқып шығыңыз, қызық / мына мақаланы оқымаңыздар, қызық емес. Үй салқын ба? Шай ішіңіз / Суық су ішпеңіз, суық тиіп қалуы мүмкін. Креслоға отырыңыз, сізге теледидар көруге ыңғайлы болады. / Мына орындыққа отырмаңыз, бұл сынық орындық).

• Бұйрық рай ескертуді, қауіптілікті білдіретін құрылымдарда қолданылады:

• Уақыт аз қалды. Пойызға кешікпе. Сіздің кітабыңыз үстелде жатыр. Ұмытып кетпе. Сақ болыңыз. Мұнда тайғақ. Бүгін суық. Абайла. Салқын тиіп қалмасын.

6. Бұйрық райдағы етістіктерді қайталамалы әрекетті білдіретіндей, берілген сөйлемдерді өзгертіңіз.

Үлгі: – *Маған бүгін кешке телефонмен хабарлас.*

– *Маған ылғи кешке хабарласып тұр.*

1. Дәурен, бүгін сұр костюмді ки.

– Дәурен, осы костюмді _____ . Ол саған жарасады.

2. Нұрлан, таңертеңгі тамағыңды іш.

– Нұрлан, күнде таңертең _____ .

3. Назгүл, мәтіннен жаңа сөздерді жазып ал да жатта.

– Назгүл, ылғи _____.

4. Дастан маған ертең жаңа газеттерді сатып алшы.

– Дастан, маған үнемі _____.

5. Жанат, ата-анаңды жаңа жылымен құттықта.

– Жанат ата-анаңды үнемі _____.

6. Серік, ініңнің үй жұмысын тексерші,

– Серік, күнде _____.

7. Әже, түскі тамақтан кейін дәрілерді іш, ұмытып кетпе.

– Әже, ылғи _____.

7. Төменде берілген ситуацияларды пайдалана отырып, өзіңізбен әңгімелесушіңізден бір әрекетті орындауға өтініңіз.

Үлгі: – Мен бүгін сөздігімді әкелген жоқпын (беру).

– Илияс, маған сөздігіңді бір минутқа бере тұршы.

1. Мен мақаланы аударма алмай отырмын (көмектесу).

2. Айнұр жексенбі күні келетінін айтып, телефон шалды (күтіп алу).

3. Айдын мазасы болмай, ауырып тұрғанын айтты (хабарласу, денсаулығы туралы білу).

4. Мен кеше семинарда болмадым (әңгімелеу).

5. Мен мына техниканы қалай қолданатынын білмеймін (көрсету).

8. Төменде берілген жағдаяттарды қалпына келтіріңіз. (жақша ішіндегі сөздерді пайдаланыңыз)

1. Неге үндемей тұрсың, Алмас? Әрі қарай (айту).

2. Есепті қалай шығаруды бәрің түсіндіңдер ме? Енді (шығару).

3. Сендер бірінші есепті шығарып қойдыңдар ма? Ендеше, екіншісін (шығару).

4. Сендер әлі есептерді шығарып болмадыңдар ма? Қазір қоңырау соғады (аяқтау).

5. Апай, сіз қазақша өте жылдам сөйлейсіз, мен сізді нашар түсінемін. Жайырақ (айту, сөйлеу).

9. Төменде берілген сөйлемдердегі етістіктерді тиісті тұлғасында жазыңыз.

1. Бізге ертең сағат алтыда келіңіз, _____.

2. Самолет бір сағаттан кейін ұшады. Сенің уақытың аз. _____.

3. Рахантай, далаға қыдыруға шығатын болсаң, теледидарды өшіруді _____.

4. Бізге жиі келіп тұрыңыз. Бізді _____.

5. Олардың бұл туралы білмегені дұрыс. Оларға _____.

6. Оған есеп шығаруға _____ (көмектесу). Өзі _____.

7. Кітапты үстелге _____ (қалдыру). Шкафқа _____.

8. Бөлмеде қапырық, терезені _____ (ашу). Далада қатты жел. Терезені _____.

_____ . Театрға барасыз ба? Билет алуды _____.

10. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріп жазыңыз.

Жылнама, көне сәулет ескерткіштері, көне құрылыстар, тұрғын үйлер, мамандар, шағын аудан, мемлекеттік биліктің жоғары органдары, үкімет, жеңіл өнеркәсіп, өндірістік потенциалы, өнімдер, электр құралдары, ғылыми мекемелер, жобалау институты, жоғары оқу орындары, конференция, конгресс, көрме, жарыс, турнир, спорттық ойын түрлері, спорттық ареналар, жанкүйерлер, чемпион, жүлдегер.

11. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сөйлемді қалпына келтіріңіз.

1998 жылдан Астана – _____ астанасы (*тәуелсіз, егеменді мемлекет*).
Қалада _____ жоқ дерлік (*көне сәулет ескерткіштері*).
Астана _____ (*жазық дала орналасу*). Қалада _____
_____ бар (*көптеген завод, фабрикалар*). Қазақ ғалымдары _____
_____ жұмыс істейді (*ғылымның әр түрлі салалары*). Қазақ ғалымдарының есімі _____
_____ (*республикадан да тысқары елдер*) белгілі. Қалада бірнеше _____
_____ бар (*жоғары оқу орындары*). Астанада _____ бар
(*бірнеше мектеп, орта арнайы оқу орындары*).

12. Сұрақтарға жауап беріңіздер. Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына арналған материалдарды қараңыз.

Астана қашан құрылды? Оның көне атауы қандай? Астана қашан республика астанасы болды? Қалада неге көне сәулет ескерткіштері аз? Неге Астананы республиканың саяси орталығы деп атайды? Астана қаласының тұрғындар саны қандай? Неге Астананы жастар қаласы дейді? Астананың өндірістік потенциалы қандай? Астананың қандай өнеркәсіптік орындарын білесіздер? Олар қандай өнім өндіреді? Астананың қандай жоғары оқу орындарын білесіздер? Неге Астананы республиканың ірі мәдени орталығы деп санайды? Қаланың қандай театрларын, мұражайын, концерттік залын білесіздер? Қандай спорттық орындарын білесіздер? Қалада қандай спорт түрлерін көбірек пайдаланады?

13. Өзіңіздің туған қалаңыз туралы, оның көрнекі жерлері, тарихы туралы әңгімелеңіз.

14. Еліңіздегі туристер көргісі келетін көрнекі жерлер туралы айтыңыз.

15. Диалог-әңгімеге қатысыңыз. Әңгімелесушіден оның туған қаласы туралы сұраңыз. Одан мыналарды біліңіз:

- 1) Оның туған қаласы немен айналысады, оның тарихы қандай, бай қала ма, кедей қала ма;
- 2) Қалада қандай көрнекі (тарихи ескерткіштер, көне сәулеттік ескерткіштер) жерлер бар;
- 3) Қалада өнеркәсіптік мекемелер көп пе? Олар қандай өнім шығарады; олар қала сыртына, елге белгілі ме;
- 4) Қалада жоғары оқу орындары көп пе; олардың қайсысы белгілі;
- 5) Қалада мұражай, театр, концерттік, көрмелік залдар бар ма; олардың ең белгілісі, танымалы қайсысы;
- 6) Қалада музыкалық фестивалі, өнер көрмелері, жәрмеңкелер өте ме;
- 7) Қалада дүкендер, кафе, ресторандар көп пе; сіз тұратын ауданда олар жеткілікті ме;
- 8) Қалада қала транспорты жақсы жұмыс істей ме; оны қала тұрғындары жиі пайдалана ма;

- 9) Қалада спорттық мекемелер көп пе; онда қандай жарыстар өтеді; қалада қандай спорт түрі танымал; қалада халықаралық жарыстар жиі өткізіле ме (спорттың қандай түрі);
- 10) Қалада демалыс орындары көп пе (саябақтар, өзендер, көлдер);
- 11) Қалада жаңа құрылыстар бар ма?

Әңгіме барысында әңгімелесушінің осыған ұқсас сұрақтарына жауап беріңіздер.

12. Әр адамның өзінің жақсы көретін, құрметтейтін тарихи жерлері болады. Оларды сол ұнататын жерлеріне жиі барғысы келіп тұрады, қайта-қайта оралғысы келеді. Көптеген қазақтар үшін мұндай жерлер меніңше, Көкшетау, Бурабай, Б.Момышұлының Мыңбұлағы, Мұқағалидың Шалкөдесі т.б. болуы мүмкін.

Өзіңіз құрметтейтін жерді сипаттаңыз.

13. Белгілі академик Д.С. Лихачевтің сөзінен берілген фрагментті оқыңыз, түсініктеме беріңіз. Мәтінде қозғалған мәселеге өз пікіріңізді білдіріңіз. Автор пікірімен келісесіз бе, айтыңыз.

«Мәдени құндылықтар туралы айтқанымызда, біздің көпшілігіміз мәдени құндылық дегеніміз – тек қана қалың-қалың оқулықтар, энциклопедиялар, хроникалар, әдеби ескерткіштер, мұражайлар ғана емес екенін біздің көпшілігіміз ұмытамыз. Өткен тарихтың құндылығы біздің айналамызда: тастан, ағаштан салынған құрылыстарда, көше мен алаңдар жоспарында, жолда, айналамыздағы табиғатта, халық әндері мен биінде, дәстүрлерінде. Айналаңызға зер салып қараңызшы, барлық жерде, үлкен қалада да, кішкентай ауылда да – сіз тарих ескерткіштерін және халық мәдениетін табасыз. Егер сіз ұқыпты, ақылды болсаңыз, осылар сізге өткен ұрпақтың рухани және материалдық өмірі туралы көп айтар еді».

14. Төменде берілген мәтінді оқыңыз. Онда қозғалған мәселеге өз пікіріңізді айтыңыз. Сіздіңше, «кішкентай отаным» түсінігіне не кіреді? Өзіңіздің кішкентай отаныңыз туралы, ондағы мәселелер туралы әңгімелеңіз. Оны болашақта қандай болғанын көргіңіз келеді, ол үшін не істеу керек?

Менің «кішкентай отаным»

Менің ауылым, менің әкемнің үйі – менің өскен жерім көптен бері мені өзіне тартып, шақыратын да тұратын. Туғандарымнан ешкім қалмаса да, мен осы сапарға бел будым. Өзімнің аялдама жетпей, автобустан бұрынырақ түсіп қалып, туған ауылыма жаяу жүріп барамын деп елестеттім. Қай жағынан барсаң да қателеспейсің, тура ауылдың үстінен түсесің. Анда, ауыл үйлерінің ішінде өзіңнің үйің көрінеді, ерекше, себебі әрбір үй өзінше салынған, олардың ішінде бірдей салынған үйлер жоқ-тұғын.

Міне жақында елге де бардым. Көрдім де, көңілім су сепкендей басылды. Енді онда оралғым келмейді. Себебі енді менің мендегі бала кезден бері құрметтеген, аялаған құндылығым жоқ, «кішкентай отаным» жоқ. Көп үйлер бұзылған, алма ағаштары қырқылған, қурап қалған. Бұрынғы кейбір мекемелердің ізі де жоқ.

Мен өз үйінің, көшесінің, қаласының ерекшелігін сақтауға қамқорлық жасайтын адамдарды бағалаймын. Осындай адамдар көбірек болу үшін не істеуге болады?

(И.Петрянов - Соколовтан)

15. Төменде берілген туған жер, отан туралы мақал-мәтелдерді (мақал-мәтел жазу) оқыңыз, түсініктеме беріңіз. Олар қолданатын жағдаятты сипаттаңыз. Өз тіліңіздегі туған жер, отан туралы мақал-мәтелдерді қазақша айтыңыз.

Отан үшін еңбек етсең, халқыңның сүйген ұлы боласың. Бақа батпағына, балық көліне. Отан үшін күрес – ерге тиген үлес. Орағың өткір болса, қарың талмайды, Отаның берік болса, жауың алмайды. Отан қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді. Аққу көлін аңсайды, Адам туған жерін аңсайды. Ұлтарактай болса да ата қоныс – жер қымбат, ат төбеліндей болса да – туып-өскен ел қымбат. Әркімнің өз жері – Мысыр шаһары. Пәлен жерде пайда бар, өз еліңдей қайда бар?! Жақсы жігіт жер шолып, ақыр түбі айналар. Опасызда Отан жоқ. Отанға опасыздық еткенің, өз түбіңе өзің еткенің.

<https://www.zharar.com/kz/makal/781-tugan.html>

Ауыл мен қала

16. Сөздер мен сөз тіркестерін ауыл және қала және екеуіне де ортақ деген тақырыпқа жіктеп жазыңыз. Мағынасын түсіндіріңіз:

Тұрғын; ат тұяғы; жылжымайтын мүлік; түгін; коммуналдық қызмет; жағымсыз, зиянды газдар; ауыл тұрғындары; қала тұрғындары; артықшылықтар; кемшілікте; ой еңбегі; таза ауа; қоршаған орта; кептеліс; бос уақыт; бос кеңістік; азық түлік сапасы; бағасы; дәмді; пайдалы; тату-тәтті көршілік; бірін-бірі жақсы білу; жақын араласу; танымау; ауыл тұрмысы; мал бағу; қол еңбегі; экология; құдық; аула; егін орағы; инфрақұрылым; аббатандыру.

ҚАЛА:	АУЫЛ:	АУЫЛ МЕН ҚАЛА:

Сұрақтарға жауап беріңіз:

- 1) Біз қалада (қалада немесе ауылда) қай жерде тұрамыз?
- 2) Сіздің туған қалаңыздың (ауылыңыздың) атауы қандай?
- 3) Біздің қаламыз (ауылымыз) қашан құрылған? (мысалы, 1888 жылы)
- 4) Сіздің қалаңызды қалай сипаттауға болады?

17. Танысыңыздар және толықтырыңыздар: Ауылда және қалада өмір сүрудің кейбір артықшылықтары мен кемшіліктері.

- Ауылда таза ауа бар, қоршаған орта өте әдемі.
- Ауыл тұрғындары, әдетте, көршілер бір-бірін біледі және бір-біріне көмектеседі.
- Ауылда азық-түлік бағасы арзан, табиғи және дәмді.

- _____
- _____
- _____

Үлкен қалаларда өмір сүрудің артықшылықтары:

- Қалада көптеген жерлер бар: театрлар, кинотеатрлар, галереялар, қызықты орындар, клубтар, супермаркеттер және басқалар.
- Мұнда жақсы мектептер, университеттер және басқа оқу орталықтары бар.
- Қалаған кез-келген тауарды сатып алуға болады.

- _____
- _____
- _____
- _____

Қалада тұрудың кейбір кемшіліктері:

- Көшелердегі кептелістер қала тұрғындарын қысқа уақытында жұмысқа жетуіне кедергі болады.
- Үлкен қалаларда қылмыс деңгейі жоғары.

- _____
- _____
- _____

Ауылдың кемшіліктері:

- Ауылда жұмыс орны аз.
- Сіз ауыр науқас болсаңыз, жоғары кәсіби медициналық көмек ала алмайсыз.

- _____
- _____
- _____

18. Ауыл мен қала өмірін салыстырыңыз. Оны келесі салаларға бөліп қарастырыңыз: тұрмыс, қоршаған орта, білім алу, демалыс, медицина, қызмет, мансап. Әр топ өзінің саласын алып жақсы және кемшілік жақтарын жазыңыз.

19. <https://www.youtube.com/watch?v=V065zxI4uuc&t=292s> сілтемесі бойынша тілші Сейфолла Әйгерімнің «Біздің ауыл» деректі фильмдер сериясын көріп ауыл өмірімен танысыңыз. Ондағы мәліметті пікірсайыста пайдаланыңыз.

20. Жазған аргументтеріңізді пайдаланып «Қала тұрғындары» және «Ауыл тұрғындары» топтарын құрып пікірсайыс өткізіңіздер.

21. <http://qazaqadebieti.kz/8156/alada-mir-s-remiz-bira-alaly-emespiz> сілтеме бойынша жазылған екі пікірді оқыңыз. Ауылда туып өскен қазір қалада тұратын адамдардың пікірін өз сөзіңізбен айтыңыз. Автордың негізгі айтпақ ойы не?

22. Төменде сюжеттік тақырыптық жағы ұқсас, бірақ мәселені шешу тұрғысынан әр түрлі авторлық тұрғыдан берілген үш мәтін беріледі. Осы амалдардың қайсысы сіздің пікіріңізше сәтті, қолданымды деп ойлайсыз, айтыңыз. Мәтінде айтылған мәселелер туралы әңгімеге қатысыңыз.



Қазіргі қала қандай болу керек?

Қазіргі адам өмірінде қала үлкен рөл атқарады. Сондықтан әр түрлі сала мамандары – архитекторлар, экономистер, географтар, әлеуметтанушылар, дәрігерлер адамға ыңғайлы, жақсы, қызықты, қуанышты өмір сүру үшін қазіргі қала қандай болу керек деген сұраққа көп ойланады. Қазіргі қалалардың дамуы – тұрғын санының өсуі, үй құрылыстарының өсуі, экономиканың дамуы тек қана мамандарға ғана емес, үлкен қаланың кез келген тұрғынына белгілі бірқатар қиындықтар туғызатынын жақсы біледі. Ғалымдар үлкен қалалардың өсуін тоқтату керек пе, әлде керісінше, үлкен қалаларда үлкен болашақ бар деген сияқты сұрақтарға дауласуда.

Кейбір ғалымдар қазіргі адамдар үшін үлкен қала тартымдырақ, ыңғайлырақ деп айтады. Қала неғұрлым үлкен болған сайын экономикалық жағынан тиімді, ал үлкен қаланың кемшін жағы – орманнан, өзеннен алыс болуы, жол жүргенде уақыт жоғалтуы, бұлар тек қана қаланың көлеміне байланысты емес, оның жоспарлануына да, құрылысына да байланысты. Бұл кемшін жақтарды болашақта жоюға болады.

Басқа ғалымдар ірі қалалардың өсуін тоқтату, шектеу керек дегенді айтады. Шағын қалаларды көбейтуді ұсынады. Үлкен қалаларда (тұрғындар саны жарты миллионнан көбірек) өндіріс мүмкін тиімдірек шығар, бірақ транспортқа, транспорттық қолайлылыққа, энергетикалық магистралдарға көп шығын кетеді. Сонымен қатар үлкен қалаларда транспорт пен тұрғын үй мәселесін шешу өте күрделі.

Қазіргі қалалар мен табиғат



Бүгінгі алып қалалар – бетонмен, асфальтпен жабылған жердің бір бөлшегі. Тек қана гүлдер шоғы және күзгі сары жапырақтар бір жерлерде әлі де мыңдаған шөптері, ағаштары сақталған жерлер сақталғанын аңғартады.

Қазіргі қалада көптеген қайшылықтар бар. Дами келе аэродромдармен, автострадалармен, темір жол магистральдары мен жоғары вольтті сымдарымен табиғатты кедейлендіреді, өзінің көлемімен жердің үлкен аумағын алып жатады. Кеңейе келе орасан тас қамақтай, қиналады, өз-өзінен шығуға жол іздейді.

Сондықтан архитектурадағы ақылдылар жаңа шешім

іздеуде, болашақ қаланың әр түрлі нұсқасын ұсынуда. Бұл ұсыныстар әр түрлі, алайда оларды бір-ақ нәрсе біріктіреді: олар адамдарға тірі жерді, тірі аспанды, қаладан қуылған табиғатты қайтарғысы келеді, аспан тіреген үйлерді жермен, дала гүлдерімен байланыстырғысы келеді, адамды табиғатқа бұрғысы келеді.

1) Болашақ қалалардың қандай ерекшеліктеріне мән бересіз?

- а) Қаланың көркі;
- б) Аббатандырылуы;
- в) Өмір сүру қағидасы;
- г) Экономикалық жағдайы;
- д) Немесе басқа нәрселерге мән бересіз бе?
- е) Болашақ қалаларға берілетін анықтамаға сіз тағы қандай сипаттама қосар едіңіз?

көліксіз қала, көміртегісіз қала, «өкпесі» бар қала, жасыл қала, ...

2. а) Бұл мәтінде келешекте бой көтеруі мүмкін немесе алғашқы іргетасы қаланып та үлгерген жаңа қалалар жобасы жайлы айтылады, келешектің қаласы туралы сіздің ойыңызбен үйлесе ме?

б) Сіз үшін қайсысы күтпеген жаңалық болды? Несімен? Қай жоба сізге ұнады немесе ұнамады? Дәйекті дәлелмен жауап беріңіз.



Көліксіз қала салынады


Қытай басшылығы «Ұлы қала» жобасын қолға ала бастады. Жоба бойынша, қалада көлік атаулы болмайтын көрінеді. Қала Чэнду аймағына жақын маңға салынбақ. Жоба 80 мың тұрғынға жоспарланған. Автокөліксіз қалада бар ісінді жаяу немесе велосипедпен жүріп тындыруға толықтай жағдай жасалмақ екен.



Жобаның мінсіздігі де тұрғын үй кешенінің маңына барлық қажетті мекеменің орналасуында болып отыр. Қажетті жеріңізге 10 минутта жетуге болады. Қытайдың келешекке жоспарланған қаласы қазіргі өзі тектес қаладан 89 %-ға дейін шығынды аз келтіретін көрінеді.

Көміртегісіз қала жобасы да бар.

Қытайдың «Ұлы қала» жоспарында қалада автокөлік болмайтын болса, Біріккен Араб Әмірлігі қолға алған Масдар автокөліксіз және зәулім үйлердің бой көрсетпеуімен ерекшеленбек.




Масдар қаласы қазіргі таңда Дубайға жақын маңдағы шөл далада салынып та жатыр. Қаланың ерекшелігі – жоба бойынша, таза табиғи энергия көздерімен жабдықталады. Яғни мұнай, газ және көмірдің орнына энергия қуатын күн және желден өндірілмек. Бұл жоба іске асып жатса, қала әлемдегі көміртегіден ада алғашқы қала болмақ. Күндіз күннің аптап ыстығынан қорғайтын қалқандар, түнде күндіз жинаған энергия қуатын жарық қылып тұрады екен.

Шөлдегі «жасыл» қала.

Дубай – Біріккен Араб Әмірлігінің келешектегі «жасыл» қалаларының бірі болмақ. «Baharash Architecture» компаниясының мамандары жобаны жасауда эко-құрылыстың басты әлемдік жетістіктерін қолданбақ.





Аталған жобада 550 ыңғайлы вилла, оқу орындары және 200 шаршы шақырым аумақтағы күннен қуат алатын арнайы құрылғы жұмыс жасайтын органикалық фермалар жасалмақ. Күн батареялары қаланың қажеттіліктерінің жартысын өтей алады деп болжауда.

Ғимараттары тығыз орналасқан қала

«Kjellgren Kaminsky Architecture» мамандары аумағы жөнінен өз елінде екінші саналатын швед қаласы Гетеборгты келешек қаласына айналдыруды жоспарлауда. Олардың жоспарына сәйкес, құрылыс нысандары өте тығыз орналаспақ. Күннен қуат алатын батареялар мен жел диірмендері тұрғындардың тамақ және энергияға қажеттілігін толық қанағаттандырмақ. Сонымен қатар бұл құрылыс жұмысы қала арасындағы қатынауды әлдеқайда жеңілдетіп, қала ортасындағы өзенді басты транспорттық жол торабы етуге ыңғайластырмақшы.




Вертикальды қала жобасы

«John Wardle Architects» архитекторлары мен жоба басшылары аустралиялық қала Мельбурн 100 жылдан кейін қандай болатынын ұсынып көрсеткен. «Multiplicity» атты жоба ені жағынан емес, жоғары және төмен қарай өсетін ірі мегаполисті паш етпекші. Болашақ Мельбурнда жол торабы жер асты және әуе кеңістігінде орналасады, ал қаланың үстінен ортақ мөлдір шатыр орнатылады. Аталған шатыр астықтың өсірілуі, судың жиналуы және күн қуаты мақсатында қолданылады.



Жаяу жүргіншілер қаласы

Пуэрторикалық қала Сан-Хуан қаласы да автокөліктен тұтас бас тартатын қалалардың бірі болуы ықтимал. «Great City» және Масдар қалаларына қарағанда, Сан-Хуан жаңадан салынбай, тек қайта құрылады. Тұрғындардың азаю үрдісінің ұлғаюымен мазасызданған билік басшылары қаланың қайта құрылуына 1,5 миллиард доллар ақша жұмсамақшы. Басты міндет автокөліктерден бас тартып, көрікті жаяу жүруге арналған аумақтардың құрылуы. Сан-Хуан басшылары демалуға арналған тамаша мүмкіндіктерді қамтитын экологиялық таза қала келешекте тұрғындармен қатар туристерді де тартады деп жоспарлауда.





Шан-Суи – Қытайдың құдіретті қаласы болмақ

Шан-Суи – қытайда орналасқан тағы бір келешек қала. Бұл жобаның жасалуымен «MAD Architects» компаниясы айналысады, ал жалпы жоба негізінде Қытайдағы су мен тауға деген құрмет жатыр. Шан-Суи көп қабатты зәулім ғимараттардың көптігімен ерекшеленетін қала болмақ. Әрқайсысында тұрғындар мен қонақтарға арналған жайбарақат демалыс үшін орайластырған он шақты қоғамдық орын да қарастырылған. Жоба авторлары болашақтың негізі – тығыз қоныстандыруда деп есептейді. Бұл қиындықсыз кез келген орынға велосипед және қоғамдық көлікпен жетуге мүмкіндік бермекші.

3D қала

Тағы да бір ерекше жобалардың бірі – «NeoTax» жобасы. Бұл жобадағы келешек қала құрылысындағы зәулім үйлердің көп бөлігі әуе қабатында болып, аз бөлігі ғана жерге жақын орналаспақ. Бұл адамдардың жердегі тірлігін жақсартуға жағдай жасамақ екен. Қытайлар жобаны мақұлдап отырған көрінеді.





Тастан салынған қала

а) Бельгиялық архитектор Винсент Каплебо Қытайдың Шэнчжен қаласының болашақ жоспары мен жобасын жасап шықты. Оның сызбасы бойынша, қала ірі теңіз тастарын бір-бірінің үстіне қойылуы арқылы бой көтермек.

б) «Моноқалалардың болашағы бар ма?» деген интернетте берілген сұхбатты оқып, талқылаңыздар.

<https://aikyn.kz/2017/03/02/5644.html>



ТЫҢДАЛЫМАЛДЫ ТАПСЫРМАЛАР

5.1 Сөздер мен сөз тіркестеріне парафраза жасаңыз.

Көзге ұру, жапсарласа салу, даму келбеті, жұлдызы жанып, бағы ашылу, географиялық аймақтың мінезін зерттеу, мүдделік қақтығыстардың асқынуы.

Мәтінді тыңдаңыз.



Қазақ қалалары жалпы сонау Кеңес үкіметі кезінде бой көтерген, орыс жүйесімен жасалынған қалалар болып табылады. Қазақ қалаларын қазақ жобалаушы мамандары жасамаған. Сондықтан қазақ қалалары мен корей қалалары дегенде екі елдің қалаларының жалпы сыртқы келбеті мен ішкі инфрақұрылымдары, бағыты мен орнын екі жүйенің иелері капиталистер мен социалистер тұрғызғандығы бірден көзге ұрып, күнделікті өмірде сезіледі. Көптеген елдердің қалаларынан біздің қалаларымыздың басты айырмашылығы түрлі жүйеде қалыптасқандығы. Сонымен қатар әлемдік қалалардың соңғы даму моделі мен үрдістерінен алшақ жатқандығы және оған сай еместігі туралы әлі ешкім қозғап айтпай жатыр.



Қазақ қалаларының өзінше даму моделі бар деп айтуға, бір Астананың өзімен қазақ қаласының толық келбетін ашып айтып беру тым ерте. Сондықтан «Астана – қазақ қаласының бүгінгі үлгісі» дегеннен гөрі, қазақ қаласының тәуелсіздіктегі бағыт-бағдары мен болашақ ұстанымын айғақтауға тырысқан алғашқы ізденісі деп айтуға болар. Астана да бұрынғы Целиноградпен жапсарласа салынған қала. Жалпы мұндай қалалар әлемде біреу емес, мыңдап кездеседі. Ол қалалардың даму тарихынан көрінеді. Ежелгі тарихи орындар және патшалықтардан қалған ескерткіштер мен ғажайып сәулет ғимараттары айтып береді. Мысалы, Сеул де бұрынғы корей патшалықтарынан қалған ескі Ханян деген қаладан кейін, жаңаша бой көтерген. Сондықтан мұндай жаңа қаланың дамуы мен пайда болу сипаты бәріне тән.

Қазақ қалаларымен корей қалаларының айырмашылықтары көп. Экономикалық, географиялық тұрғыда және мәдени, тарихи тұрғыда алатын болсақ, бәрі бір-біріне ұқсамайды. Ірілік жағынан қазақ қалалары әлі корей елінің қалаларының біріне жетпейді. Географиялық тұрғыда корей түбегі теңіз бен мұхитқа жақын орналасқандықтан олардың кейбірінде порттық және әлемдік сауда байланыстары жақсы дамыған, теңізге де шыға алады. Сондықтан теңізге байланысты жобаларды дамытуға күшті.

Бұл жағынан алғанда қазақтың Атырау, Арал, Ақтөбе секілді қалалары, әрі көлдер мен өзендердің маңында орналасқан Балқаш, Аягөз, Семей, Павлодар, Қызылорда қалаларының үйренері көп. Әзірге бізде ондай кадрлар мүлдем жетіспейді. Сондықтан бізге географиялық аймақтың мінезін зерттеп, қазақ қалаларының қамын қамдайтын жас кадрлар қажет. Әлемде қазір туризмді дамыту қолға алынып отыр. Корей қалаларының әрбірінде туризм саласы әр аймақтың ерекшелігіне қарай жақсы дамытылған. Бұл елге келген туристер Корей елінің Сеулден бастап барлық қаласына бара алады. Жақсы туристік жобалары бар. Ал біздің қалалар жеріміз үлкен, арамыз алшақ деп, жолымыз жаман деп айтудан, әрі қала ішіндегі жолды мың қопарып, мың салып, туризмге қажетті дала жолына ақшаны салмай жатырмыз. Осының бәрі – қазақ қалаларының бүгінгі даму келбеті. Бұдан біз тез арылуымыз қажет.



Корей елінде жаз айлары мен әр мезгілге қатысты инфрақұрылымның жүйесі сыр бермейді. Бұл жақта қатты аяз болмаса да теңізге жақын болғандықтан кейбір инфрақұрылымдар, құбырлар ерте тозып кету жағы басым. Теңіздің тұзына қарай зерттеліп құбырлар мен үйлерді кейбір аймақтарда ерекше сапамен салады. Мұны біз де мұнайлы, шөлейтті аймақтар мен суық аймақтардың ерекшеліктеріне қарай инфрақұрылымдардың жүйесін қалыптастырып, оны одан сайын дамыту қажет.

Қазақ қалалары инфрақұрылымдарының көбі тозған. Қазіргі салып жатқан және жаңалап жатқан инфрақұрылымдардың өзі қанша жылға және аймақтың климаттық қасиетіне орайластырып салынбай жатыр. Мемлекет дамыған сайын алдағы уақытта мұндай жұмыстар жасалынады. Бірақ ерте бастан қолға алынбаса құр ақшаны суша төгіп, зерттеусіз инфрақұрылымдарды салу өте тиімсіздігін байқатады. Корей қалалары бір-бірімен байланысып жатыр. Жерінің кішкентайлығы да бар шығар. Бірақ ең бастысы қалалар арасының бәріне толықтай сапалы тас жолдар салынған. Бұл – корей үкіметінің ерлігі.

Қазақ қалаларына инфрақұрылыммен, жаңаша технология, қоршаған ортаға деген жобаларды көбірек қабылдап, соны толық орындау керек. Әлемнің барлық қаласы қоршаған ортаға осыдан жиырма жыл бұрын көңіл бөліп, қозғалып кетті. Бізде әлі бір ондай әрекет байқалмайды. Қазақ қалаларының өз мәдениеті мен тарихын қадірлейтін тұрғындары болу қажет. Корей елінің әр қаласының тарихы жақсы қалыптастырылып, елі де әлемдік туристерді жылы қабылдауға бейімделген. Бірақ туристердің мәдениетіне еліктеушілік жоқ. Керісінше оларға өз мәдениетін таныстырып жіберетін мінездері басым. Біздің тұрғындардың да осындай мінезін қазақ қалалары қалыптастыра ала ма? Барлық технологияны игере отырып жұмыс жасауда. Сонымен қатар қалалар дамыған сайын қоқсықпен күресуді де қолға алуда. Барлық көшелері таза, табиғаты бүлінбеген, керісінше әдемі қалалар. Біздің қалалардың кейбір әкімдері ауысып келсе бақтардың талын отатып, оның орнына бірде-бір тал да ектірмейді.



Жалпы, корей қаласының электрондық әкімшілік жүйесі тұрғындарға сапалы және сыпайы қызмет етуді күшейткен. Бізде электрондық жүйенің барлық қалада дамымай жатқандығы тағы бар. Қазақ қалаларының кейбір жерлерін байлар көбірек иемденіп, кейбір қалалардың экономикалық өмірінде мүдделік қақтығыстардың асқынып кетуіне алып келіп отыр. Мұндай мүдделік қақтығыстар корей қалаларында жоқ. Қазақ қалаларының ғылыми технологиялық және мәдени тұрғыда дамуын корейлік және

басқа әлемдік елдердің дамуына жеткізу үшін бірталай жұмыс жасалуы қажет. Бір батыр мен ақынның ескерткішін тұрғызып, қазақ қаласына сән беріп, елінің рухына нұр құя алмайсыз. Осының бәрін саралап, қазақ қалаларының толықтай дамуы үшін қайта бір жақсылап ойланып, өз мамандарымыздың ұлттық сана мен тәрбиесіне, өмірлік тәжірибесі мен ұстанымына мән беріп, жұмыс жасау қажет. Әр қазақтың қаласын жан-жақты дамытуымыз қажет. Ол үшін не істеу керек? Өз ішімізден шыққан еркін ойлайтын, таза талантты басқарушылардың қала басқаруына мүмкіндік берсек қана, қазақ қалаларының жұлдызы ерте жанып, бағы толық шылады.

(http://www.elarna.com/koru_kk сайтынан қысқартылып алынды.)

5.2 Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақ және корей қалалары ұқсас па, өзгеше ме?

2. Ұқсас болса, ол неден байқалады?

- a) _____
- b) _____
- c) _____

3. Өзгеше болса ол неден байқалады?

- a) _____
- b) _____
- c) _____

4. Өзгешелік пен ұқсастықтың себептерін жазыңыз.

- a) _____
- b) _____
- c) _____

5. Корей қалаларының географиялық орналасуы қандай мүмкіндіктер береді?

- a) _____
- b) _____
- c) _____

6. Қазақ қалаларында ондай мүмкіндіктер бар ма? Болса, жазыңыз.

- a) _____
- b) _____
- c) _____

7. Корей қалаларының тез тозуына немесе ұзақ сақталуына не әсер етеді?

- a) _____
- b) _____
- c) _____

8. Корей елінде туризм неліктен жақсы дамып отыр? Дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

- a) Жақсы туристік жобалары бар.
- b) Бұрынғы корей патшалықтарынан қалған ескі қалалардан кейін жаңаша бой көтерген.
- c) Порттық және әлемдік сауда байланыстары жақсы дамыған, теңізге де шыға алады.
- d) Қалалары өте ірі.
- e) Туризм саласы әр аймақтың ерекшелігіне қарай дамытылған.
- f) Жері кішкентай.
- g) Туристердің мәдениетіне еліктеушілік бар.

9. Әрбір мемлекет өзінің ықпал ету аумағының халықтың саны мен елді мекендердің кеңеюіне қарай дамиды. Ол үшін не керек деп ойлайсыз? Өз пікіріңізді тұжырымдап жазыңыз.

- a) _____
- b) _____
- c) _____
- d) _____

10. Қазақ қалаларының дамып, гүлденуіне кері әсерін тигізіп тұрған бірнеше факторларды жазыңыз. Өз пікіріңізді де қосыңыз.

- a) _____
- b) _____
- c) _____

11. Қазақстан қалаларының өзіндік келбетін қалыптастыру үшін не істеу керек деп ойласыз? Пікіріңізді жазыңыз.

- a) _____
- b) _____
- c) _____

12. Осы мәтіндегі пікірлермен толық келісесіз бе? Қандай пікірлермен келіспейсіз?

- a) _____
- b) _____
- c) _____
- d) _____

ОҚЫҢЫЗ.

ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМАЛАР

Дайындық

1. Берілген сөйлемдерді өз қалаңызға қатысты өзгертіңіз. Әріптесіңізбен салыстырыңыз.

Менің қаламда....

1. Көптеген су ағатын каналдар таза емес.
2. Бос қалған, иелері қалдырып кеткен үйлер көп.
3. Кейбір лас, қараусыз бос алаңдар бар.
4. Біздің қаланың саябақтары жақсы қорғалмайды.
5. Көптеген көшелердің жағдайы жақсы емес.
6. Адамдар орманға, өзен-көлдерге жиі қоқыс тастайды.

Жағдаят

2. Жергілікті қоғамдық топтар жергілікті жағдайларды жақсартқысы келеді. Олар өздерінің жобаларын қаржыландыру үшін үкіметке ұсынады.

а) Төменде қаржыландыру туралы ұсыныстарды оқыңыз. Осы сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Жобаның басты мақсаты не?
- 2) Жобаның үш маңызды артықшылығы қандай?
- 3) Әр жыл үшін қанша қаржы керек?

ҚАЛА ТАБИҒАТЫ

Жобаның аты – Қала табиғаты

Жоба сипаттамасы:

Қаланың бос жатқан жерлерін қалалық паркке айналдыру, дала табиғатын жасау.

Жобаның артықшылығы:

- Бос жатқан, қараусыз қалған жерлер тартымды, табиғи саяжайға айналады.
- Осы қалалық ауданда ағаштар санын, жануарлар санын көбейтеді.
- Жергілікті балалар үшін білім беру ресурсы болады.
- Аймақтан кейбір келушілерді өзіне тартады.
- Қоғамға бірлестік әкеледі. Жергілікті адамдар саябаққа қарайды, күтеді, ағаштар отырғызады.

Бюджет:

Жалпы құны: 600 000 теңге
Алаңқайды тазалау: 100 000 теңге
100 түп ағаш сатып алу: 400 000 теңге
Өсімдіктер мен тұқым сатып алу: 100 000 теңге
Жыл сайынғы күтімі: 100 000 теңге

б) Жобалық ұсынысты бағалауға, көмектесуге қаржы комитетінің өз ұстанымдары бар. Төменде берілген нұсқауларға қараңыз, қайсысы «Қала табиғаты» жобасында кездеседі.

Жақсы жобалар:

- 1) жергілікті қоршаған ортаны жақсартуы керек;
- 2) мәселелерді шешуге тиісті;
- 3) жергілікті адамдарды жұмысқа бірлесіп істеуге тартуы тиіс;
- 4) жергілікті адамдарды бірлесіп жұмыс істеуге шақыруы тиіс;
- 5) жыл сайын қаржылай қолдау аз болсын, көп болсын, қажет пе?
- 6) болашақ үшін идеялар ұсыну;
- 7) аймақтық көгалдандыруды дамыту керек.

3. Қаржы комитетінің жобаны талқылауын тыңдаңыздар. Қай ұсынысты қандай ретпен талқылап жатыр? Олар жалпы келісті ме немесе бір-бірімен келіспеді ме?

Мақсат, Рауан

Р: Сонымен, келесі жоба – Қала табиғаты. Бұл туралы сіз не ойлайсыз?

М: Бұл жобаның ең ұтымды жері – нақты жасылдандыруға арналған.

Р: Шындығында, елді мекенде тұру жайлы болу үшін жақсартады, көгалдандырады. Қаладағы қараусыз, бос қалған жерлер қала көркін бұзады, қоқыс орнына айналады, қаланы ластандырады.

М: Иә, дәл солай. Тағы да қандай басты ұстанымдары бар? Жергілікті адамдардың да бірлесіп жұмыс істеуін қамтыған болар?

Р: Тағы да шешіп алатын бір-екі тұсы бар.

М: Әрине, бірақ осы жобаға жыл сайын 5000 еуро қажет. Шындығында, біз көп ақша бөле алмаймыз.

Р: Бұл қажет деп ойлаймын. Не үшін керек деп ойлайсыз ғой?

М: Мен мұны парк жасалып біткеннен кейін жергілікті адамдарға төлеуге керекті қаржы деп ойлаймын.

Р: Бұны ақысыз жасаса, болмай ма?

М: Иә ... Мүмкін, бірақ бұрын да осындай жағдай болды ғой. Егер қаржы төленбесе, парк жағдайы төмендеп кетеді. Тағы да қоқыстар бар ...

Р: Ммм... Бәрі дұрыс. Жылына 2000 еуро бөлінсе деп ұсынып көрейік.

М: Иә, бұл дұрыс. Осы жобада шешіп алатын тағы да бір тұсы бар.

Р: Бар ма, қайсысы?

ҚОСЫМША ОҚУҒА АРНАЛҒАН МӘТІН

Қайырымды қаланың басшысы қандай болуы керек?

1. Сөздер мен сөз тіркестерінің синонимдерін жазыңыз.

жілік-жілікке бөлу, туа біткен, мінсіз болу, жирене қарау, зәуде, дәйектілік, озбырлық, нойыс мінез, ізгілік, ишарат, насық істер, шешімпаздық.



Ұлы ойшыл, ғұлама данамыз әл-Фараби адамды жаратылыстағы ең қасиетті жан деп есептеген. Бірінші басшының барша халықты тәрбиелейтінін өз еңбектерінде талдап, оған тән қасиеттерді «жілік-жілікке» бөліп берген ғұламаның «Қайырымды қаланың басшысы» деген трактаты осыдан он ғасыр бұрын жазылса да, әлі күнге дейін өз мәнін жоғалтпаған. Әл-Фараби: «Ешбір жанға бағынбайтын басшы ол – имам, ол – қайырымды қаланың бірінші басшысы, ол – қайырымды халықтың басшысы және жер жүзін мекендейтін елдің басшысы. Өз бойында туа біткен он екі қасиетті ұштастырған адам ғана осындай бола алады», — дей келіп, олардың қасиеттерін былай тізбелейді:

«**Бірінші**, бұл адамның мүшелері мүлде мінсіз болуға тиіс, мүшелерінің күші өздері атқаруға тиісті қызметті аяқтап шығу үшін мейлінше жақсы бейімделген болуы керек, сонда егер адам әлдебір мүшесінің жәрдемімен әлденедей бір іс істемек болса, ол мұны оп-оңай атқаратын болады; жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін және істің жай-жағдайына сәйкес ұғып алатын болуы керек; **Екінші**, өзі түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардан ешнәрсені ұмытпайтын болуы керек; **Үшінші**, әйтеуір бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған заматта сол белгінің ишаратын іліп әкетерліктей алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі; өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан анық айтып бере алатын тілмар болу шарт; өнер-білімге құштар болу, оқып-үйренуден шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін болу керек; **Төртінші**, тағамға, ішімдік ішуге, сыр-сұхбат құруға келгенде қанағатшыл болу керек, жаратылысынан сауыққұмарлықтан аулақ болып, бұдан алатын ләззатқа жирене қарауы шарт; **Бесінші**, шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік-жалған мен суайттарды жек көру керек; **Алтыншы**, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт; оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары, жаратылысынан игі істерге ишараты тиіс; **Жетінші**, дирхем, динар (жаман) атаулыға, жалған дүниенің басқа да белгілеріне жирене қарау керек; **Сегізінші**, жаратылысынан әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты және осылардың иелерін жек көруі керек; **Тоғызыншы**, жақындарына да, жат адамдарға да әділ болып, жұртты әділеттілікке баулып, әділетсіздіктен зардап шеккендердің залалын өтеп, жұрттың бәріне де өз білгенінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп отыруы қажет; **Оныншы**, әділ болу тиіс, бірақ қыңыр болмауы керек; **Он бірінші**, әділеттілік алдында нойыс мінез көрсетіп, қасарыспау керек, жалпы әділетсіздік пен пасықтық атаулыға мүлде рақымсыз болуы шарт. **Он екінші**, өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанда шешімпаздық көрсетіп, бұл ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек. Осы қасиеттердің бәрінің бір адамның бойында болуы қиын нәрсе. Сондықтан да жаратылысынан осындай қасиет дарыған адамдар өте сирек кездеседі. Мұндайлар өте аз. Егер қайырымды қаладан осындай адам табылса және өзі өсіп-жетілген кезде жоғарыда аталған шарттардың алғашқы алтауы немесе бесеуі бойына бітсе, онда қиялдау қабілеті жағынан теңдесі болмағандықтан ол осы қаланың айтулы басшысы болмақ. Ал егер зәуде белгілі бір кезеңде мұндай адам болмай қалса, онда қала басшысы мен оның ізбасарлары белгілеген заңдар мен ережелер, егер олар қаланы дәйектілікпен алса, өз күшінде сақталады».

(Нұр Астана)

2. Тест тапсырмаларын орындаңыз.

1) Әл Фарабидің бұл трактаты «Қайырымды қаланың ... », деп аталады.

- a) имамы
- b) әкімі
- c) бастығы
- d) басшысы

2) Бұл еңбек бұдан ... бұрын жазылған.

- a) 100 ғасыр
- b) 10 ғасыр
- c) 1 ғасыр
- d) 100 жыл

3) Әл-Фараби «... .. бар адам ғана басшы бола алады» деп есептейді.

- a) 40 уәзірі
- b) 12 қасиеті
- c) 12 өнері
- d) 12 қаласы

4) Ұлы ғалым адам бойында ... жақсы қасиет жиі кездеседі деп есептейді.

- a) 12-13
- b) 7-8
- c) 5-6
- d) 1-2

5) Әл Фарабидің айтуынша басшыға керек жақсы қасиеттердің қайсысына ол бірнеше рет тоқталады?

- a) шешімпаздық
- b) әділдік
- c) қанағатшылдық
- d) алғырлық

3. Әл-Фараби жазып қалдырған басшыға қойылар талаптар бүгін де өзекті ме? Сіздің пікіріңіз қандай, толықтырыңыз, сіздің пікіріңізше басшыға қойылар негізгі бес талап қандай болмақ? Өз ойыңызды жазыңыз. (5-7 сөйлем)

4. Берілген етістіктерден есімшелі анықтауыш жасап, «Басшы қандай болу керек» шағын мәтінін құрастырыңыз.

Үлгі: Өз халқының жағдайын терең түсінетін, жанашырлықпен қарайтын адам жақсы басшы бола алады.

түсіну, көру, есту, аңғару, жадында жақсы сақтау, ешнәрсені ұмытпау, рақымсыз болу, ізгілік көрсету, қамын ойлау, қорықпау, жасқанбау, өтірікке төзбеу, шындықты қолдау, халқын сүйу, қабілетті болу, білімпаздық көрсету, жанашырлық таныту, қарапайым болу, мемлекет мүлкіне адал болу т.б.

5. Басшы мен билікке қатысты афоризмдер мен мақалдардың мағынасын ашыңыз, сізге ең ұнағаны қайсысы, түсіндіріңіз.

Ақылсыз басшы елді бүлдіреді, ақылсыз әйел үйді бүлдірер.

Әкім – ақылсыз болса – ел тозады.

Өсекті тыңдау – әкімге жараспайды, өсиетті тыңдау тақтағы ханға жараспайды.

Әділ бидің кегі жоқ,

Білімдінің кемі жоқ.

Әділдіктің белгісі – біле тұра бұрмаса, ақылдының белгісі – өткен істі қумаса (*Асан қайғы*).

Би – түзу, билік – әділ болсын! (*Әлихан Бөкейханов*)

Әділдік әкімдіктен де күшті. (*Жүсіп Баласағұн*)

Хан әділ болса – халық ынтымақты болады. (*Майқы би*)

Әділ сөйлеп, адал жүр. (*Қожа Ахмет Яссауи*)

БЕСІНШІ БӨЛІМ

Қоғам және отбасы

1. Болашақтағы мүмкіндіктер

Осы сабақта:

- Келер шақтың мағынасын;
- Шарт мәнді құрылымды;
- Болымсыз мағыналы сын есімдерді қайталаймыз;
- Отбасы істеріне қатысты пікір, талқылауларды оқимыз;
- Оқу және жазылымға байланысты білік-дағдымызды толықтырамыз.

СӨЙЛЕСІМ

1. Сіздің елде мына мәселелер болуы мүмкін бе? Осы мәселелер бар ма?

- 1) Адамдар достарын Интернеттен көбірек табады.
- 2) Адамдар бұрынғыға қарағанда ұзағырақ өмір сүреді.
- 3) Адамдар шет елдерде көбірек дем алады.
- 4) Адамдар үйлерінде роботты пайдаланады.

ОҚЫЛЫМ

2. а) Хабарландыруды оқыңыз, кім осы қызметтерді, институтты қолданады? Неге?

саясаткерлер

іскери адамдар

ғалымдар

Болашақты болжау институты (хабарламасынан):

Болашақты жоспарлайсыз ба?

Әрі қарай (ертеңгі күндері) не болатынын білгіңіз келе ме?

Әлем және сіздің нарықтарыңыз туралы білгіңіз келе ме?

Адамдар зейнетке шыққанда жұмыс істей ала ма?

Орта жас қай кезден басталады? Зейнетке қашан шыға алады?

Жасөспірімдер не сатып ала алады?

Біздің футурологтар болашақтан табыс табуға көмектесе ала ма?

Біздің ұсынысымыз:

- Қоғамдағы болашақ туралы тенденциялар.
- Тұтынушылардың болашақта тұтынатындары туралы болжамдар.
- Сіздің компанияңыз туралы талдау және оның болашағы туралы жоспар.
- Іскери инвесторларға кеңес.
- Өзіңіздің қазіргі және болашақтағы мүмкіндіктеріңізді жақсарту туралы бізге хабарласыңыз.

б) Төменде тыңдалымға берілген мәтіннен мына сөйлемдердің мағынасын білдіретін сөздерді табу:

- 1) болашақты зерттейтіндер
- 2) уақыт ағысымен өзгертін өзгерістер мен сән
- 3) болашақ туралы пікірлер

ТЫҢДАЛЫМ

Перизат және **Сәуле**

П: Сәлемат па, Сәуле?

С: Сәлем Перизат? Хал қалай?

П: Бәрі жақсы. Су немесе шәй, кофе ішеміз бе?

С: О! Кофе болса, тамаша болар еді, рахмет.

П: Жақсы, онда кофе ішейік. Сонымен бізді қандай болашақ күтіп тұр?

С: Меніңше, бизнес үшін жақсы мүмкіндіктер бар. Мұнда толықтай есеп бар, бірінші бастыларын айтайын.

П: Жақсы, әрі қарай кеттік.

С: Сіз үшін екі басты тенденция бар: технология және жас мөлшері.

П: Жас мөлшері?

С: Иә. Әлем елдерінің көпшілігі қартаюда. Мысалы 2025 жылға қарай Ұлыбритания тұрғындарының үштен бірінен астамы 55 жастан асады. Осы адамдар статистикадан білеміз, ұзағырақ өмір сүреді. Олар 95-ке дейін, тіпті 100-ге дейін де өмір сүруі мүмкін.

П: Бірақ бұл бизнес үшін сөзсіз жақсы болмайды. Олардың жұмыс орны болмайды, олардың көп ақшасы да болмайтынына сенімдімін.

С: Меніңше, бизнес үшін жақсы болады. Бәрінен бұрын олар зейнетке қазіргіден кештеу шығады. Бастысы олардың өмір сапасын жеңілдететін заттар керек болады.

П: Жақсы, мысалдар айтшы.

С: Егде кісілер көбірек ел аралайды, сапарға шығады деп ойлаймыз. Олардың демалыстарын ұйымдастыратын компания көбірек болса, жақсы болар еді. Қазіргі кезде туристік компаниялар көбінесе отбасылы адамдарға және жастарға арналған. Бірақ 2025 жылға қарай онда егде адамдар, 65 жастағы адамдар 25 жастағы адамдардан көбірек болады. Оқиғалы демалыстар рыногынан, теңіздерде кемемен серуендеу демалысы көбірек болады. Олар да белсенді демалысты жақсы көреді, бірақ бұл олардың денсаулығына байланысты. Әрине, олар тыныштау парустық спортты жақсы көреді.

П: О, жақсы... күнделікті өмірде қалай болар екен?

С: Енді... бұған басқа тенденцияны қосуға болады, мен айттым ғой, технология деп.

П: Интернетті айтып отырсың ба?

С: Иә, шындығында, интернет қана емес, роботтарды да қолданады.

П: Роботты дейсің бе?

С: Иә, роботты да қолданатын болады. Қартаң адамдар өмірді қарапайым ететін заттарды қалайды. Болашақта үй тазалайтын роботқа ие болады. Болашақта автомобильді қозғалысқа келтіретін, бақшаға қарайтын роботтары болса, жақсы болар еді.

П: Сен армандап отырсың ба, әлде болады деп ойлайсың ба?

С: Бәрі технологияға байланысты. Роботты да маңызды деп ойлаймын.

П: Иә, бұл роботыңыз – шаң сорғыш.

С: Иә, дұрыс айтасың. Технология жақсартуды талап етеді. Мүмкін бұл болар, болмас. Бірақ қартаң адамдар роботты да қалайды деп ойлаймын.

П: М. мм, тағы қызығы, интернеттің маңызы жоғары болады.

С: Әрине. Бұл инвестиция үшін тағы бір мүмкін сала. Жалпы адамдар тауарларға интернет арқылы тапсырыс береді. Болашақта адамдардың нағыз достарынан кибер достары көбірек болады.

Мысалы, қартаң адамдардың танысу қызметін ұсынатын интернет қызметтер, компаниялар болады.

П: Танысу ма? Егде адамдар үшін бе?

С: Иә. Махаббат маңызды. Адамдар ұзағырақ өмір сүреді. Қартаң тартқан кездерінде көбірек қатысым керек болады. Қартаң адамдардың кейбірі жалғыз қалады, интернеттен, саяхаттардан жаңа достар табуы мүмкін.

П: Шынымен бе?

С: Неге болмасқа, мысалы сіз алпыстан жаңа ғана астыңыз, сіздің балаларыңыз үлкен, немерелеріңіз де өсті, сіздің әлі 40 жылдай өмір сүру мүмкіндігіңіз бар.

П: Қызық екен. Сонда мен негізінен қартаң кісілерге қызмет көрсететін, тауарлар жеткізетін компанияларды іздеуім керек қой.

С: Дәл солай. Орта жастағы және егде адамдар технологияны қолдануға қуанады, бұрынғыдан да бақытты болар еді.

П: Иә, мұның бәрі қызық. Кофемізді ішейік. Мүмкін маған кофе робот керек шығар.

3. Пікірталаста айтылған болашақта болатын өзгерістерді белгілеңіз.

- 1) технологияны қолдану
- 2) ұзақтау ғұмыр
- 3) интернет арқылы достық қарым-қатынас
- 4) адамдар үйде отырып та жұмыс істейді
- 5) көңіл көтеретін шаралар мен сапарлар

2. Отбасы

СӨЙЛЕСІМ

- 1) Сіздің елде отбасылық өмір қаншалықты маңызды?
- 2) Жақын туыс, туғандарыңыз көп пе (ата-ана, балалар, аға, інілеріңіз және қарындастарыңыз)?
- 3) Үлкен немесе шағын отбасының қандай артықшылықтары бар?

ОҚЫЛЫМ

1. а) Мына сөздерді анықтамасымен сәйкестендіреміз (1-6)

- | | |
|---------------------------------------|---|
| туылу <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> қазіргі емес |
| бала күтімі <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> жұмысына мұқият, адал |
| жұмыс беруші <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> адам немесе компания оларға жұмыс істегеніңіз үшін сізге қаржы төлеуші |
| жауапты <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> бір мақсат немесе жағдаят үшін ереже |
| бала күтуші <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> ата-аналары жұмыста болғанда балаға қарайтын адам |
| | <input type="checkbox"/> дүниеге келу |

б) Мәтіннің мазмұнына сәйкес ретімен орналастырыңыз. (1-4)

- а) туылудың төмен болу себептері
- б) мәселелерді шешу мүмкіндіктері
- с) мүмкін шешімдерге реакциялар
- д) туылу деңгейінің төмендігіне қатысты фактілер



Германия: Отбасы үшін қандай болашағы бар?

Жаңа мәліметтер бойынша Германияда баласыз әйелдер пайызы әлем бойынша көбірек екен. 30% пайыз неміс әйелдерінің баласы жоқ. Бұл цифр оқу орнын бітірушілер арасында 40%-ға көтеріліп жатыр. Германияның әйелдер ісі жөніндегі өкілі туылу көтерілмесе, Германия құриды деп айтады.

Германиядағы туылу нәтижесі Европа бойынша ең төмен деңгейдегінің бірі. Швециямен (1,75), Ұлыбританиямен (1,74) салыстырғанда, Германияда бір әйелге орта есеппен 1,37 баладан келеді. Германия аналары алғашқы баласын орта есеппен 30 жастан кейін өмірге әкеледі. Көп ата-ана бір баламен қалғанды артық көреді.

Майнц университетінің профессоры Н.Шнайдердің сөзі бойынша Германияда туылу деңгейінің төмендігі балаға деген күтімнің нашарлығы, мектептегі оқу (түске дейін оқыған бала түстен кейін қараусыздығы), жұмыс берушілердің ескі ұстанымына да байланысты екен. Сондай-ақ көптеген неміс қыздары оқу орнын аяқтап, жақсы жұмыс тапқанша жастары да отыздың ортасына жетіп қалады. Жеті баланың анасы Фон дер Лайен ханым айтады: тағы бір қиындығы – кейбір әйелдер лайықты өмірлік серігін таба алмайды дейді. Кейбір ер кісілер де (әке болуға сенімсіз) туылудың төмен деңгейіне жауапты, – дейді.

Министр көп балалы аналарды марапаттау жоспарын жасады. Бала күтімімен отырған ата-аналар мемлекеттен көмек алады, салықты азырақ төлейді. Екіншіден, отбасы айына 1800 еуро үкіметтен алады. Ер адамдар да жұмыстарынан демалыс алуына болады. Кейбір ер адамдар бұл идеяны қолдамайтынын білдірді. Профессор Шнайдер: – Балалы боламын деген әйелдер үшін демалыс алуына болады, – дейді.

Алайда, бала күтімінде отырған адам жұмыстағы мансабын жоғалтады.

в) Мәтінді тағы оқып шығыңыз. Осы сөйлемдер жалған ба, шын ба ? Жалған сөйлемдердің дұрысын жазыңыз.

- 1) 40% оқу бітірген неміс әйелдерінің ғана баласы бар.
- 2) Аздаған ата-аналардың балалары біреу ғана емес, одан көбірек.
- 3) Университет профессоры, неміс жұмыс берушілері қазіргі көзқараста емес.
- 4) Үкімет әрбір ата-анаға 1.800 еуродан төлейді, әкелер де жұмыстарынан демалыс алуына болады.
- 5) Фон дер Лайен ханым идеясын қолдамайтындар бар.

2. Фон дер Лайен ханым жоспары туралы сіздің ойыңыз қандай?

Сөздік: болымсыз мағыналы сын есімдер

Болымсыз мағыналы сын есімдер **-сыз, -сіз** болымсыз жұрнақтары арқылы және **-дай, -дей, -тай, -тей** жұрнақты сын есімге емес болымсыз сөзінің жалғануы арқылы жасалады.

3. а) Берілген сөздермен негатив анықтауыш жазыңыздар.



б) Негатив анықтауыштармен сұрақтар жазыңыз. Содан соң осы сұрақтарға әріптесіңізбен бірге жауап беріңіз.

Грамматика: шартты рай

Біз **егер** сөзін болашақтағы іс-әрекеттердің нәтижесі туралы айтқанда қолданамыз.

5. Сөйлемдердің бірінші бөлігімен екінші бөлігін сәйкестендіріңіз.

Егер – шарт бөлігі

- 1) Егер әкем үйде баламен екі айға қалатын болса,
- 2) Егер ата-аналар балаға өздері қарау керек болса,
- 3) Егер туылу нәтижесі көтерілмейтін болса,

Басты сөйлем – нәтиже

- а) олар үкіметтен көмек алады.
- б) Германияда күрделі мәселелер пайда болады.
- в) отбасы айына 1.800 еуро алады.

3. Жағдаят

Дайындық

1. Мына сұрақтарды әріптесіңізбен бірге талқылаңыз.

- 1) Үйде тамақ әзірлеумен, үй тазалаумен кім айналысады?
- 2) Бозбала, бойжеткен кезіңізде үйге кеш оралатын күндеріңіз болды ма?
- 3) Жасөспірім немесе бойжеткен кезіңізде үйде немен айналыстыңыз?
- 4) Сіздің бала (сәби) кезіңізде ата-аналарыңыз жұмыс істеді ме?

Жағдаят

Теледидардан берілген ток-шоу туралы әңгімелесіңіз. Жүргізуші және қатысушылар талқылау жасайды. Осы аптадағы шоу тақырыбы: «Отбасыдағы міндеттер мен мәселелер».

Телевизиялық шоу



Раушан, Сәуле, Гүлназ, Бақыт, Ғани, Қарлығаш.

Р: Бұл эксперт түрі, қоғам не айтар екен, көрелік. Сіздің атыңыз кім?

С: Сәуле.

Р: Сіздің балаларыңыз бар ма?

С: Иә, екі кішкентай қызым бар.

Р: Өте жақсы, сіз не айтар едіңіз?

С: Менің ойымша, аналар бала күтімімен үйде болғаны дұрыс. Мен үшін де, балаларым үшін де жақсы деп ойлаймын.

Р: Қандай мағынада?

С: Білесіз ғой, балалар анасымен бірге болуы керек. Балаларға анасының махаббаты керек. Олардың нені жақсы көретінін, нені жақсы көрмейтінін мен білемін.

Бұл табиғи нәрсе ғой.

Р: Жақсы. Келіспейтіндерің бар ма? Сіздің пікіріңіз қандай?

Г: Сәуленің ойын түсінемін. Бірақ кейбір аналардың таңдауы болмайды. Отбасы жағдайы үшін жұмыс істеуіне тура келеді. Тамақ, киім тағы басқа үшін. Жұмыс істемей-ақ дастарханыңда бәрі болса, үйде баламен отыруға болады. Біздің отбасымыздың жағдайы бәрі бірдей емес, не әкесі, не анасы ғана бар балалар бар.

Р: Шындығында мұндай мәселе отбасыда бар. Бұған не айтар едіңіз, Сәуле?

С: Баламен отыру – меніңше, аналар үшін ең бір жақсы кезең. Бірақ кейбір аналар жұмыс істейді, жұмыс істеуге тиісті болмаса да жұмыс істейді. Себебі жұмыс істегісі келеді. Олар өз балаларының күтімімен үйде отырғанан гөрі жұмыс істегенді артық санайды. Бұл меніңше, дұрыс емес деп ойлаймын.

Р: Жақсы. Осыған байланысты тағы кім не айтар екен?

Б: Мен Сәулемен келісемін. Мен көптеген аналарды білемін. Олар қажеттіліктен жұмыс істеп жүрген жоқ. Өкінішті-ақ. Ең жақсы уақытын балаларына арнамайды. Сіз кезкелген уақытта жұмыс істей аласыз. Ал балалардың сәби кезі бір-ақ рет болады.

Р: Жақсы, жақсы. Балалар тақырыбы сөз болып жатқан соң, басқа сұрақтарды да қарастырайық. Біздің кішкентай балаларға теледидар көруін шектеуіміз керек пе? Қазіргі кезде тым көп қарап жүрген жоқ па? Сіздің есіміңіз кім, сіз не айтар едіңіз?

Ғ: Менің атым Ғани. Мен әкемін.

Р: Жақсы, Ғани, сіздің пікіріңіз қандай?

Ғ: Менің ойымша, балалар ешқандай теледидар қарамағаны дұрыс.

Р: Мүлдем қарамауы керек пе?

Ғ: Мүлде қарамағаны жақсы. Мен бала кезімде ешқашан теледидар қарамадым. Мен балаларымның ешқандай теледидар көрмеуі керек деп ойлаймын, әсіресе, қазір, бала кезде.

Р: Жақсы. Мен сізбен көп адам келісе қоймайтынына сенімдімін. Көрелік, қызыл көйлекті ханым, сіз не айтар едіңіз?

Қ: Мысалы, мен мүлдем қарсымын. Теледидар – қазіргі әлемнің бір бөлігі. Мен компьютерді, телефонды жақсы көремін. Біз теледидарды балаларымыздан тығып қоя алмаймыз. Олардың да теледидардың кәдімгі түскі ас немесе басқа бір зат сияқты дұрыс зат екенін білгені жақсы.

Р: Ғани?

Ғ: Бұл қызық идея. Бірақ теледидардың телефоннан, түскі астан айырмашылығы бар. Балалар онда тек отырады, бұл олар үшін жақсы емес. Жарамайды.

Қ: Неге бақылау жасамасқа? Қанша уақыт көреді? Күніне екі сағат көру деген бар.

Н: Біз жеңдік деп ойлаймын. Жақсы бақылау дегеніміз – өзіңнің теледидарыңды сатып жіберу. Сіз осыны жасасаңыз, олар басқа бір нәрсемен айналысады.

С: Бұл дұрыс емес, білместік болар.

Ғ: Білместік деп ойлайсыз ба?

Р: Жақсы, жақсы. Тынышталыңыздар. Қазір үзіліс жасайық. Хабарландырудан кейін отбасыдағы әке орны дегенді қарастырамыз.



2. а) Шоудың бір бөлігін тыңдаңыздар. Олар осы сұрақтардың қайсысын талқылады?

- Саби кезінде балалардың анасымен бірге болуы;
- Отбасы жағдайы;
- Бала күтімі;
- Балалар және теледидар;
- Отбасыдағы әке орны.

2. б) Шоудағы әр түрлі пікірлерге назар аударыңыз. Қайта тыңдап, мына сөйлемдерді ретімен қойыңыздар (1-8).

- а) Кейбір аналар үйде бала күтімімен отыра алмайды, себебі оларға қаржы керек.
- б) Жұмыс істейтін аналар балаларының ең жақсы шағын жіберіп алады.
- в) Аналық махаббат оның балалары үшін аса қажет.
- г) Кейбір аналар жұмыс істейді, себебі жұмыс істегісі келеді.
- е) Теледидар күнделікті зат, оны балалар білуге тиіс.
- д) Ата-ана балаларға теледидар көруге тыйым салғаны дұрыс.
- ж) Балалар тек қана күніне екі сағат қана теледидар қарағаны дұрыс.
- з) Теледидар балалар үшін зиян.

2. в) Сіз қай тармақпен келісесіз немесе келіспейсіз? Шағын топта талқылаңыз.

3. а) Жоғарыда берілген тыңдалымды қайта тыңдап, сөйлемдерді толықтырыңыз.

- 1) ана бала күтіміне байланысты үйде болғаны дұрыс деп ойлаймын.
- 2) Жақсы, мен сіздің түсінемін, бірақ кейде аналардың таңдауы болмай жатады.
- 3) Иә, бұл жақсы, бірақ кейбір аналар жұмысқа шыққанды қалайды.
- 4) Мен Сәуле келісемін.
- 5) Мен балалардың теледидар қарауын
- 6) Мен осы пікірмен келіспеймін.
- 7) Балаларға теледидардың кәдімгі дұрыс нәрсе екенін білгені жақсы деп
- 8) Бұл жақсы ... , бірақ теледидардың телефоннан айырмашылығы бар.

б) 3 а тапсырмасында берілген сөйлемдерді үш функцияға топтаңыз.

- а) келісім б) келіспеу в) көзқарас, пікір

4. Өз пікіріңізді айтуға жаттығыңыз.

Төменде берілген идеялар сізге көмектеседі.

1

Бірінші идея: аналар бала күтімімен үйде отыруы тиіс.

Екінші идея: кейбір аналардың таңдау мүмкіндігі жоқ.

Меніңше, аналар өз баласының күтімімен үйде болғаны дұрыс.

– Мен сіздің пікіріңізді түсіндім. Бірақ кейбір аналардың таңдау мүмкіндігі жоқ.

2

Бірінші идея: теледидар балаларға әлем туралы оқытады.

Екінші идея: балалар таным үшін кітап оқуы керек.

3

Бірінші идея: ер адамдар үйді тазалауға көмектесуі керек.

Екінші идея: адамдар жұмыстан кейін шаршайды.

Ток-шоу туралы әңгімелесіңіздер

4. Оқу және жазылым дағдысы

Оқу дағдысы:
мәтініңізді түзету

1. Сіздіңше қай сөйлем дұрыс.

- 1) Мен өз жазба жұмыстарымды аяқтаған кезде, үнемі ұқыпты тексеремін.
- 2) Мен оқытушымның түзетуі мен түсіндірмесін оқыдым мұқият.
- 3) Мен өз қателерімді көремін, бірақ ешқашан сақтамаймын есіме.
- 4) Оқытушы менің жұмыстарымды тексеріп бергеннен кейін мен оны жақсырақ орындау үшін қайта көшіремін.

2. Қате түрлерін сөйлемдермен сәйкестендіріңіз.

Грамматикалық, сөзден, орфографиялық, тыныс белгіден, орын тәртібінен, сөздің қалып қоюы

- 1) Мынау қызық идея.
көтерілсе,
- 2) Егер туылу ~~көтерілу болса~~, ел жоғалмайды. *грамматикалық*
пайдаланғысы келеді
- 3) Қартаң адамдар роботты ~~келеді пайдаланғысы~~. _____
істейсің
- 4) Кешігіп келсең, не? _____
үмітсіз емес
- 5) Мына ситуация жаман, бірақ ~~пайдасыз~~. _____
пайдалы
- 6) Оның кеңесі өте пайдалды. _____

3. а) Сөздердің орын тәртібі. Сөйлемді дұрыс оқу үшін әрбір сөйлемнен бір сөздің орнын өзгертіңіз.

- 1) Адамдардың көпшілігі болашақта ықтимал жалғыз тұруы.
- 2) Жанат болашақта мүмкіндіктер болады көп деп үміттенеді.
- 3) Менен басқаларының қап-қара көзі, менің көзім атама тартқан.
- 4) Ұшақ уақытында келмесе ұшып, не істейсіз?

б) Сөйлемдерді дұрыс оқу үшін түсіп қалған сөздерді толтырыңыз.

- 1) Адамдар бұрынғыға қарағанда ұзағырақ ... сүреді.
- 2) Аналар уақытының ... көбірек үйде өткізсе, балалар үшін үлкен бақыт болар еді.
- 3) Жастардың университетке барады.
- 4) Егде адамдардың интернетте кездеседі.

4. а) Студенттің жұмысын тексеріңіз, қатесін жөндеңіз, қандай қате түрі бар, тұсына жазып қойыңыз.

б) Екеуара жұмыс, жазбаша берілген үй жұмысын тексеріңіз, қатесін көрсетіңіз.

ЖАЗУ ДАҒДЫСЫ

Жазу біліктілігі

5. а) Мына сұрақтарды әріптесіңізбен бірге талқылаңыз.

- 1) Сіз конкурсқа қатысып көрдіңіз бе? Конкурс үшін бір нәрселер жазып көрдіңіз бе?
- 2) Ұтқан кездеріңіз болды ма?

б) Плакатты оқыңыз. Қанша адам сыйлық алады?



Ұлыбритания жастар кеңесінің конкурсы

Қазіргі қоғамда сіз нені мақтаныш ете аласыз?

Ұлыбритания Жастар кеңесі жастарға бүгінгі Британ қоғамында нені мақтаныш етуге болатынын жазуға (200 сөз көлемінде) конкурсқа шақырады.

20 жұмыс **250** еуро сыйлық алады, Кеңес веб сайтына жарияланады.

6. Төменде берілген конкурс материалын оқыңыз. Эксперт неге назар аударды?

Өз қоғамыңызда нені мақтаныш етесіз?

Нені таңдауға болады? Бүгінде өз қоғамымдағы мақтан етер тақырыптар көп. Мысалы, біздің білім беру жүйесі, біздің өнердегі, ғылымдағы шығармашылығымыз. Алайда, өз қоғамымдағы екі нәрсені өзгеше мақтан етемін. Біріншіден, біздің ірі қалаларымыз көп ұлтты. Әртүрлі діндегілерді, әртүрлі расадағыларды, әртүрлі нәсілдерді көріп жүрсіздер ғой. Осы адамдардың бәрі араласып, құраласып, бірге де жұмыс істейді. Меніңше, адамдар бірлікте тұрып, бейбіт қоғам құра алатынына бұл жақсы мысал бола алады деп ойлаймын. Екіншіден, мен мыңдаған адамдардың өз еріктерімен қайырымдылық үшін жұмыс істеп жүргендерін көріп жүрмін, жиі байқаймын. Олар өзгеге көмектесу үшін өз уақыттарын аямайды. Олар жергілікті ауруханаға, қарт адамдарға көмектеседі. Ізгілікті істер үшін ақша жинайды. Осындай істеріне қарап мен өз қоғамымның жақсы болашағы бар екеніне көзім жетеді. Мен де өз қоғамыма өз үлесімді қосқым келеді. Өз өмірімде маған көптеген адамдар көмектесті, мен де жақсылыққа жақсылық жасау үшін бір нәрсе істегім келеді.

Сильвия Хусейн

20 жастағы Бизнес мектебінің студенті

7. а) Конкурс жазбасының ұйымдастырылуын тағы бір қараңыз. Төрт тармаққа бөліңіз.

б) Осы параграфтардың тақырыбы не?

2 параграф

- үлкен қалалар
- адамдар араласып, құраласып өмір сүреді, жұмыс істейді
- көп ұлтты, көп мәдениетті қоғам

3 параграф

- жергілікті мектеп пен аурухана
- қартаң адамдар
- ақысыз еңбек
- қарттар

8. Сөйлемдердің құрылымы. Сіздер мына сөйлемдерді бір сөйлемге біріктіре аласыңдар.

Олар өздерінің жергілікті ауруханаларына көмектесті. Олар қарттарға қамқорлық жасады. Олар ізгілікті істерге ақша жинады.

Берілген сөйлемдерді бір сөйлемге айналдырыңыз.

1. Жұлдызай университетте бизнес мектебінде оқиды. Ол ата-анасымен бірге тұрады. Апта соңында ата-анасына көмектеседі.

2. Оның сіңілісі мектепте оқиды. Ол спортты жақсы көреді. Жаттығуларға жиі барады.

9. Силвияның мақаласынан *сондай-ақ, сонымен қатар, осылайша, яғни, алайда, себебі, сондықтан, сонымен сияқты* байланыстырушы сөздердің қолданысын оқыңыздар. Оны төменде берілген сөйлемді толықтыруға пайдаланыңыздар.

Конкурсқа қатысқандар саны өте көп болды, _____ оларды оқып шығу үшін уақыт та көбірек керек болды. _____, эксперттер үшін де жастардың тақырыптарды кең тұрғыда жаза алуы (мысалы, BBC, ұлттық денсаулық сақтау жүйесі, танымал әндер) қызықтырды. Жазу стандарты да өте жоғары болды, _____ жеңімпаздарды таңдау қиын болды. _____ ұзақ талқылаудан кейін эксперттер жоғарыдағы 20 жұмысқа келісті.

Эксперттерге Сильвия Хусейннің мақаласы ұнады, _____ көзқарасы, өзгелерге деген сезімі өзгешелеу жазылған еді. _____ олар Силвияның мақаласындағы тармақтардың ұйымдастырылуына разы еместігін де білдірді.

10. а) «Бүгіндері өз қоғамыңыздағы нені мақтан ете аласыз?» деген сұраққа жауабыңызды жазыңыз.

6-тапсырмадағы модельді және төменде берілген пайдалы фразаларды қолданыңыз.


Менің қоғамымдағы мына мәселелерді мақтаныш етемін:

Біріншісі _____.

Екіншісі _____.

б) Өз жұмысыңыздағы қателерді тексеріңіз (мысалы, грамматикалық, орфографиялық қателер. Әріптесіңіздің де қатесін тексеріңіз).

4. Спорт – денсаулық



1. а) Мына сұрақтарды талқылаңыздар.

1) Сіздің еліңізде ең танымал қандай спорт түрлері бар?

а) Көру үшін б) Ойнау үшін

2) Төменде берілген спорт түрлері сіздің еліңізде қаншалықты танымал?

Гимнастика, бадминтон, велосипед спорты, үстел теннисі, қайықпен жарысу, хоккей, дзюдо, футбол, парустық спорт.


3) Спорттың қай түрі аз дамыған деп ойлайсыз?

б) Осы спорт түрлері бойынша қай етістіктер қолданылады? Жүгіру, секіру, жүру, ойнау?

в) Осы спорт түрлерінің қайсысын жақсы білесіз?

ОҚЫЛЫМ

2. а) Республикалық газетте жарық көрген мына хатты оқыңыз. Хаттың мақсаты не?



б) Мәтіннен адамдардың спортқа аз баратын түрлерін атаңыз.

г) Неге бұқаралық ақпарат құралдары спорттың аса танымал емес түрлері туралы жазуы керек?

д) Спорттың аса танымал емес түрлері туралы қандай мәселе бар?

Үкіметке қандай өтініш айтылды?

ТЫҢДАЛЫМ

3. а) Теледидардан берілген мына үзіндіні тыңдаңыздар. Үш қонақ бар: спорт министрі, журналист, актриса. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Дәурен, Назым, Перизат, Күнімай

Д: Қайырлы таң, құрметті көрермендер! Біздің студиямызда спорт министрі, журналист, актриса қонақта. Сұрақтарыңыз болса, таңғы хабарлар поштасына хабарласыңыз. Біздің бүгінгі таңдағы тақырыбымыз спорт туралы, әсіресе жастардың аз айналысатын спорт түрлері туралы болмақ. Бұқаралық ақпарат құралдары спорттың көпшілік айналыса бермейтін түрлері туралы көбірек жазса, жастар халықаралық жарыстарда табысты болар еді. Егерде спорттың осы түрлеріне қаржы көбірек бөлінсе, жастар осы спорт түрлерінен жақсырақ болар ма еді.

Н: Мен мына хатқа аздап таңданып тұрмын. Біз шындығында спорттың адамдар аз айналысатын түрлеріне соңғы кезде бірнеше жыл бойы көп инвестиция салғанбыз. Біздің спортсмендер соңғы жылдары спорттың адамдар баратын аз түрінен соншалықты табыстар көп болған жоқ дейді. Бірнеше жыл бұрынғы біздің гимнасткаларымыз алтын медаль иегері болды емес пе? Табыс тек қана қаржыға байланысты деп айтуға болатын шығар...

Д: Сөзіңізді бөліп жібергеніме кешіріңіз. Поштамызға хат келіп тұр: газеттен дзюдо туралы оқи аласыз ба, негізінен ештеңе жоқ дерлік. Бадминтонды теледидардан көре аласыз ба? Жақсы мүмкіндік. БАҚ тек қана футболды көбірек жазады. Егер бұқаралық ақпарат құралдары басқа спорт түрлеріне көп көңіл бөлсе, балалар осы спорт түрлеріне де қызығушылық танытар еді.

П: Келіспеймін деп айта алмаймын. Өкінішті-ақ, кейбір спорт түрлері, мысалы футбол бұқаралық ақпарат құралдарынан түспейді. Ал басқасы, мысалы бадминтон, үстел теннисі айтылмайды да. Мен сенбі күндері түстен кейін бала кезімде ВВС спорт бағдарламаларын көп көретінмін. Осы бағдарлама арқылы балалар әр түрлі спорт түрлерімен танысады. Алдағы жылдары болатын олимпиадалық ойындар біраз үміт береді.

Д: Тағы бір хабарлама келіп тұр: меніңше, спорт түрлерімен балалар мектепте көбірек айналысуы керек. Мен Швецияда балалар аптасына 10 сағат спортпен айналыса алады деп естідім. Егер спорт министрі болсам, мен әрбір оқушыға көбірек спорт түрлеріне мүмкіндік берер едім. Хоккей, дзюдомен барлығы айналысса ше? Егер олардың мүмкіндігі көп болса, денсаулықтарын зиян болмас еді.

К: Хоккей мен дзюдоны әрбір мектепке енгізсе дейсіз бе? Керемет, бұл өте маңызды. Балалар әр түрлі спорт түрлерімен ерте кезде-ақ сыннан өтуге мүмкіндік алады. Менің жолым болды. Мен хоккейі бар, фехтованиясы бар, садақпен мергендікке үйрететін спорт түрлері бар мектепке бардым. Көп мектеп футбол мен баскетболмен шектеледі.

Д: Міне тағы бір хат келіп тұр, оқиын....

- 1) Бұл эфирдегі қай уақыт?
- 2) Студияға көп хаттар келді ме, жүргізуші көп хат оқыды ма?
- 3) Хаттармен қонақтар келісті ме, келіспеді ме?

б) Тағы тыңдаңыз. Бағдарламада белгіленген идеяларды белгілеңіз (V).

- 1) Үкімет жақында спорттың көп адамдар бара бермейтін түрлеріне көп қаржы бөлді.
- 2) Британдық спортшылар спорттың осындай түрлері бойынша табысқа жетті.
- 3) Газеттерде дзюдо туралы көп мақала бар.
- 4) Телебағдарламаға адамдар аз баратын спорт түрлері туралы енгізілді. Онда 2012 жылғы Олимпиада ойындарындағы спорттың адамдар аз баратын түрлері туралы болады.
- 5) Министр мектепте спортқа бес сағат уақыт бөлгісі келеді.
- 6) Балалардың көпшілігі мектепте спорттың көп түрлеріне қатыса алмайды.

в) Сіздің елде де осы айтылған мәселелер бар ма? Әріптесіңізбен салыстырыңыз.

- 1) Балалар мектепте спорттың әр түрімен айналысады.
- 2) Мемлекет спорттағы адамдар аз баратын түріне көмектеседі, қолдайды.
- 3) Менің ұлттық спорт тобымның табыстары көп.
- 4) Біз спорттың көп түрлерінің кең спектрін теледидардан көреміз.

ГРАММАТИКА: шартты рай

Мына сөйлемдерге қараңыз, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

4. а) Егер де бізде құрал-жабдықтар көп болса, біз халықаралық жарыстарда нәтижелі болар едік.

б) Егер де бұқаралық ақпарат құралдары спорттың басқа түрлерін көбірек көрсететін болса, балалар үйренгісі келер еді.

в) Егер де спорттың осы түрлерінің мүмкіндіктері көп болса, олардың денсаулыққа зияны болмас еді.

5. Берілген сөйлемдердің қатесін табыңыз.

- 1) Егер де жауабын білсем, мен сізге айтар едім.
- 2) Егер де ол премьер министр болса, салықты көтерер ме еді?
- 3) Егер сізде әлемде бір нәрсені өзгерте алатындай билік болса, ол не болар еді?
- 4) Егер де мен оған сенбесем, қарыз ақша бермес едім.
- 5) Егер де ұнамаса, бұл мақаланы оқымауға болады.

6. Топпен жұмыс. Бір-біріңізден осы сұрақтарды сұраңыз. Не істер едіңіз, егер де...

- 1) Егер де миллион долларды жеңіп алсаңыз
- 2) Егер де фильмдегі сүйікті жұлдызыңызды кездестірсеңіз
- 3) Егер де таныс емес адам көшеде тоқтатып, ақша сұраса
- 4) Сізге тез арада 50 доллар қажет болса,
- 5) Егер де түн жарымында сіздің үйге біреудің кіріп келе жатқанын естісеңіз



СӨЙЛЕСІМ

1. а) ФИФА футболы туралы не білесіз?

Әлем кубогы туралы не білесіз? Бұл сұрақтарды әріптесіңізбен талқылаңыз.

б) Суретте қай елдің жанкүйерлері берілген?

в) Футбол бойынша әлем чемпионаттарын, жеңімпаздарын атай аласыз ба?

Сіздің елде әлем кубогы қаншалықты танымал?



ОҚЫЛЫМ

2. а) Төменде берілген мына мақаланы оқыңыз, жақсы тақырып таңдаңыз.


- 1) Ер адамдар және Әйелдер
- 2) Компания Әлем кубогына жарнама үшін миллиард жұмсайды.
- 3) Жарнама берушілер жанкүйерлерді ұмытып кетті.
- 4) Әйелдердің рекордты санын әлем чемпионатынан қарау.

б) Мәтіннен мына пайымдардың шын, жалғанын анықтаңыздар.

- 1) Көптеген әйел футбол көреді.
- 2) Ер адамдар әлем чемпионаты кезінде жарнама берушілер үшін мақсатты аудитория.
- 3) Швециямен ойын кезінде ағылшын аудиториясының жартысы әйелдер болды.
- 4) Жарнама берушілер хабарландырудың көпшілігі әйелдерге арналуы тиіс деп ойлайды.
- 5) Авиа компания әлем чемпионатына бару үшін әйелдерге арнайы сапар ұсынады.
- 6) Осы чемпионат кезінде компания жарнамаға көп ақша жұмсамады.
- 7) Adidas өзінің жарнамасымен қателеспейді деп санайды.
- 8) Жарнамалық хабарландыру кезінде әйелдер жиі қарамайды.

в) Мәтіннен мына ақпаратты, сөздерді табыңыздар:

- 1) футбол матч өтетін жер (1 тармақ)
- 2) топта 50 пайыздан көбірек (1 және 2)
- 3) бір нәрсе істеуге мүмкіндік (2)
- 4) әлемнің әр бөлігінде (4)
- 5) жасау немесе бір нәрсе (5)



Осы жылы футболға әлемдегі жанкүйерлер әлемдегі әйелдер десе болады. Сіз оларды стадионда да көре аласыз, сіз оларды ірі іс-шараларда да көре аласыз, мүмкін сіз оларды өзіңіздің теледидарыңыздың алдында да көре аласыз. Алайда, футбол бойынша әлем чемпионатын көретін әйелдер саны ұлғайса да, жарнаманың көпшілігі ойын кезінде ерлерге арналды. Осы жылы турнирдің 50 пайызға жуық аудиториясы әйелдер болды. Оңтүстік Кореяда Тогоға қарсы матчын 51 пайыз әйелдер көріп отырды. Англияда Швецияға қарсы матчта аудиторияның 47 пайызы әйелдер болды. – Біз, әрине, мүмкіндікті жіберіп алдық, – деді жарнама берушілер. Онда ерлер үшін хабарландыру тым көп болды, ал табынушылар үшін жеткілікті хабарландыру болған жоқ.

Онда әйелдерге бағытталған кейбір хабарландырулар болды. Мысалы, бір авиа компания әйелдерге тек қана туристік сапар ретінде Әлем кубогына бару үшін ұсыныс жасады.

3. Мына сұрақтарды әріптесіңізбен бірге талқылаңыз.

- 1) Сіз қалай ойлайсыз, жарнамашылар өз мүмкіндігін жіберіп алды ма, әлде Adidasпен келісесіз бе?
- 2) Қалай ойлайсыз, әйелдер спортты кездейсоқ байқаушылар ма, әлде сіздің өз оймен келісесіз бе?
- 3) Қалай ойлайсыз, үлкен спортта әйелдер көп пе, ерлер көп пе? Неге?

ГРАММАТИКА: тым және жеткілікті, соншалықты сөзімен жұмыс

4. а) Сөйлемдерді оқыңыз. Ондағы мәселелерді сипаттаңыз.

- 1) Онда ерлерге арналған хабарландырулар көп болды.
- 2) Олар жанкүйер ерлерге көп қаржы жұмсады.
- 3) Компания жарнамаға жеткілікті қаржы жұмсады.
- 4) Онда әйел жанкүйерлерге жеткілікті жарнама болған жоқ.

б) Біз сондай-ақ, *тым және жеткілікті, соншалықты* сөзін сын есімдермен де қолдана аламыз. Мәтіннен екі мысал табыңыз.



Жарнамашылар ақылдылық жасаған жоқ. Олар футболды тым жаратпайтын әйелдерге көбірек назар аударды. Олар футболды жақсы көретіндерді ұмытып кетті. Әлем бойынша компания жарнамаға 1 млрд евродай жұмсады. Соншалықты көп жұмсады. Бірақ олар жанкүйер ер адамдарға тым көбірек жұмсады, ал фанаттарға жетпеді.

Кейбір компаниялар оларды ақылды болды деп санайды. Adidas ерлерге арналған жарнамаға назар аударудың мағынасы бар дейді. Олар чемпионат кезінде әйелдерге арналған өнімдерге көбірек назар аударуды жоспарлайды. Басқалары әйелдерді телевизиялық спорттың кездейсоқ жарнамашылары деп ойлайды, олардың назарын жарнама кезінде ұстау қиын деп топшылайды.

(Sean Gabb)

5. Берілген сөйлемдер сіздің ойыңызбен сәйкес пе, немесе еліңізде де осы жағдайлар бар ма? Әріптесіңізбен әңгімелесіңіз.

- 1) Апта бойы бос уақытым соншалықты көп.
- 2) Менің де әр апта сайын үй тапсырмам өте көп.
- 3) Жайлы өмір сүру үшін жеткілікті қаржым жоқ, айлығым аз.
- 4) Мен тұратын қалада кино билеттері тым қымбат.
- 5) Мен тұратын аудан спортқа тым қолайсыз.
- 6) Мен жақсы көретін футбол ұлттық командасы әлем кубогын жеңіп алуға тым жақсы дайындығы бар.
- 7) Телевизиялық спорт мұнда да көп.

СӨЙЛЕСІМ

6. а) Мына сұрақтардың кейбіріне ойланыңыз. Осы жағдайлар сіздің еліңізде бар ма?

Футбол: ақша, телевизор, конкурс, ойыншылар
Спорт және денсаулық: үлкендер / балалар
Жүзу бассейні және спорт мекемелері
Телевизиядағы спорт
Осыларға қатысты адамдар көп нәрсе жасай ма, әлде бір нәрсе жетпей ме?

ЖАЗЫЛЫМ

7. Өздеріңіз талқылаған сұрақтардың біріне екі абзац жазыңыз. Өзіңіз ұсынған жағдаятты және шешімді сипаттаңыз.

ЖАҒДАЯТ

Дайындық

1. а) Өз өміріңізде ойнаған спорт түрін жазыңыз. Ретімен жазыңыз: қайсысы сізге көбірек ұнайды? Әріптесіңізбен салыстырыңыз.

б) Төменде берілген сипаттауларға берілген сөздердің сәйкесін табыңыз.

Бәсекеге қабілетті, көпшіл, бәсекеге қабілетсіз, сақ, ұқыпты.

Тым өзімшіл.

- 1) Маған адамдармен кездесу ұнайды, топтың бір мүшесі болған да ұнайды.
- 2) Мен өзгелерден жақсы жұмыс істеймін.
- 3) Мен жеке өзім жұмыс істегенді жақсы көремін немесе мәселелерді өзім шешкенді жақсы көремін.
- 4) Маған аздаған қауіп те, қысым да ұнайды.
- 5) Маған жеңіс емес, рахаттану мотивация береді.
- 6) Тәуекелден қашу – мен үнемі асықпай жасаймын.

ЖАҒДАЯТ

2. Спортқа қатысты хабарландыруға қараңыз, әрі қарай мына сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Мына ұсыныстар компанияға қандай қызмет жасайды?
- 2) Олардың клиенттері кімдер?
- 3) Спорттың осы аспектісі бойынша сіздің елдің адамдары ойлай ма? Сіз осыны университетте зерттей аласыз ба?

Спорт

Спорт саласында сіз жеңу үшін өз денеңізді шынықтырасыз, бірақ сіз жеңімпаз болу үшін өз ақылыңызды шынықтырасыз ба?

Спорт жаттықтырушысы ретінде сіз өзіңіздің спортсмендеріңізді шынықтырасыз, бірақ сіз жеңімпаз психологиясын түсінесіз бе?

Спортты жақсы көруші ретінде, өзіңізді бір қалыпта ұстау үшін сіз спортпен үнемі айналысасыз, бірақ ол сіздің жеке өміріңізге сәйкес келе ме?

Біздің психологтар ғылыми зерттеуге, психологиялық талдаулар жасауға көмектесу үшін, сізбен тығыз байланыста жұмыс істейді, сізді үлкен спорттық табыстарға жетелейді.



5. СПОРТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Маржан – спортқа қатысты психолог. Ол сауалнама жүргізе отырып, сізге сәйкес спорт түрін ұсынады.

ТЫҢДАЛЫМ

Маржан, Алмас

М: Ал Алмас, осы зерттеуге қатысуға келіскеніңіз үшін сізге тағы да рахмет. Сұхбат шағын сауалнамамен басталады. Содан кейін сенің жеке тәжірибелерің туралы көбірек айта аламыз.

А: Жақсы.

М: Дұрыс, міне бірінші сұрақ: Келесі аптада емтихан тапсыратын болсаңыз,

а) достарыңызбен бірге жұмыс істеп, достарыңызбен дайындаласыз ба?

б) Достарыңызбен бірге де, жеке де дайындаласыз ба?

с) Өз бетімше дайындаламын.

А: Күрделі екен Емтиханға өз бетімше ертерек дайындаламын, бірақ зерттеу топтарында достарыммен бірге жұмыс істер едім, бұл ұнайды маған.

М: Сонымен не істер едің? Қайсысын таңдайсың? А не В немесе С-ны таңдайсың ба?

A: Дұрыс қой... Ойлауға рұқсат етіңіз, Меніңше, мен В-ны таңдаймын, аздап екеуін де.

M: Жақсы, келесі сұрақ: егер досыңмен теннистік ойында болсаң,

- а) Матчты жеңу үшін ертерек жаттығар ма едің?
- б) Аздап жұмыс істеп, мүмкіндіктің бәрін жасаймын.
- с) Мейлі, менің досым жеңсін.

A: Мен теннис ойнамаймын.

M: Түсінемін, егер де ойнайтын болсаңыз, не істер едіңіз?

A: Жақсы, менің жеңісті жоғалтқым келмейді.

M: Жарайды, соңғы сұрақ: егер де көлік сатып алғың келсе, қандайын алар едің?

- а) Феррари сияқты спорттық жылдам көлік
- б) Ролс Роул сияқты классикалық көлік
- с) Хундай сияқты сенімді көлік

A: Ойланайын... Шынымды айтсам Феррариді алар едім. Осындай көлікті алғым келеді.

M: Жақсы, жақсы, шынайы жауабыңа рахмет. Жауабыңыздың нәтижесін білгіңіз келе ме?

A: Иә, тура қазір айта аласыз ба?

M: Әрине. Қарайық. Бірінші сұрақ бойынша сіз В нұсқасын таңдадыңыз. Сіз көпшілсіз. Екінші сұрақ бойынша сіз екіншісін таңдадыңыз. Сіз бәсекеге қабілеттісіз.

Қорытынды сұрақ бойынша, сіз Феррариді сатып алғыңыз келді. Бұл дегеніңіз тәуекелге қуана-қуана барасыз. Осы жауаптардан мен сіздің топтық ойынға барғаныңыз жөндер едім. Сіз үшін бәсеке, тәуекелшілдік маңызды, сізге регби немесе рафтингке де баруыңызға болады.

A: Шын ба? Жақсы. Менің жақсы көретінім – футбол. Футболды жақсы көремін.

M: Бұл жарысқа арналған топтық ойын ғой. Солай емес пе?

A: Иә, бұл шындық.

3. Интервьюді тыңдай отырып, олар осы ситуацияның қайсысын талқылап отыр, қандай ретпен?

- а) мереке таңдау
- б) досымен бірге спортпен айналысу
- в) автомобиль сатып алу
- д) сараптама жасау

4. Қайта тыңдап, мына сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Алмас қай сұрақтарға жауап беріп жатыр?
- 2) Доктор Маржан қай спорт түрін ұсынды?

5. Сауалнамада жеке сипаттарға қатысты үш сұрақ бар. Сұрақтарды үш жеке сипаттармен сәйкестендіріңіз.

- 1) сұрақ а) сіздің тәуекелшілдігіңізбен байланысты
- 2) сұрақ б) сіздің көпшілдігіңізбен байланысты
- 3) сұрақ с) сіздің қаншалықты бәсекеге қабілетіңізбен байланысты

6. Емтихандағы өз тәжірибеңіз туралы топта бөлісіңіз. Тәжірибеңіз қандай жақсы жағы / жаман жағы?

6. ОҚУ ЖӘНЕ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫ

1. Лектордың студенттерге берген қазақ тілі курсы бойынша емтиханнан берген кеңесін тыңдаңыз. Төменде берілген кеңестің қайсысын береді.

Лектор және студенттер

Лектор: Сәлеметсіздер ме! Осы жылғы курсты сіздер жақсы пайдаландыңыздар, көп нәрсе білдіңіздер деп ойлаймын. Мында емтиханға қалай дайындалу туралы кеңестер жазылған. Оқымас бұрын емтиханды өткізу туралы жалпы мәселелерді қарастырайық.

Ең бірінші, дәл емтихан алдында практикалық тестілерді көп орындамаңыздар. Әрине, кейбір практикалық тесті жасаған жақсы. Бірақ белгілі бір шектен кейін сіз жаңа ештеңе үйренбейсіз. Одан гөрі өзіңіздің қазақ тілінен деңгейіңізді көтеруге тырысыңыз. Өз бетіңізше грамматиканы оқыңыз.

Екіншіден, емтихан болар күні шаршаулы емессіз бе? Түнде кештерге бармаңыз, таңғы үш-төртке дейін сабақ оқымаңыз. Сіз емтиханда жылдам ойлана алуыңыз үшін, ширақ болуыңыз керек.

Үшіншіден, емтиханға кешікпеңіз. Өткен жылы бір студент емтиханға кешіккен еді, ол емтиханға жіберілген жоқ.

Сонымен сіз емтиханда отырғанда, ең бастысы не деп ойлайсыз?

Студент 1: Қатесіз, дұрыс жауап беру.

Лектор: Әрине, бұл түсінікті, маңызды. Бірақ ең бастысы, емтиханда не сұралады, соны орындау. Емтихан нұсқауына қараңыз. Тапсырманы дұрыс түсінгеніңіз маңызды. Бастамас бұрын сұрақты екі немесе үш рет оқыңыз.

Кейбір сұрақтардың бірнеше дұрыс жауабы бар. Сіз А, В, С, немесе Д жауаптарының бірін таңдауыңыз керек. Олардың қайсысы нақты жауабы бола алады, соны таңдаңыз, одан кейін басқа жауапты көріңіз. Егер жауапты білмесеңіз, болжап көріңіз. Мүмкін сіздікі дұрыс шығар. Бос қалдырмаңыз. Әр сұраққа жауап жазыңыз.

Жазуға байланысты сұрақтар да бар. Сіздерге сұрақ қояйын. Елестетейік, сіз емтиханда жазба жұмысын орындадыңыз. Ол үшін жоспар жасадыңыз. Бұл жақсы идея. Бұл бірінші нұсқаңыз. Содан кейін соңғы нұсқасын жазасыз ба?

Студент 1, Студент 2: Иә, осылай жазамыз, алдында жоспарлаймыз, содан соң, соңғы нұсқасын жазамыз.

Лектор: Шындығында, бұл сонша жақсы нұсқа емес, уақытты жоғалту деп ойлаймын. Менің тәжірибем бойынша, алдыңғы жоспар мен соңғы бөлігінің сонша айырмашылығы жоқ. Ал көшіріп жазу үшін кем дегенде он минут жоғалтасыздар. Бұл уақыттарыңызды дұрыс жұмсай алмау деп ойлаймын.

Студент 1: Бірақ біз кейде қате жазамыз, оны өзгертіп жазуымыз керек қой.

Лектор: Иә, бұл дұрыс. Бұл емтихан. Негізінен түсінікті жазсаңыздар да болады.

Бір сұраққа тым көп уақыт жібермеңіздер. Егер сұраққа жауап бере алмасаңыз, келесі сұраққа көшіңіз. Уақытыңыз қалса, ол сұраққа кейін қайта ораласыз. Сұрақтарыңыз бар ма?

Студент 3: Біз сөздікті пайдалана аламыз ба?

Лектор: Жоқ, сөздікті пайдаланбағаныңыз дұрыс. Шындығында, сөздікті пайдалану – жақсы. Зерттеу мынаны көрсетеді: емтиханда сөздікті пайдалану – сөзді іздеуге уақыт жіберу деген сөз. Егер сіз емтиханда сөздікті пайдаланатын болсаңыз, уақытты тым көп жібермеңіз. Басты кілт сөздердің бір, екеуін таңдаңыз. Сәттілік тілеймін.

Тыңдаңыз да, белгілеңіз:

- 1) Күнде ширақ жүру.
- 2) Емтиханға кешікпеу.
- 3) Көптеген практикалық тестілерді орындау. Көбірек болса, соғұрлым жақсы.
- 4) Егер жауапты білмесеңіз, жолды бос қалдырыңыз.
- 5) Жазбаша тапсырманы орындаған кезде, жоба түрінде жазыңыз, содан соң соңғы нұсқасын орындайсыз.
- 6) Бір сұраққа тым көп уақыт жібермеңіз.
- 7) Емтихан кезінде өз денсаулығыңызға көбірек назар аударыңыз. Емтихан туралы және денсаулық туралы қаншалықты білесіз? Әріптесіңізбен бірге викторина жазыңыз.

2. Емтиханнан кейінгі 4 студенттің интервьюін тыңдаңыз.

Оларда қандай мәселе болды, төменде берілген мәселелермен салыстырыңыз.

- а) шығармасын жоспарламады
- б) бір сұрақ үшін идеясы болмады
- в) жеткілікті есіне түсіре алмады

Тілші, Дәурен, Болат, Алмас, Назым

Тілші: Сәлем, мен университет радиосынанмын. Сіздерден өткендегі емтихан туралы сұрай аламын ба?

Дәурен: Иә, әрине. Меніңше, емтихан қиындау болды. Шындығында, өзім кінәлімін. Мен жеткілікті қайталамадым. Дайындықты кештеу бастадым. Жауаптарды есіме түсіре алмадым. Келесі жолы көбірек қайталаймын, оқу, қайталау кестесін жасап қоямын.

Тілші: Сәлеметсіз бе, біз университеттік радио бағдарламасын жасап жатырмыз. Емтихан туралы не айтар едіңіз?

Болат: Дұрыс болды деп ойлаймын. Соңғы сұраққа жауап беруге менің уақытым жетпеді. Бірақ осы сұраққа байланысты кейбір идеяларымды жазып алдым. Келесі жолы ескеремін деп ойлаймын.

Тілші: Кешіріңіз, сіз осы емтиханды қалай тапсырдыңыз?

Назым: Мен бір сұраққа жауапты дұрыс жазбадым деп ойлаймын. Бұл эссе болатын. Әйелдер және спорт туралы эссе. Идеям, айтар ойларым көп деп ойлады. Жаза бастадым. Жоспар жасаған жоқпын. Бұл үлкен қатем болды. Жартысына жете бере тоқтап қалдым, не жазарымды білмеймін. Шатасып, ойымды шашыратып алдым. Қайтадан бастауға тырыстым. Бірақ тым кеш еді. Келесі жолы жоспар жасаймын. Тіпті идеяларым көп болса, да жоспар жасаймын.

Бірақ әрбір идея үшін мысалдарды көбірек жазу керек деген лектордың идеясы есіме түсті. Осыған орай, жауабым сонша қысқа болған жоқ.

Келесі сұрақ тым жеңіл болды. Оны жақсы жаздым деп ойлаймын.

3. Қайта тыңдаңыз. Мәселелер мен қателер туралы қандай шешім қабылдағанына назар аударыңыз. Емтихан тапсырған кезіңізде сізде осындай мәселелер болды ма?

4. а) Әріптеспен жұмыс. Сұрақтар қойыңыз. Жауаптарын жазыңыз.

- 1) Сіздің ел олимпиадалық ойындарды қабылдауы керек пе? Сіз қалай ойлайсыз?
- 2) Сіздің сүйікті спорт түрі?
- 3) Қандай керемет спорттық кезеңдер мен сәттерді есіңізге түсіре аласыз?
- 4) Әрбір жас адам қандай спорт түрлерін меңгеруі керек деп ойлайсыз?
- 5) Кейбір спорт адамдары спортқа тым көп төледі деп ойлайсыз ба?

Тапсырма: Сауалнама ұйымдастырыңыз.

б) Әріптеспен жұмыс. Жеке сипаттарына қатысты шағын сауалнама жасаңыз.

Сұрақтар үш бөлімнен болсын:

Бірінші бөлім: көпшілсіз бе?

Екінші бөлім: бәсекеге қабілеттісіз бе?

Үшінші бөлім: тәуекелшілсіз бе, әлде өте сақсыз ба?

Әрбір сұрақты жақсы ойланыңыз.

Әр сұрақты жақсы бағалап отырғаныңызға сенімдісіз бе?

Мысалы, А – бәсекеге өте қабілетті, В – бәсекеге қабілеттілігі орташа деңгейде, С – бәсекеге қабілетсіз.

5. Топтағы басқа оқушылармен әңгімелесіп, ойыңызбен бөлісіңіз.

Жазылым дағдысы

Тармақтарды дұрыс ретімен орналастырыңыз.

- 1) В _____ 2) _____ 3) _____ 4) _____

Жазушы қай ел туралы айтты деп ойлайсыз?

6. Мақаланы аяқтау үшін қажетті байланыстырушы сөздерді таңдаңыз.

- А** Біздің жеңіл атлетика, жүзу, регби, крикет, хоккей бойынша құрама тобымыздың бәрі әлем чемпионы болған. *Сондықтан* / *алайда* менің елімді танымал етті. Еліміздегі әрбір азамат біз үшін тамаша нәтижеге жету үшін табанды дайындалған біздің спорт ойыншыларын мақтаныш етеді. 2000 жылы біз Олимпиадалық ойынды өткіздік. Біз спортсмендерін әрбір Олимпиадалық ойынға жіберіп отыратын үш елдің біріміз. *Сондықтан* / *сонымен* біз әлемдік спортты көздеген еліміз деп ашық айта аламын.
- Б** Менің елімде мақтаныш ететін нәрсе көп. *Сондықтан да* / *сонымен* қатар біреуін таңдап алу оңай емес. *Алайда* / *яғни* маңызды деп айтуға болатын бір нәрсе бар. Ол – біздің спортқа деген махаббатымыз.
- В** *Алайда* / *сондықтан да* біздің спортқа деген махаббатымыздан менің елімнің болашағы бар деп ойлаймын. Спорт біздің денсаулығымызды сақтайды, қоғам үшін маңыздысы осы. *Сонымен қатар* / *яғни* спорт бізге әділдік, шындық сияқты маңызды құндылықтарға үйретеді. *Сол себепті де* / *сонымен* де біздің қоғам сабырлы. Біздің спортқа деген махаббатымызды мақтаныш етемін.

Г Мен халықаралық спорттық табыстарымызды ғана мақтаныш етпеймін. *Сондай-ақ* / *сондықтан* менің елімнің азаматтарының бәрі спортқа ат салысатынын да мақтан етемін. Мысалы, демалыс күндері саябақта спорттың барлық түрімен ойнап жатқан халықты көресіз. *Сондықтан да* / *яғни* біз көпшіліміз, доспыз. Спорт бізді бір-бірімізге жақындастырады, достастырады.

7. Сидней олимпиадасы туралы өз бетіңізше жазып келіп, презентациялаңыз.

ГРАММАТИКАНЫ ҚАЙТАЛАЙМЫЗ

I бөлігі: Лексикалық-грамматикалық тестілерді орындаңыз.

1. Әлдебір істің бастауын білдіретін сөйлемді табыңыз.

- A) Мен күні бойы ұйықтар едім.
- B) Мен таңнан кешке дейін қыдырар едім.
- C) Сағат сайын хабарластым.
- D) Екі сағаттан кейін қараңғы түсті.

2. Әлдебір іс-әрекеттің басталғанын, оған бірнеше уақыт өткенін білдірген сөйлемді табыңыз.

- A) Қыс келісімен аяз басталды.
- B) Жуық арада ағаштар бүршік жарады.
- C) Таңертең шықтық, бірнеше сағат жүргеннен кейін ауылға жеттік.
- D) Мен сегіз жарымға дейін боламын.

3. Нәтижеге жету үшін қажетті мерзімді білдірген конструкцияны таңдаңыз.

- A) Ол диссертациясын үш жылда жазып бітірді.
- B) Бірнеше күннен кейін біз үйге жиналды.
- C) Шешем жұмыстан кейін дүкендерге барады.
- D) Декан сағат екіден кейін болады.

4. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз. Ауылға дейін жүру керек.

- A) үш сағатта
- B) үш сағат
- C) үш сағат сайын
- D) үш сағат кейін

5. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз. Жаңа спорт сарайын салды.

- A) үш жылда
- B) үш жыл сайын
- C) үш жылмен
- D) үш жылдан

6. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз. біздің қаламыз өзгерді.

- A) Соңғы он жыл
- B) Соңғы он жылмен
- C) Соңғы он жылда
- D) Соңғы он жылға

7. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз. Мен мұндай тестіні орындаймын.

- A) бес минутқа
- B) бес минуттан
- C) бес минутта
- D) бес минутпен

8. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз. Балалар..... ұйықтау керек.

- A) сегіз сағат
- B) сегіз сағатқа
- C) сағат сегізден
- D) сегіз сағаттан

9. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз. Спортсмендер он километрді жүгіріп өтті.

- A) жарты сағат
- B) жарты сағатқа
- C) жарты сағаттан
- D) жарты сағатта

10. Жоспарланған әрекет мезгілін білдіретін сөйлемді табыңыз.

- A) Балалар үш сағаттан кейін қыдыруға кетті.
- B) Әжем нанды пешке бір сағатқа салды.
- C) Олар саябақта үш сағат қыдырды.
- D) Жарты сағатта мен үйге жеттім.

11. Жоспарланған әрекет мезгілін білдіретін сөйлемді табыңыз.

- A) Студенттер демалыс кезінде Балқашқа барады.
- B) Олар онда бір апта болады.
- C) Демалыс кезінде студенттер Балқашқа бір аптаға барады.
- D) Ауылда қанша күн болдыңыз?

12. Оқиғадан бұрынғы болған мезгілді білдіретін сөйлемді табыңыз.

- A) Астанаға келгенге дейін мен Алматыда жұмыс істедім.
- B) Демалыс бір айдан кейін басталады.
- C) Мектепке дейін үлкен қызым ауылда болды.
- D) Жазда ауылға барамын.

13. Бір әрекеттің басқа әрекеттен бұрын болғанын білдіретін сөйлемді табыңыз.

- A) Шетелге сапар шегу алдында ол ағылшын тілі курсына барды.
- B) Поезд жарты сағатқа кешікті.
- C) Ертең мен үйге бір айға кетемін.
- D) Тоғайда мен жарты сағат қыдырдым.

14. Оқиғадан бұрын болған мезгілдік құрылымды табыңыз.

- A) Ағам бір аптаға келді.
- B) Поезд жарты сағатқа кешікті.
- C) Жазда жайлауға барған дұрыс.
- D) Мереке қарсаңында ауылға бардым.

15. Бір әрекеттің басқа әрекеттен бұрын болғанын білдіретін конструкцияны табыңыз.

- A) Суық түскенге дейін олар саяжайда тұрып, қалаға қайтты.
- B) Олар саябақта ұзақ қыдырды.
- C) Олар түстенуге сағат үште келді.
- D) Жақында олар экспедицияға кетеді.

16. Бір іс-әрекеттің екінші іс-әрекеттен бұрын болған конструкцияны табыңыз.

- A) Олар бір жылдан кейін кездесті.
- B) Олар бір-бірін жарты жыл көрмеді.
- C) Біз бір апта оны күттік.
- D) Олар бізге қарағанда мұнда екі күн бұрынырақ келген.

17. Бұрын болған мезгілдік конструкцияны таңдаңыз.

- A) Өрт басталып, бүкіл үй он минутта жанып кетті.
- B) Бұл оқиға осыдан екі ғасыр бұрын болған.
- C) Екі күнде доллар 15%-ға өсті.
- D) Осы жаттығуларды мен екі жыл жаздым.

18. Сөйлемнің екінші бөлігін табыңыз.

Біз поездға кешіктік, себебі вокзалға

- A) поезд кеткеннен кейін келдік.
- B) поезд кеткенге дейін келдік.
- C) поезд кеткенше келдік.
- D) тез жеттік.

19. Сөйлемнің екінші бөлігін табыңыз.

Менің әкем

- A) соғыстан кейін екі жылдан соң дүниеге келді.
- B) соғыстан кейін екі жылда дүниеге келді.
- C) соғысқа дейін екі жылда келді.

20. Сөйлемнің екінші бөлігін табыңыз.

Демалыс басталады.

- A) мерекеге дейін бір күннен соң
- B) мерекеден кейін бір күннен соң
- C) мерекеден кейін бір күні

21. Сөйлемнің екінші бөлігін табыңыз.

Студенттер университетке келеді.

- A) лекцияға дейін бес минут бұрын
- B) лекциядан кейін бес минутта
- C) лекциядан бұрын бес минут

22. Сөйлемнің екінші бөлігін табыңыз.

Біз залға кірдік.

- A) спектакль басталғанға дейін бір минут бұрын
- B) спектакль басталғанға дейін бір минутта
- C) спектакльден бұрынырақ бір минут

23. Қайталанатын іс-әрекет мезгілін білдіретін конструкцияны табыңыз.

- A) Әскерге 18 жастан бастап шақырылады.
- B) Әскерге 18 жастан 27 жасқа дейін шақырылады.
- C) 16 жасқа дейін төлқұжат ала алмайсыз.
- D) Ауылға жарты сағат сайын автобус жүреді.

24. Қайталанатын іс-әрекет мезгілді конструкцияны таңдаңыз.

- A) Біз залға спектакль басталғанға дейін бір минут бұрын кірдік.
- B) Күнде танертең жаттығу жасаймын.
- C) Лекциядан бұрын келдім.
- D) Спектакльден бұрынырақ келдім.

25. Қайталанатын іс-әрекет мезгілді конструкцияны таңдаңыз.

- A) Жыл сайын біз демалыс үйлеріне барамыз.
- B) Осында екі сағаттан соң кездесейік.
- C) Бір аптадан кейін демалыс басталады.
- D) Біздің автобус екі минуттан кейін жүреді.

26. Іс-әрекеттің бір мезгілдігін білдіретін конструкцияны табыңыз.

- A) Әдетте мен бүгінгі жұмыстарымды ертеңге қалдырмаймын.
- B) Ұйықтар алдында мен жаңа сөздерді қайталаймын.
- C) Күн сайын осы бағдарламаны көремін.
- D) Түскі үзіліс кезінде мен вокзалда билет алдым, тамақтандым

27. Іс-әрекеттің бір мезгілдігін білдіретін конструкцияны табыңыз.

- A) Әжеммен әңгімелескен кезде мен ұйып, тыңдап отырамын.
- B) Бірнеше күннен кейін біз үйге жиналдық.
- C) Осы ауыр аптадан кейін жақсы демалу керек.
- D) Бірнеше минут жүгіргеннен кейін біз жай жүрдік.

28. Іс-әрекеттің бір мезгілдігін білдіретін конструкцияны табыңыз.

- A) Мектептен кейін жұмысқа орналастым.
- B) Тұманда, жаңбырда мен жол жүрмеймін.
- C) Бүкіл ай бойы жаңбыр жауды.
- D) Тек қана үш сағаттан кейін өзіміздің рейсіміз туралы естідік.

29. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

... біз театрға барып, билет алып үлгердік.

- A) Түскі тамақ
- B) Түскі үзілісте
- C) Түскі үзіліс

30. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Құстар, әсіресе, ... әдемі ән салады (поют).

- A) таң алдында
- B) таңмен бірге
- C) таңмен

31. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

... жылы үйде отырған жақсы.

- A) Жаңбыр
- B) Жаңбырмен
- C) Жаңбырда

32. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Өкінішке орай,..... жастар кітапты аз оқи бастады.

- A) интернет ғасырында
- B) интернет ғасыры
- C) интернет ғасырымен

33. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Мына мәтінді ... сөздік пайдалану керек.

- A) аудару
- B) аударғанда
- C) аударумен

34. Жуық мөлшерлі мезгілді білдіретін конструкцияны таңдаңыз.

- A) Мен досыммен бірнеше жылдан кейін кездестім.
- B) Аэропортта ашық ауа-райын үш сағат күттік.
- C) Драматург пьесамен бес жыл жұмыс істеді.
- D) Ол қыркүйектің жиырма бестеріне қарай келеді.

35. Жуық мөлшерлі мезгілді білдіретін конструкцияны табыңыз.

- A) Мен сағат алтыда келемін.
- B) Ол Астанада екі жыл тұрды.
- C) Ол Астанада екі жылдай тұрды.
- D) Ол Астанаға енді келді.

36. Жуық шамамен айтылған конструкцияны табыңыз.

- A) Мен ауылға автобуспен бір сағат жүремін.
- B) Маған екі мен үштің арасында хабарлас.
- C) Ол сағат үште кетті.
- D) Сағат сегіз болды.

37. Мезгіл мағынаның фразеологизммен берілген құрылымын таңдаңыз.

- A) Әлі сегіз болған жоқ.
- B) Өзінің басты еңбектерін 70-жылдары жазды.
- C) Күн ұзақ қайда жүрдің?
- D) Сағат қанша болды?

38. Мезгілдік мағынаның фразеологизммен берілген нұсқасын таңдаңыз.

- A) Ел орынға отыра мен де ауылға жеттім.
- B) Маған мына тапсырманы орындау үшін жарты сағаттай уақыт керек.
- C) Қосымша сабақ кешкі алтыларда басталады.
- D) Кеш түсе үйге жеттім.

39. Салыстыру мәнді құрылымды табыңыз.

- A) Жердің климаты тіршілік үшін қолайлырақ.
- B) Электронды микроскоп оптикалық микроскопқа қарағанда қолайлырақ.
- C) Метеорлардың қозғалысы жоғары.
- D) Жердің диаметрі үлкенірек.

40. Салыстыру мәнді құрылымды табыңыз.

- A) Қазіргі үлкен қалалардағы үйлер бір-біріне өте ұқсайды.
- B) Белсенді физикалық жаттығулар витаминдер мен дәрілерден тиімді.
- C) Тәжірибе жасау олардың нәтижесін қорытындылауға қарағанда қиын.
- D) Мұнай отын ретінде көмірден үнемді.

41. Ұқсастықты, бірдейлікті білдіретін конструкцияны таңдаңыз.

- A) Шашу оңай, жинау қиын.
- B) Ашу дұшпан, ақыл дос.
- C) Сондай ашуландым.
- D) Ол жаңа жылды Санкт-Петербургте Мәскеудегі сияқты дәл сондай үйде, дәл сондай пәтерде қарсы алады.

42. Айырмашылықты білдіретін құрылымды таңдаңыз.

- A) Сіңілімнің менен айырмашылығы – күн сайын жаттығу жасайды.
- B) Бүгін де кешегідей суық.
- C) Ол түлкідей қу, сауысқандай сақ.
- D) Химиялық элементтердің құрамы тұрақты.

43. Айырмашылықты білдіретін сөйлемді таңдаңыз.

- A) Химиялық элементтердің ерітінділерден айырмашылығы – оның құрамы тұрақты.
- B) Орманды қалпына келтіруге болады.
- C) Басқа табиғи ресурстарды қалпына келтіру мүмкін емес.
- D) Ауыл шаруашылығы ауа райына тәуелді.

44. Болжамды салыстыруларды таңдаңыз.

- A) Көше атауы да дәл сондай, Алматыдағыдай.
- B) Сол, кешегі жерге жиналамыз.
- C) Дәл сол, кешегі мәселені талқылаймыз.
- D) Мен бір басқа тілде сөйлегендей, мені ешкім түсінбейді.

45. Болжамды салыстыру мәнді конструкцияны табыңыз.

- A) Жақсының сөзі шамдай жарық, айдай ашық.
- B) Мені бірінші рет көргендей, бәрі маған қарап қалыпты.
- C) Демалыс үйінде демалғаннан рюкзакпен саяхаттаған қызық.
- D) Ауызша емтиханнан жазбаша бақылау қиын.

46. Мақсат реңкі бар сөйлемді таңдаңыз.

- A) Үйді тездетіп бітір, әкем қуанатындай болсын.
- B) Жақсы ай мен күндей.
- C) Бүгінгі тапсырма да кешегі сияқты.
- D) Мына мәтін де кешегідей қиын.

47. Салғастыру мәнді құрылымды таңдаңыз.

- A) Дипломды жақсы қорға, шешең уайымдамайтын болсын.
- B) Үйде отыра бергеннен гөрі кино немесе театрға барған артық.
- C) Иығымнан жүк түскендей жеңілдеп қалдым.
- D) Ол ұшуға жиналғандай, қанатын жайды.

48. Айырмашылықты салыстыру мәнді құрылымды таңдаңыз.

- A) Біз бәрін балалар жақсы демалатындай ұйымдастырдық.
- B) Бәрі ештеңе болмағандай, тып-тыныш отыр.
- C) Балам неғұрлым үлкейген сайын, соғұрлым алаңдай түстім.
- D) Әлдебір жіп үзілгендей, достардың әңгімесі жараспады.

49. Қарама-қарсы қойылып, салыстырылған құрылымды таңдаңыз.

- A) Әкем әскери қызметте болды, ал інім мұғалім болғысы келді.
- B) Жақсы сөз – жарым ырыс.
- C) Өмір – үлкен мектеп.
- D) Планетаға қарағанда, метеорлардың қозғалысы жоғары.

50. Ұқсамайтын фактілерді салыстырған сөйлемді табыңыз.

- A) Достарым сырғанаққа кетті, ал мен үйде қалдым.
- B) Мен жазып отырмын, ал досым оқып отыр.
- C) Мен тез жазамын, досым да тез жазады.
- D) Солтүстік жарты шарда қыс болса, оңтүстік жарты шарда жаз болады.

51. Сөйлемнің екіншісі бөлігін таңдаңыз.

Жер үсті түнде қызады, түнде салқындайды, ...

- A) сондықтан температура өзгермейді.
- B) нәтижесінде температураның тәуліктік ауытқуы болады.
- C) сондықтан температура бірқалыпты.
- D) сол себепті температура өзгереді.

52. Сөйлемді жалғастырыңыз.

Күн энергиясының әсерінен

- A) өсімдік өспейді.
- B) өсімдік түрленеді.
- C) өсімдікте күрделі химиялық реакциялар болады.
- D) өсімдік реакцияға кездеседі.

53. Себеп-салдарлы сөйлемді таңдаңыз.

- A) Жер өз осін айналғандықтан күн мен түннің алмасуы болады.
- B) Дәл кешегідей боран соғып тұр.
- C) Сондықтан дұрыстап оқы.
- D) Себепті кешіктім.

54. Себеп-салдарлы құрылымды таңдаңыз.

- A) Солтүстікте табиғат жағдайы қатал.
- B) Жерорта теңізі қатты буланады.
- C) Қоғамдық пікірдің арқасында үкімет өз шешімін өзгертті.
- D) Мен себепті кешіктім.

55. Себеп-салдарлы құрылымды таңдаңыз.

- A) Қажетті материалдардың жоқтығынан құрылыс тоқтап қалды.
- B) Күн ыстық, жол қиын болды.
- C) Есікті біреу тоқылдатты.
- D) Мен шошып кеттім.

56. Себеп-салдарлы құрылымды таңдаңыз.

- A) Еңбекқорлығының арқасында жақсы нәтижеге жетті.
- B) Мен сабақтан себепсіз кешікпейтінмін.
- C) Не себепті келмедіңіз?
- D) Көп нәтиженің салдары болады.

57. Себеп құрылымды сөйлемді таңдаңыз.

- A) Бірнеше күн нөсер жаңбыр болды.
- B) Құрылыс материалдары уақытында келмеді.
- C) Ылғалдың жетіспеуінен өсімдіктер қурады.
- D) Қатты аяз болды.

58. Сөйлемнің жалғасын табыңыз.

Мектептің кішкентай оқушылары мектепке бармады, ...

- A) себебі мұғалім жоқ.
- B) себебі қатты аяз болды.
- C) себебі мұғалім кешікті.
- D) сондықтан мектеп жабылды.

59. Себеп-салдарлы құрылымды таңдаңыз.

- A) Студент колбаны сындырып қойды.
- B) Студенттік ұқыпсыздығы үшін бізге тәжірибені қайталауға тура келді.
- C) Жолдасым ұмытшақ адам.
- D) Журналды ұмытып кетті.

60. Сөйлемнің жалғасын табыңыз.

Өзіңді танымай, өзгені тани алмайсың, ...

- A) себебі оқу керек.
- B) себебі ол үшін де үлкен таным керек.
- C) себебі көп білмейсің.
- D) себебі өзіңді көп білу керек.

61. Себеп-мағыналы сөйлемді табыңыз.

- A) Әнші танымал әнді екінші рет орындады.
- B) Көрермендер сұрады.
- C) Кеше жиналыста болмадым.
- D) Әділетсіздік үшін жолдастары оны сыйламады.

62. Салдар мағыналы сөйлемді табыңыз.

- A) Кеше жиналыста болмадым, ауырып қалдым.
- B) Кеше жұмыста болмадым, себебі ауырдым.
- C) Ағаш судан жеңіл, сондықтан суға батпайды.
- D) Жақсы оқығаны үшін марапатталды.

63. Салдар мағыналы сөйлемді табыңыз.

- A) Ол өзінің достарына көмектескендері үшін риза болды.
- B) Сынап төмен температура кезінде қатады, сондықтан ол төмен температураны өлшеу үшін жарамсыз.
- C) Алматы шайы дәмді сапасы үшін көрмеде жақсы орын алды.
- D) Ол үздіксіз еңбегі үшін марапатталды.

64. Шарт мәнді құрылымды таңдаңыз.

- A) Суды ноль градусқа дейін мұздатсақ, мұзға айналады.
- B) Натрий жылуды жақсы өткізеді.
- C) Галографиялық әдіс әлемде кең қолданыс тапты.
- D) Атмосферасыз планетада органикалық өмір болмайды.

65. Таңдауға негізделген шарт мәнді құрылымды табыңыз.

- A) Жаңбыр басталса, біз экскурсияға бармаймыз.
- B) Бір тал кессең, он тал ек.
- C) Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боласын.
- D) Көзің ауырса, қолыңды тый.

66. Шарт мәнді құрылымды таңдаңыз.

- A) Еңбексіз мал таппайсың.
- B) Еңбек ете біл.
- C) Менің шешем еңбекқор.
- D) Еңбегің жансын.

67. Шарт мәнді сөйлемді таңдаңыз.

- A) Өрт болған жағдайда 01-ге хабарлаңыз.
- B) Орманда соңғы кезде көп өрт болады.
- C) Қоғамдық пікірдің арқасында үкімет өз шешімін өзгертті.
- D) Жоғары температурада су қатты буланады.

68. Шарт мәнді сөйлемді таңдаңыз.

- A) Қажет болған жағдайда маған хабарлас.
- B) Маған үнемі хабарласып тұр.
- C) Хабарласып жүргенің жақсы.
- D) Жиі хабарласқаның дұрыс.

69. Болымсыз мағыналы құрылымды таңдаңыз.

- A) Ұлттық кітапханада болдым.
- B) «Думан» ойын-сауық отауында әлі болған жоқпын.
- C) Жазда Алматыда болдыңыз ба?
- D) Бүгін лабораторияға бармадыңыз ба?

70. Болымсыз мағыналы сөйлемді таңдаңыз.

- A) Бүгін жауын-шашын болмады.
- B) Ертең қар түседі.
- C) Кітап оқуға уақыт таптым.
- D) Жақсы кітаптар жинау керек.

71. Болымсыз мағыналы сөйлемді таңдаңыз.

- A) Менің ешкімге өкпем жоқ.
- B) Ол кеше ренжіп отырған.
- C) Көп ренжи бермеңіз, ауырып қаласыз.
- D) Ол ағасына өкпеледі.

72. Болымсыз мағыналы сөйлемді таңдаңыз.

- A) Мен бірде бір есепті шығара алмадым.
- B) Мен күнде осы сабақты қайталайтынмын.
- C) Сабақты үнемі қайталау керек.
- D) Сен үнемі кешігіп жүресің.

73. Болымсыз мағыналы сөйлемді табыңыз.

- A) Мен Астанаға жиі барамын.
- B) Сіздің үйіңізді ұзақ іздедім, себебі бір рет те көрген емеспін.
- C) Сіздің үйіңізді жақсы білемін.
- D) Үй қай көшеде?

74. Болымсыз мағыналы сөйлемді табыңыз.

- A) Шынымды айтсам, мен оны танымадым.
- B) Мен ол кісіні жақсы білемін.
- C) Жақсы танитын болсаң хабарласшы.
- D) Осы қалада менің таныстарым көп.

75. Болымсыздық күшейтілген сөйлемді табыңыз.

- A) Ол ешқашан ешкіммен өзінің қайғысын бөліспеді.
- B) Ол ағасына ұқсамайды.
- C) Кешіккеніме ренжімедіңіз бе?
- D) Сізге кедергі жасаған жоқпын ба?

76. Болымсыз мағыналы сөйлемді табыңыз.

- A) Ол емтиханнан басқа ештеңе ойламайды.
- B) Мен емтиханды жақсы тапсырдым.
- C) Қысқы сессия жақсы аяқталды.
- D) Демалыста ауылға барамын.

77. Болымсыздық күшейтілген сөйлемді табыңыз.

- A) Ол ағасына ұқсай ма?
- B) Мүлдем ұқсамайды.
- C) Мен шешеме ұқсаймын.
- D) Інім әкесіне ұқсайды.

78. Дұрыс жауабын таңдаңыз

Мен бүгін ... хабарласпадым.

- A) ешкім
- B) ешкіммен
- C) кіммен

79. Дұрыс жауабын таңдаңыз

- A) Мәжілісте сөйлеген сөзі ұнамады.
- B) ешкім
- C) ешкімнің
- D) ешкімге
- E) кім

80. Сөйлемді жалғастырыңыз.

Мен бүгін жұмысты аяқтауға тырыстым, ертеңге

- A) қалдырдым
- B) қалдырамын
- C) қалдырмақпын
- D) қалдырмадым

81. Сөйлемді жалғастырыңыз.

Жаз айларын мен Алматыда өткіздім, ешқайда.....

- A) кету
- B) кетпедім
- C) кеттім
- D) кетпе

82. Дұрыс жауабын таңдаңыз

Кеше мен күні бойы демалдым, ештеңе

- A) істемедім
- B) жұмыс істедім
- C) істеме

83. Қанша дұрыс жауап бар, соны белгілеңіз:

Мына есептер мүлдем түсініксіз, мен шығара алмадым.

- A) біреуін де
- B) біреуін
- C) бәрін де
- D) түк те
- E) барлығын да

84. Қанша дұрыс жауап бар, соны белгілеңіз:

Ол барлық сұраққа дұрыс жауап берді ме? Жоқ, ... жауап бермеді.

- A) бәріне
- B) бірде біреуіне
- C) біреуіне де
- D) ешқайсысына да
- E) ешкімге

85. Сөйлемді аяқтаңыз.

Мен сіздің үйіңізді ұзақ іздедім, себебі....

- A) бірнеше рет болғанмын
- B) бір рет те болмағанмын
- C) жақсы білемін
- D) есімде жақсы сақталған

86. Сәйкесін таңдаңыз.

Ол ағасына тіпті ұқсамайды.

- A) Иә, ол ұқсамайды
- B) Мүлдем
- C) Егіздің сыңарындай
- D) Егіз қозыдай

87. Сәйкесін таңдаңыз.

Ол достарынан ... ешкіммен араласпайды.

- A) басқа
- B) бәріне
- C) барлығына
- D) ешкімге

88. Сәйкесін таңдаңыз.

Ол тек өзіне ғана сенеді, өзінен сенбейді.

- A) басқа
- B) басқаға
- C) әркімге
- D) ешкімге

89. Сәйкесін таңдаңыз.

Оған Дастаннан ешкім ұнамайды.

- A) басқаға
- B) басқа
- C) адамдар
- D) басқалар

90. Қанша дұрыс жауап бар, таңдаңыз.

- A) Менің таныстарымның футболда жоқ. Бұлар қайда жүр екен?
- B) ешқандай
- C) ешқайсысы
- D) ешкім
- E) біреуі де

91. Берілген жауапқа сәйкесін таңдаңыз.

– Сіз келесі жылға көп журналға жазылдыңыз ба?

– Жоқ, ешқандай журналға жазылмадым.

- A) Бір де бір журналға жазылмадым
- B) Бір журналға жазылдым
- C) Біреуіне жазылдым
- D) Бірнешеуіне жазылмадым

92. Берілген жауапқа сәйкес жауап таңдаңыз.

– Бұл оқиға баяғыда болды ма?

– Баяғыда. Сен әлі ол кезде дүниеге келген жоқсың.

- A) Ертеде болған, сен әлі туылмағансың
- B) Ертеде, сен бұл өмірде барсың
- C) Ертеде, сен туылған кезде
- D) Сенің туған күніңде

93. Қарсылық мәнді құрылымды таңдаңыз.

- A) Оның жұмысы көп.
- B) Оқуға да үлгіреді.
- C) Жұмысым табысты жүріп жатыр, бірақ аяқтауға ерте.
- D) Ол кезде бала болатын.

94. Қарсылықты мәнді құрылымды таңдаңыз.

- A) Қанша ауыр болса да, барлық шындықты естіген жақсырақ.
- B) Барлық шындықты да білген жақсы.
- C) Қанша ауыр әңгіме айтылды.
- D) Шындықты білгені де жақсы.

95. Қарсылық мәнді құрылымды таңдаңыз.

- A) Балалар қанша жылы киінсе де, далада көп жүре алмады.
- B) Балалар жылы киінсін.
- C) Далада көп жүрмендер.
- D) Жылы киінгені де жақсы болды.

96. Мақсат мәнді сөйлемді табыңыз.

- A) Мен досыма хабарластым.
- B) Менен сәлем айт.
- C) Бір мәліметті сұрау үшін Айжанға хабарластым.
- D) Айжан жаңа мәліметтер берді.

97. Сөйлемді аяқтаңыз.

Менің кітапханаға

- A) баруым керек.
- B) барамын.
- C) баруың керек.
- D) бару керек.

98. Қажет еместілікті білдіретін сөйлемді табыңыз.

- A) Маған тек қана мөр басу керек.
- B) Сізге осы жан-жалға араласу керек пе еді?
- C) Біздің үйге қайтуыңызға тура келді.
- D) Саған достарыңа бәрін айтуыңа тура келеді.

99. Қажет еместілікті білдіретін сөйлемді табыңыз.

- A) Сізге мына кітаптарды алып керегі не, кітапханада да бар ғой.
- B) Бұл кітап менің үйімде де бар.
- C) Сіздің кітапханаңыз бай екен.
- D) Менің досыма осы кітаптар керек.

100. Мүмкіндік мағыналы сөйлемді табыңыз.

- A) Ол университетке түсті.
- B) Ол жақсы оқиды.
- C) Біз емтиханды жақсы тапсыра аламыз.
- D) Ол компьютердің алдында сағаттап отыр.

КІЛТІ:

1.	D	31.	C	61.	D	91.	A
2.	C	32.	A	62.	C	92.	A
3.	A	33.	B	63.	B	93.	C
4.	B	34.	D	64.	A	94.	A
5.	A	35.	C	65.	A	95.	A
6.	C	36.	B	66.	A	96.	C
7.	C	37.	C	67.	A	97.	A
8.	B	38.	A	68.	A	98.	B
9.	D	39.	B	69.	B	99.	A
10.	B	40.	C	70.	A	100.	C
11.	C	41.	D	71.	A		
12.	A	42.	A	72.	A		
13.	A	43.	A	73.	B		
14.	D	44.	D	74.	A		
15.	A	45.	B	75.	A		
16.	D	46.	A	76.	C		
17.	B	47.	B	77.	C		
18.	A	48.	C	78.	B		
19.	A	49.	A	79.	C		
20.	B	50.	D	80.	D		
21.	A	51.	B	81.	B		
22.	A	52.	C	82.	A		
23.	D	53.	A	83.	A, B, C, D, E		
24.	B	54.	C	84.	A, B, C, D		
25.	A	55.	A	85.	B		
26.	D	56.	A	86.	B		
27.	A	57.	C	87.	A		
28.	B	58.	B	88.	B		
29.	B	59.	B	89.	B		
30.	B	60.	B	90.	C, E		

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР СТ 1925-2009 Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзіреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкес Қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012.
3. Қазақ тілін меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. Ортадан жоғары деңгей (B2). – Астана, 2011.
4. Күзекова З.С. Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы. – Астана, 2015.

З. Күзекова, Б. Ақбұзауова

Қазақ тілі

Ортадан жоғары деңгей. Бірінші кезең (В2.1): Оқу құралы.

Редакторы: Д. Жарылғасын

Техникалық редакторы: С. Тлемисов

Көркемдеуші дизайнер: С. Тлемисов

ISBN 978-601-7820-30-5



9

7 8 6 0 1 7 8 2 0 3 0 5

Басуға 31.08.2018 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x84_{1/8}. Офсеттік басылым. Шартты б.т. 17

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 00960

«Сенім» Жамбыл баспа орталығы ЖШС-нде басылды.

080012, Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 22